

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТУРИСТІК БІЛІМ БЕРУ
СОВРЕМЕННОЕ ТУРИСТСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**



Е.С. Никитинский

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТУРИСТІК ҚҰҚЫҒЫ**

**ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІҢ ЖИНАҒЫ**

**КАЗАХСТАНСКОЕ
ТУРИСТСКОЕ ПРАВО**

**СБОРНИК НОРМАТИВНЫХ ПРАВОВЫХ АКТОВ
В СФЕРЕ ТУРИЗМА**

**Астана
2009**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ КОМИТЕТІ**

Е.С. Никитинский

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ТУРИСТТІК
ҚҰҚЫҒЫ**

**Туризм саласындағы нормативтік құқықтық
актілердің жинағы**

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИСТТІК ҚҰҚЫҚ

Құрастырушы: Қазақстан Республикасы Туризм және Никитинский Е.С.
спорт министрлігі Туризм индустриясы
комитетінің төрағасы, доцент, п.ғ.к.

Редакциялық Қазақстан Республикасы туризм және
алқаның құрамы: спорт министрлігі Туризм индустриясы
комитетінің Құқықтық қамтамасыз
ету және лицензиялау басқармасының
бастығы

Төлебаева Г.С.

Қазақстан Республикасы Туризм және
спорт министрлігі Туризм индустрия-
сы комитетінің Құқықтық қамтамасыз
ету және лицензиялау басқармасының Мусин Д.К.
сарапшысы

Аудармашы:

Д. Құмақбай

Подготовлено к печати ТОО «МАХ»,
г. Астана, ул. Джангильдина, 16-23, тел.: 8 (7172) 32 67 24

Отпечатано в Издательско-полиграфическом центре РК КП «Дирекция
административных зданий Администрации Президента и Правительства РК»
Управления делами Президента Республики Казахстан
Астана

Объем 498 стр. Заказ № 340 Тираж 500 экз.

Астана - 2009

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	7
Халықаралық заңнама	10
1959 жылғы 15 қарашадағы Туристерге арналған кедендік жеңілдіктер туралы конвенция	10
1980 жылғы 10 қазандағы Әлемдік туризм жөніндегі Манила декларациясы	22
1985 жылғы 22 қыркүйектегі Туризм Хартиясы	32
1989 жылғы 10-14 сәуірдегі Туризм жөніндегі парламентарлық конфедерацияның Гааг декларациясы	36
1999 жылғы 1 қазандағы Туризмнің ғаламдық этикалық кодексі	41
2001 жылғы 1 қазандағы Осака мыңжылдық декларациясы	49
Қазақстан Республикасының Кодекстері	53
1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 (үзінді) Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (негізгі бөлім)	53
2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 (үзінді) Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі (шығару)	53
2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV (үзінді) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)	54
2003 жылғы 8 шілдедегі № 477 (үзінді) Қазақстан Республикасының Орман кодексі	57
2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Қазақстан Республикасының Су кодексі (үзінді)	60
2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV (үзінді) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі	60
2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 (үзінді) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі	61
Қазақстан Республикасының Заңдары	62
«Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі №156 Заңы (үзінді)	62
«Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2335 Заңы (үзінді)	74
«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №204 Заңы (үзінді)	75
«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 Заңы (үзінді)	76
«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Заңы (үзінді)	89

«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 7 наурыздағы № 299 Заңы (үзінді)	92
«Туроператордың және турагенттердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 31 желтоқсандағы №513 Заңы (үзінді)	92
«Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі № 574 Заңы (үзінді)	102
«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңы (үзінді)	103
«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы №124 Заңы (үзінді, тек қосымшасы)	103
«Ерекше қорғаулатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі №175 Заңы (үзінді)	104
«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы №214 Заңы (үзінді)	115
Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары	116
«Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы №231 Жарлығы	116
«Бұрабай» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 512 Жарлығы.	144
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары	147
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы № 136 қаулы- сымен бекітілген Шет елдіктердің Қазақстанға келуі және болуы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан шығу ережесі (үзінді)	147
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 мамырдағы № 450 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында апатқа ұшыраған туристерге қажетті көмек көрсететін арнайы қызметтердің тізбесі (үзінді)	148
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы № 1286 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қорының телімдерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарға пайдаланудың ережесі	149
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы №1063 қаулысымен бекітілген реттелме туризм мен рекреацияны жүзеге асыру үшін мемлекеттік ұлттық табиғи парктар аумағындағы учаскелерін жер жалға беру ережесі	151
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 желтоқсандағы № 1181 қаулысымен бекітілген «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді салуға конкурстар өткізу ережесі	153
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 481 қаулысымен бекітілген Туроператорлық, турагенттік қызметті, туризм нұсқаушысы көрсететін қойылатын біліктілік талаптары	157

«Бұрабай» арнайы экономикалық аймағының қызметін қамтамасыз ету шаралары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы № 632 қаулысымен бекітілген.	163
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 сәуірдегі № 366 қаулысымен бекітілген Заңды жеке және тұлғалардың астана аумағында сауда, ойын-сауық, қонақ үй, медициналық және өзгеде қызметтер көрсету ережесі (үзінді)	164
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қыркүйектегі № 878 қаулысымен бекітілген Туризм саласындағы мамандарды даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға қойылатын жалпы талаптар	165
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы № 957 қаулысымен бекітілген. Туристік қызмет көрсетудің арналған үлгі шарты	166
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қазандағы № 958 қаулысымен бекітілген Туристік қызмет көрсету ережесі	170
«Менің Отаным - Қазақстан» республикалық туристік экспедициясын (туристік жорығын) ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы № 61 қаулысымен бекітілген	173
Мемлекеттік органдардың нормативті-құқықтық актілері	177
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 24 желтоқсандағы № 08-1/77 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы № 806 бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының визалар беру тәртібі туралы нұсқаулық	177
Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі № 171 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың жекелеген санаттарын кеден бажын салудан басау тәртібі туралы нұсқаулық (үзінді)	179
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 30 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген Тұрақты емес ұшуларды орындауға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту ережесі	181
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі № 215, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 08-1/93 және Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 14 сәуірдегі № 35-п бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасына шет елдіктердің келуі мен болуы ережесін қолдану, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан шығуы және Қазақстан Республикасының аумағындағы шет елдіктердің заңсыз миграциясының алдын алу және болдырмау жөніндегі ішкі істер органдарының оперативтік шұғыл қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (үзінді)	182
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 3 наурыздағы №06-2-2/73 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 1 наурыздағы №203 бірлескен бұйрығымен бекітілген Барлық туристік инфрақұрылым объектілерінде мүгедек туристердің демалысын қамтамасыз ету үшін техникалық және санитарлық жағдайларды сақтау нормалары мен талаптары.	188

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 наурыздағы № 06-2-2/77 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан саяхатшысы» белгісін алу ережесі	193
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы №122-І бұйрығымен бекітілген теміржол көлігімен жолаушыларды, жүктерін және тасымалдау ережесі (үзінді).	196
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі 2005 жылғы 28 маусымдағы № 224-І бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының ішкі су жолдары бойынша жолаушыларды, және жүктерді тасымалдау, жүктерді есебін алу мен оларды есептеу ережесі (үзінді).	198
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2005 жылғы 7 желтоқсандағы № 272 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында шет елдіктердің қатысуымен әуесқойлық (спорттық) аң аулауды ұйымдастыру ережесі (үзінді).	199
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 2 ақпандағы № 44 бұйрығымен бекітілген Жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу ережесі (үзінді).	200
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 9 ақпандағы № 56 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік ұлттық табиғи паркілерінің аумағындағы реттелмелі туризм мен рекреация ережесі.	201
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі м.а. 2008 жылғы 23 қазандағы № 01-08/180 бұйрығымен бекітілген Туристік қызметті жүзеге асыратын және мемлекеттік тіркелімін және ережесі.	207
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі м.а. 2008 жылғы 23 қазандағы № 01-08/181 бұйрығымен бекітілген Туристік қызмет саласындағы мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру ережесі	211
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2008 жылғы 11 қарашадағы № 01-08/200 бұйрығымен бекітілген Туристерді орналастыру орындарын сыныптау ережесі	213

АЛҒЫСӨЗ

Қазақстандағы туристік қызметтің құқықтық негіздері

Қазақстандық туристік құқық – бұл туристік саланың қалыптасу кезеңдері мен туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытумен байланысты туристік қызмет саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды қамтыған заң ғылымының жаңа бағыты.

Дүниежүзілік туристік индустрия көптеген жүзжылдықтарда дамыды. Экономиканың осы секторын дамытуда табыстарға жеткен жетекші елдер туризм саласындағы қатынастарды басқару мен реттеуде, соның ішінде ең бастысы заңдық құралдар арқылы мол тәжірибе жинақтады. Осыған байланысты біздің елімізде заң актілерін әзірлеуде АҚШ-тың, Германияның, Италияның, Францияның, Бельгияның, Финляндияның, Швецияның, сондай-ақ Украинаның, Беларусь Республикасы мен Ресей Федерациясының туризм саласындағы нормативтік құқықтық базасы мен заңдарына терең талдау жасалды.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, тәуелсіздік алған жылдар ішінде Қазақстан Республикасында туристік саланың нормативтік-құқықтық базасы жасалып, ол жылдан жылға жетілдірілу үстінде. «Туризм туралы» алғашқы заңды 1992 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдады. Онда түсінік аппараты негізінде туризм туралы, аталған қызмет пен туризм саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган арасында туындайтын қоғамдық қатынастар туралы жалпы қабылданған декларативтік нормалар болды.

2000 жылы экономикалық реформалардың жүргізілуімен және рыноктық қатынастардың қарқынды дамуымен уақыттың ағымына, халықаралық стандарттарға және әлемдік туристік қызмет тәжірибесінде қалыптасқан жағдайларға жауап беретін жаңа Заң қабылдаудың қажеттілігі туындады.

«Туристік қызмет туралы» Заңның қабылдануы «Туризм туралы» Заңның көптеген нормаларының моральдық тұрғыда ескіруімен байланысты болды, қолданыстағы заңнамамен келіспеді және ең бастысы жаңа экономикалық жағдайда нормативтік-құқықтық базаны дамытуға мүмкіндік бермеді.

Отандық туризмді әлемдік рынокқа шығару және туристік заңнаманы одан әрі жетілдіру үшін әлемдік туристік қоғамдастықтың мақұлдап, орындауға қабылдаған халықаралық ережелері мен нормаларын, ұсынымдарын ескеру және сақтау қажет еді. Соның ішінде біз үшін 1985 жылы Дүниежүзілік Туристік Ұйымның Бас ассамблеясының VI сессиясында қабылданған Туризм хартиясы мен 1999 жылы Дүниежүзілік Туристік Ұйымның Бас ассамблеясының XIII сессиясында қабылданған Туризмнің ғаламдық этикалық кодексі аса маңызды болып саналады.

Біздің еліміздің қолданыстағы заңнамасына қағысты халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, заңда туристік саланы дамытуға аса қажет мәселелер бекітілді, атап айтқанда:

- туризмді мемлекеттік реттеу; қалыптасу ерекшеліктері, туристік өнімді жылжыту және іске асыру, туристік ресурстар, туристік фирмалардың өз тұтынушылары алдындағы жауапкершілігі, туристер қоғамдық бірлестіктері мен туристік қызмет көрсететін субъектілердің қызметі, туризм саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сонымен қатар, көрсетілетін қызмет сапасына туристік ұйымдардың жауапкершілігін арттыру үшін туроператорлық және турагенттік қызметті лицензиялау институты енгізілді.

2001 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңы алғаш рет туризмді ел экономикасының бір саласы ретінде айқындап берді. Онда жеке базаны дамытатын, шығу және ішкі туризмді ұйымдастыру жөніндегі қызметті кеңейтетін туристік қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың нормалары қарастырылған.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңын дамыту және турагенттер мен туроператордың өздерінің кәсіби қызметінде келтіруі мүмкін залалдың

нәтижесіндегі туристердің мүліктік және өзге де мүдделерін қорғау мақсатында 2004 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының «Туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заң қолданысқан енді.

Аталған заңнамалық акті туроператорлар мен турагенттерге туристік қызмет көрсету үшін жасалған шарттарда туындаған міндеттемелері бойынша өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды міндеттейді. Заң, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің «Сақтандыру қызметі туралы» ережені іске асырып, сақтандырудың жана сыныбын белгіледі. Міндетті сақтандырудың енгізілуі туристік ұйымдардың өз қызметінде тұрақтылықты сақтауына, туристің мүддесін қорғауға, ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға қажетті экономикалық қызығушылықты айқындауға мүмкіндік берді. Заң міндетті сақтандыру шарттары бойынша тараптардың құқықтық қатынастарын, туроператор мен турагенттің жауапкершілігін бекітті, сақтандыру сыйақысының мөлшерін, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін айқындады.

Сонымен бірге, соңғы сегіз жылда республикамызда әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар өзгерді, туристік индустрия секторы жеті шикізатсыз кластердің ішінде дамудың экономикалық басымдықтарының бірі ретінде айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің туризм саласына айқындаған аса маңызды міндеттерінің бірі - Қазақстанды Орталық Азия өңіріндегі туризм орталығына айналдыру. Бұл жағдайда туристік қызметті реттеудің құқықтық тетігі барынша маңызды болып саналады.

Алдағы он жылда Қазақстан туризмін аса тартымды әрі жоғары табыс түсіретін салаға айналдыру міндеті тұр. Ол үшін бүкіл елімізде инфрақұрылымды дамытып, туристік индустрияның заманауи объектілерін салу қажет.

Туристік қызметтің мемлекеттік реттеу құралдары мен әдістерін жетілдіру, туризмді тұрақты әрі қарқынды дамытуды қамтамасыз ету, туристік қызметті пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында «Туристік қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы әзірленіп, 2008 жылғы маусымда қабылданды.

Аталған Заңға сәйкес туристік сала – экономиканың саласы, оның негізгі қызметі туристік қызмет көрсету, туристік өнім жасау, оны жылжыту және ішкі және халықаралық рынокта іске асыру болып табылады.

Заңның «Негізгі ережелерінде» оның түсінік аппараты кеңейтілген. Қолданыстағы заңда туристік қызметтің субъектілері мен объектілері, туристік индустрия, туристік ресурстар анықталған, туризмнің ұйымдық нысандары мен түрлеріне, туристік индустриядағы көрсетілетін қызметтердің экспорты мен импортына түсініктеме берілген.

Туристік қызметті мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, туристік қызметті жүзеге асырудың мақсаттарына, қағида тарты мен міндеттеріне толық жауап беретін жана көзқарасты талап етеді. Соған сәйкес Заң туристік қызметті мемлекеттік реттеудің қағида тарты мен, мақсаттарын, басым бағыттарын және тәсілдерін, сондай-ақ саланы мемлекеттік қолдау шараларын айқындайды. Сондай-ақ, туризмді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты айқындау және іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің, туристік индустрияны дамытудың стратегиясын, мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды іске асыру жөніндегі туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын және үйлестіруді жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) құзыретін айқындайды.

Жана Заң туристік қызметті ұйымдастыру мәселелерін реттейді. Қазақстан Республикасындағы лицензиялау туралы заңнамаға сәйкес туроператорлық,

турагенттік қызметтер, туризм нұсқаушысының қызметі лицензияланады. Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында туристік қызметті лицензиялау қажет. Туроператорлар мен турагенттер лицензия алу үшін туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауы қажет. Осы Заңда туристерді орналастыру орындарының сыныптамаcы бойынша нормалар көзделген, ол туристер легін және барлық туризм түрлерінен түсетін кірістерді арттыруға жәрдем көрсету мақсатында аттестациялануға тиіс. Турист пен туристік ұйым арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу үшін туристік қызметтер көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен үлгі шартқа сәйкес шарт негізінде жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Туристік өнімді тұтынушы ретінде туристің мүддесін қорғау үшін заңда саяхат жасаған кезде туристің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, сондай-ақ туристік қызметті жүзеге асырудағы сақтандыру мәселелері қамтылған. Заңда Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының орындалуын бақылауға қатысты нормалар жазылған.

Ұсынылып отырған жинақта туристік ұйымдардың салықтық тәртібін, олардың әкімшілік жауапкершілігінің негіздемесін, туристік мақсаттарға мемлекеттік орман қорының телімдерін және су объектілерін пайдалану мәселелерін, туристік бағыттарды әзірлеуде және халықтың көпшілік тынығын орындарын ұйымдастыруда экологиялық қауіпсіздік мәселелерін, туризмді дамытуға арналған бюджет шығыстарын, көші-қон мәселелерін, демалыс пен туризмді ұйымдастыруға арналған елді мекендердің рекреациялық аймақтарын, көлікпен жолаушыларды және олардың жүгін тасымалдауды, туризмді дамыту мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалануды, туристік қызмет саласын лицензиялауды реттейтін заңнамалық актілерден үзінділер берілді.

Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының заңнамалық актілерін іске асыру үшін туристік қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Жинаққа енгізілген нормативтік құқықтық актілер Қазақстанның туристік индустриясын қалыптастыру мен дамытудың құқықтық негізі болып табылады.

Туристік қызметтің құқықтық негіздерін оқып, үйрену туризм саласының мамандарына өте қажет, себебі құқық саласында білімінің болуы және оны жұмыс бабында тиісінше пайдалану олардың кәсіби қызметінің негізгі шарттарының бірі.

Сондықтан да туризм саласындағы мамандарды құқықтық қамтамасыз ету үшін осы жинақты шығару қажет болды.

Е.С. Никитинский

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

ТУРИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН КЕДЕНДІК ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ (1959 жылғы 15 қараша)

Уағдаласушы тараптар халықаралық туризмді дамытуды жеңілдету үшін конвенция жасауға шешім қабылдады және төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Конвенцияда:

а) «әкету баж салығы мен салықтар» деген сөздер тек қана кедендік баждарды білдірмейді, сонымен бірге әкетумен байланысты алынатын барлық баж салықтары мен салықтарды білдіреді;

б) адамның нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне қарамастан, қандай да бір Уағдаласушы Мемлекеттің аумағына келетін кез келген тұлғаны «турист» деген сөзбен атайды, сонымен бірге осы тұлға тұратын мемлекетте, кемінде жиырма төрт сағат немесе кез келген он екі кезек ішінде алты айдан көп уақыт тек иммиграциядан басқа, рұқсат етілген туризм, оқу, сауық құру, спорт немесе емделу, немесе отбасылық жағдаймен, немесе оқу, діни зиярат ету, немесе іскерлік мақсатта болатын адам «турист» деп аталады;

в) «әкетуге уақытша рұқсат беру» деген сөз егер уақытша әкелген зат қайтадан әкетілмейтін болса өндіріп алуға жататын затқа кепілдік беретін немесе әкететін баж салығы мен салықтардың депозитін білдіретін кедендік құжат.

2-бап

1. Бұл осы Конвенцияда көзделген басқа да шарттарды бұзбайтындықтан, әрбір Уағдаласушы Мемлекет туристердің жеке пайдаланатын заттарына әкету бажы мен салықты салмай-ақ уақытша әкетуге рұқсат береді, егер олар сол туристің жеке өзінің пайдалануына жататын заттар болса және оны пайдалану қауіп төндірмесе және сол жеке пайдаланудағы заттарды сол турист елде қалдырып кеткеннен кейін қайтарып алатын болса.

2. «Жеке пайдаланатын заттар» деген сөз оның барған кездегі барлық жағдайларын ескере отырып, бірақ сату мақсатындағы қандай да бір тауарларды қоспағанда, туристің жеке басына қажет болатын әртүрлі киімдер және басқа да жаңа немесе ұсталған заттарды атайды.

3. Жеке пайдаланатын заттарға төменде көрсетілгендерден басқа, пайдаланылуы мүмкін мына заттар жатады: жеке зергерлік бұйымдар, он екі пластинкалы немесе бес орауышты таспасы бар бір фотокамера, екі катушкалы таспасы бар кино түсіруге арналған бір шағын камера, бір алып жүретін музыкалық аспап, бір алып жүретін он күйтабағы бар грамофон, бір дыбыс жазуға арналған алып жүретін аппарат, алып жүретін радиоқабылдағыш, бір портативті жазу машинкасы, бір палатка және бір басқа жабдық, спорттық керек-жарақ (бір балық аулауға арналған құралдардың жиынтығы, бір 50 оғы бар спорттық қару, бір двигательсіз велосипед, бір байдарка немесе ұзындығы 5/2 метрлік қайық, бір жұп шаңғы, екі теннис ракеткасы және басқа сондай заттар).

3-бап

Осы Конвенцияда көзделген басқа шарттарды бұзбайтын болғандықтан әрбір Уағдаласушы мемлекет аталған заттар табылса немесе олар туристің қолжүгінде болса және ешқандай қауіп төндірмесе, онда туристің жеке пайдалануы үшін әкелілетін келесі заттарға әкету бажы мен салықтарды салмайды:

а) 200 папирос, немесе 50 темекі, немесе 250 грамм шылым, немесе сол заттардың асортиментіне, егер жалпы салмағы 250 грамнан аспаса;

б) бір бөтелке стандарттық мөлшердегі шарап немесе бір литр спирттің төрттен бір бөлігі;

в) бір литр иіс судың төрттен бір бөлігі немесе аз мөлшердегі әтір.

4-бап

Осы Конвенцияда көзделген басқа шарттарды бұзбайтын болғандықтан әрбір Уағдаласушы мемлекет туристке оны пайдалану қауіп тудырмайтын болса:

а) егер мұндай кәдесыйлар туристің өзінде болса немесе оның қол жүгінде жатса, және ол сату мақсатындағы зат болмаса, онда 50 АҚШ долларынан аспайтын жалпы сомда жол кәдесыйларын әкетуге уақытша рұқсатсыз әкету үшін транзитке рұқсат береді;

б) валюталық бақылауға жататын рәсімдерді сақтаусыз және туристің сол елде са-тып алған жалпы сомасы 100 АҚШ долларынан аспайтын жол кәдесыйларын әкетуге баж салынбай-ақ рұқсат етіледі, егер мұндай кәдесыйлар туристің өзінде болса не-месе оның қол жүгінде жатса және ол сату мақсатында болмаса;

5-бап

Әрбір Уағдаласушы Мемлекет құндылығы жоғары жоғарыда көрсетілген баптағы 2 затқа қатысты әкетуге уақытша рұқсатты талап етуі мүмкін.

6-бап

Уағдаласушы Мемлекет халықаралық туризмді дамытуға кедергі келтіруі мүмкін мұндай кедендік тәртіп енгізеудің шараларын қабылдайды.

7-бап

Аралас Уағдаласушы Мемлекеттер өздерінің кедендік қосындары бір-біріне жақын орналасқандықтан және оларды сол және дәл сондай сағаттарда ашық ұстауы үшін кедендік рәсімдерді жеделдетудің шараларын қабылдайды.

8-бап

Осы Конвенцияның қаулысы қару, оқ-дәрі әкетуге, оны иеленуге және алып жүруге қатысты полицейлердің және басқа да ережелердің қолдануына кедергі бола алмайды.

9-бап

Әрбір Уағдаласушы Мемлекет-осы Конвенцияда жеңілдіктермен белгіленген қандай да бір заттарды әкетуге немесе әкелуге салынатын кез келген тыйымдарды мойындайды, себебі ол экономикалық сипаттан басқа жағдайда, атап айтқанда қоғамдағы адамгершілік, қоғамдық қауіпсіздік, халықтың денсаулығы, тазалық, ве-теринария немесе фитопатологияға қатысты болса қолданады.

10-бап

Осы Конвенцияда көзделген жеңілдіктер мен тәркілеудің шекара маңындағы саудаға қатысы жоқ.

Сонымен бірге бұл жеңілдіктер мен алып қалу мына жағдайларда өздігінен қолданылмайды:

а) егер туристің алып келген тауарының жалпы саны осы Конвенцияда белгіленген шектен едәуір асып кетсе;

б) егер әкелетін елге турист айына бір реттен көп келетін болса;

в) егер туристің жасы 17 жасқа жетпесе.

ды, бұл жағдайда ратификациялық грамота немесе қайта қосылу туралы грамота, немесе себебіне қатысты 19-баптың негізіндегі жазбаша хабарлама сол мемлекетке қатысты бас тарту түскен күннен бастап күшіне енеді. Қандай себебіне байланысты мұндай бас тартуға дейін грамота немесе жазбаша хабарламаның күші болмайды, тек аталған түсініктеме 4-тармақтың қаулысын қолданғаннан кейін болмаса.

6. Бас хатшыны кез келген уақытта жазбаша хабарлау арқылы осы бапқа сәйкес қабылданған түсініктемелерден бас тартуға болады.

7. Қандай да бір Уағдаласушы мемлекеттің түсініктеме жасаған қандай да бір мемлекетке осы түсініктемеге қатысты қаулылардан туындайтын артықшылықтарды таратуға құқы жоқ. Осындай құқықты пайдаланған қандай да бір мемлекет Бас хатшыны жазбаша хабарлар етуі қажет, ал ол болса осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер мен Уағдаласушы Мемлекеттерге осы шешімді жеткізуі қажет.

21-бап

1. Екі немесе бірнеше Уағдаласушы Мемлекеттер арасындағы осы Конвенцияны қолдану немесе түсіндіру туралы туындаған кез келген даулы мәселелер олардың арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

2. Келіссөздер арқылы шешілмеген кез келген дау егер сол дауға қатысатын қандай да бір Уағдаласушы Мемлекет соны талап етсе, дауға қатысушы мемлекеттердің арасындағы келісім бойынша арбитражға және тиісінше бір немесе бірнеше арбитражға беріледі. Егер Мемлекеттер арасындағы дауға қатысушылар арбитраж туралы талаптан кейін үш ай ішінде арбитр, немесе арбитрлар аталған дауды шешу үшін мемлекеттердің әрқайсысы Халықаралық Сот Төрағасын аталған дауды шешу үшін және шешім қабылдау үшін жалғыз арбитр тағайындауды сұрауына болады.

3. Алдыңғы тармақтың негізінде тағайындалған арбитрдың немесе арбитрлардың шешімі тиісті Уағдаласушы Мемлекеттер үшін міндетті болып табылады.

22-бап

1. Осы Конвенция үш жыл күшінде болғаннан кейін кез келген Уағдаласушы Мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының жазбаша хабарламасының негізінде осы Конвенцияны қарау үшін конференция шақыртуға құқылы. Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге осы талап туралы жазбаша хабарлама жібереді және егер Бас хатшының жазбаша хабарламасын алғаннан кейін төрт ай мерзім ішінде Уағдаласушы Мемлекеттердің тең жартысы осы талапты қолдайтындықтарын білдіріп хабарласа, онда Бас хатшы осы Конвенцияны қайта қарау туралы конференцияны шақырады.

2. Егер конференция алдыңғы тармаққа сәйкес шақырылса, онда Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді жазбаша хабарлар етеді және үш ай мерзім ішінде олардан сол конференцияның қарауына ұсынатын ұсыныстарын тапсыруға шақырады. Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге конференция ашылардан үш ай бұрын сондай ұсыныстардың мәтінімен қоса, сол конференцияның алдын ала күн тәртібін жібереді.

3. Осы бапқа сәйкес шақырылатын кез келген конференцияға Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді және басқа да Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттерді және арнайы мекемелерді шақырады.

23-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет осы Конвенцияға бір немесе бірнеше түзету енгізуі мүмкін. Кез келген ұсынылатын түзетудің мәтіні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберіледі, ол оны қалған барлық Уағдаласушы мемлекеттерге таратады.

2. Алдыңғы тармаққа сәйкес таратылған кез келген ұсынылған түзету қабылданды деп есептеледі, егер Уағдаласушы Мемлекеттердің қайсыбірі Бас хатшы ұсынған түзетуді таратқан күннен бастап алты ай мерзім ішінде өзінің қарсылығын білдірмесе.

3. Бас хатшы барынша қысқа мерзімде барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді ұсынылған түзетуге қандай да бір қарсылықтың келіп түскендігі туралы хабарлар етеді, егер ешқандай қарсылық түспесе түзету алдыңғы тармақта көрсетілген мерзімнен алты ай өткеннен кейін үш ай ішінде барлық Уағдаласушы Мемлекеттер үшін түзету күшіне енеді.

24-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттерге және Конференцияға қатысуға келген басқа барлық мемлекеттерге төмендегілер туралы хабар береді:

a) 14 және 15-бапқа сәйкес жасалған қол қою, ратификациялар және қайта қосылу туралы;

b) 16-бапқа сәйкес осы Конвенция күшіне енетін күн туралы;

c) 17-бапқа сәйкес алынған күшін жою туралы;

d) 18-бапқа сәйкес осы Конвенцияның күшін жойылды деп тану туралы;

e) 19-баптың негізінде алынған жазбаша хабарламалар туралы;

f) 23-бапқа сәйкес кез келген түзетудің күшіне енуі туралы.

25-бап

Осы Конвенцияның түпнұсқасын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы депоненттейді, ол оның қол қойып расталған көшірмелерін Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелеріне және Конференцияға қатысуға шақырылған барлық мемлекеттерге жібереді.

Төменде қол қоюшылар, жоғарыда баяндалғандарды куәландырып, және соған өкілетті ретінде осы Конвенцияға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз елу төртінші жылғы төртінші маусымда ағылшын, испан және француз тілдерінде бір данада жасалды, сонымен бірге әрқайсысының мәтіндері бірдей. Бас хатшыға осы Конвенцияның қытай және орыс тілдеріндегі ресми аудармасын дайындау және осы Конвенцияның 25-бабына сәйкес сол мемлекеттерге расталған көшірмелерді ол жіберген кезде ағылшын, испан және француз мәтіндеріне қытай және орыс тілдеріндегі мәтіндерді қоса жіберу тапсырылады.

КСРО-ның Конвенцияға қосылуы туралы құжатты мынадай түсініктемемен 1959 жылы 17 тамызда БҰҰ Бас хатшысы депоненттеді: «Кеңестер Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі туристерге арналған кедендік жеңілдіктер туралы Конвенция түсіндіру немесе қолдану туралы даулар арбитраж арқылы шешіледі деп есептей отырып, дауды арбитраждың қарауына беру барлық дауға қатысушылардың келісімімен жүргізілетіндігін және дауға қатысушылардың жалпы келісімімен тағайындалған тұлғалар ғана арбитр бола алатындығын мәлімдейді».

Конвенция КСРО-да 1959 жылғы 15 қарашадан бастап күшіне енді.

Хабарламалық құжаттар мен жадығаттарды әкетуге қатысты туристерге арналған кедендік жеңілдіктер туралы конвенцияға қосымша хаттама

Уағдаласушы тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының Конференциясында алып жүретін жеке жол моторлы құралдарды әкелу және туристерге қатысты кедендік рәсімдер жөніндегі туристерге арналған кедендік жеңілдіктер туралы Конвенция жасау кезінде туризмге қатысты хабарламалық құжаттар мен жадығаттардың айналымын жеңілдетуді ескере отырып, төмендегідей қосымша қаулылар туралы келісті:

1-бап

Біздің Хаттамада «әкелу баж салығы мен салықтар» деген сөздер тек қана кедендік баж салығын білдірмейді, сонымен бірге әкелумен байланысты барлық алынатын баж салығы мен салықтарды білдіреді.

2- бап

Әрбір Уағдаласушы Мемлекет әкелу баж салығы мен салықтарды төлеусіз, егер олар басқа Уағдаласушы Мемлекеттен әкелсе және қауіп төндірмейтін болса, келесі заттарды әкелуге рұқсат етеді:

а) басты мақсаты жұртшылықты басқа елдерге баруға көтермелейтін, сонымен бірге бөтен елде болып жатқан мәдени, туристік, спорттық, діни және кәсіби жиындар мен шерулерге баруға үндейтін еркін таратуға арналған құжаттар (бүктемелер, брошюралар, кітаптар, журналдар, жолашарлар, жақтауы бар және жақтауы жоқ хабарландырулар, фотосуреттер және үлкейтілген жақтауы жоқ фотосуреттер, иллюстрациялы география карталары, терезеге жапсыратын баспадан шыққан ұрандар), егер бұл құжаттарда коммерциялық жеке жарнаманың мазмұны 25 пайыздан аспаса және жалпы хабарламалық мақсатта болса;

б) ресми туристік агенттіктер немесе олардың қолдауымен шығарылған шет елдік қонақ үйлердің тізімдері мен жылнамасы, егер бұл құжаттарда коммерциялық жеке жарнаманың мазмұны 25 пайыздан аспаса, онда шет елдегі көлік қызметінің кестесі;

с) ұлттық ресми туристік агенттіктер бекіткен аккредиттелген өкілдер мен тілшілерге жіберілетін, таратуға жатпайтын техникалық материалдар, яғни жылнамалар, телефон көрсеткіштері, мейманханалардың тізімі, көрмелер каталогы, жабайы әдіспен дайындалған арзан өнімдер, музейге, университеттерге, минералды сулары бар курорттарға және соған ұқсас мекемелерге қатысты құжаттар.

3-бап

4-бапта көзделген шарттарды сақтай отырып, әкелу баж салығын және басқа салықтарды төлемей-ақ, баж салығын және салықтарды төлеуге міндеттеме бермей-ақ уақытша әкелуге рұқсат етіледі немесе сол мемлекеттегі жұртшылықты және сол мемлекетте өтетін мәдени, туристік, спорттық, діни және кәсіби жиындар мен шерулерге баруды көтермелеу мақсатында төмендегі жадығаттарды қандай да бір Уағдаласушы Мемлекеттен әкелген кезде сол баж салығын және салықтарды депоненттеуге рұқсат етіледі:

а) аккредиттелген өкілдердің немесе ресми туристік агенттіктер тағайындаған тілшілердің кеңселерінде немесе әкелу елінің кедендік билік органдары мақұлдаған басқа жерлерде қоюға болатын материалдар:

- картиналар мен суреттер;
- фотосуреттер және жақтауы бар кеңейтілген фотосуреттер; өнер туралы кітаптар;
- ойма жазулар немесе литографиялар;
- мүсін шығармалар, gobелендер және соған ұқсас басқа да өнер туындылары;

б) көрме материалдары (жайма сөрелер, қалқандар және басқа да ұқсас заттар), сондай

көрмелерді пайдалану үшін қажетті электр және механикалық жабдықтарды қоса алғанда;

с) тегін көрсетуге арналған, бірақ әкеткен елінің жалпы саудасында тұрған коммерциялық жарнамаға жарайтын тақырыптан басқа деректі фильмдер, граммафон күйтабақтары, таспадағы жазбалар және басқа да дыбыс жазбалар;

д) санаулы жалаулар;

е) проекциялық шамдарға, клише, фотосуреттердің негативтеріне арналған диапозитивтер, диаграммалар, модельдер;

ф) жабайы әдіспен жасалған ұлттық өнімдер, жергілікті киімдер және басқа да халық шығармашылығының бұйымдары, үлгілері санаулы мөлшерде.

4-бап

1. 3-бапта көрсетілген жеңілдіктер мынадай жағдайда беріледі:

а) материалдарды ресми туристік агенттік немесе сондайдың филиалы болып саналатын ұлттық хабарлама туристік агенттігі жіберуі қажет. Осы Хаттаманың қосымшасында келтірілген үлгіге сәйкес толтырған әкелу елінің кедендік органдары, жіберуші агенттік берген тиісті растама ұсынылуы қажет;

б) материалдар жіберген елдің ресми ұлттық туристік агенттігінің аккредиттелген өкілі немесе аталған агенттік және әкелу елінің кедендік органдары бекіткен тілші үшін және соның жауапкершілігінде болуы қажет. Осы аккредиттелген өкіл немесе бекітілген тілші осы хаттамада көзделген шарттар орындалмаған жағдайда өндіріп алу үшін әкелу баж салығын және салықтарды төлеу үшін жауапты болады;

в) әкелінген материалдар қайтадан оны әкелген агенттіктен өзгеріссіз кері әкелілуі қажет. Егер уақытша баж салығынсыз рұқсатпен әкелінген материалдар кедендік органдар белгілеген шарттарға сәйкес жойылған болса, онда импорттаушы оларды әкету міндетінен босатылады.

2. Уақытша баж салығынсыз әкелу құқығы он екі айдан аспайтын мерзімге беріледі.

5-бап

Уағдаласушы Мемлекеттер алдау, бұзушылық немесе асыра пайдаланушылық орын алған жағдайда тиісті әкету баждары мен салықтар салуға қатысты шаралар қабылдауы мүмкін, жеңілдіктер пайдаланған тұлғаларға қатысты кез келген жаза белгілеуі мүмкін.

6-бап

Осы Хаттаманың кез келген қаулысын бұзу, кез келгенін ауыстыру, жалған мәліметтер немесе актілер беру, соның нәтижесінде қандай да бір тұлға немесе қандай да бір зат осы Хаттамада белгіленген әкету жүйесінен туындайтын басқа артықшылықтарды иеленсе, онда бұзушылыққа жол берген сол елге сол елдің заңдарында көзделген жаза белгілеуге негіз болып табылады.

7-бап

1. Уағдаласушы Мемлекеттер осы Хаттамада жазылған материалдарға қатысты экономикалық сипатта тыйым салмауға және қолданыста қалған мұндай тыйымдарды бірте-бірте тоқтатуға міндеттенеді.

2. Осы Хаттаманың қаулылары, алайда кейбір заттарды әкелуге қатысты заңдар мен ережелерді қолдануға, егер мұндай заңдармен және ережелермен қоғамдық адамгершілік, қоғамдық қауіпсіздік, халық денсаулығы немесе тазалықпен негізделген тыйымдар салынатын болса, онда кедергі болмайды.

8-бап

1. Осы Хаттама 1954 жылдың 31 желтоқсанынан бастап жеке моторлы жолдағы құралдарды уақытша алып жүруде және бұдан әрі «Конференция» деп аталатын 1954 жылғы мамыр және маусымдағы Нью-Йоркте өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының кон-

ференциясына шақырылған Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі - кез келген мемлекет және кез келген мемлекет атынан кедендік рәсімдері бойынша қол қою үшін ашылған.

2. Осы Хаттама ратификациялауға жатады және ратификацияланған грамоталар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына беріледі.

9-бап

1. 1955 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Хаттама 8-бапта көрсетілген кез келген мемлекеттің қайта қосылуы және Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесінен тиісті шақыру алған кез келген мемлекет үшін ашылған.

Ол сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы олар үшін басқару билігі болып табылатын кез келген қол астындағы аумақтың атынан қайта қосылу үшін ашық.

2. Қайта қосылу бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысы қайта қосылу туралы грамотаны депоненттеу жүргізеді.

10-бап

1. Осы Хаттама бесінші ратификациялық грамота немесе 14-бапқа сәйкес қабылданған түсініктемелерсіз және түсіндірмелермен қайта қосылу туралы грамоталар берілгеннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Хаттаманы ратификациялайтын немесе бесінші ратификациялық грамота немесе алдыңғы тармаққа сәйкес қайта қосылу туралы грамоталар берілгеннен кейін оған қосылатын әрбір Мемлекет үшін осы Хаттама бесінші ратификациялық грамота немесе 14-бапқа сәйкес қабылданған түсініктемелерсіз және түсіндірмелермен қайта қосылу туралы грамоталар берілгеннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

11-бап

1. Осы Хаттама үш жыл күшінде болғаннан кейін кез келген Уағдаласушы Мемлекет бұл жайында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлай отырып, оның күшін жояды.

2. Құжаттың күшін жою Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы сол туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін он бес айдан кейін күшіне енеді.

12-бап

Осы Хаттама күшінен енгеннен кейін он екі айлық толық кезеңнің ішінде Уағдаласушы Мемлекеттердің саны екеуден кем болса, өзінің күшін жояды.

13-бап

1. Әрбір мемлекет өзінің ратификациялық грамотасын немесе қайта қосылу туралы грамотасын депоненттеу кезінде немесе содан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлау арқылы кез келген уақытта осы хаттаманың барлық аумақтарға немесе жауапты халықаралық қатынастар үшін жауапты қандай да бір аумаққа қатысты деп жариялайды. Осы Хаттамада көрсетілген жазбаша хабарламада аталған аумақтарға таратылады. Бас хатшының осы жазбаша хабарламаны алған күнінен кейін тоқсаныншы күннен бастап егер оның түсіндірмесі болмаса немесе 14-бапқа сәйкес хабарлама түскен күннен кейін тоқсан күн өткен соң немесе қандай күн соңынан басталатындығына байланысты тиісті мемлекет үшін осы Хаттама күшіне енген күннен бастап таратылады.

2. Осы Хаттаманы өзі жауапты халықаралық қатынастар үшін жауапты қандай да бір аумаққа тарату туралы алдыңғы тармақтың негізінде жазбаша хабарлама жасаған әрбір мемлекет сол аумаққа қатысты қатынастарды 11-баптың қаулысына сәйкес жеке осы Хаттаманың күшін жоя алады.

14-бап

1. Осы Хаттамаға Қорытынды актіге қол қойылғанға дейін жасалған түсініктемелер, егер олар Конференцияға қатысушылардың көпшілігімен қабылданса және Қорытынды актіге жазылса, қабылданды деп есептеледі.

2. Егер осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттердің немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің үштен бірі төменде көрсетілгендей қарсылық білдірсе, Қорытынды актіге қол қойылғаннан кейін жасалған түсініктемелер қабылданбайды.

3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына қандай да бір мемлекеттің ұсынған кез келген түсініктемесінің мәтіні қол қою, ратификациялық грамоталарды немесе қайта қосылу туралы грамотаны депоненттеу кезінде, немесе 13-баптың негізінде кез келген жазбаша хабарлау кезінде Бас Хатшы барлық мемлекеттерге таратады, олар сол кезде осы Хаттаманы ратификациялайды немесе оған қайта қосылады. Таратылғаннан кейін тоқсан күн ішінде сол мемлекеттердің үштен бірі қарсылығын білдірсе, бұл түсініктеме қабылданды деп саналмайды. Бас хатшы осы тармақта көрсетілген барлық мемлекеттерді оның қарсылықты алғаны, сондай-ақ сол түсініктеменің қабылданғаны немесе қайтарылғаны туралы жазбаша хабарлар етеді.

4. Осы Хаттамаға қол қойған, бірақ ратификацияламаған мемлекеттер тарапынан болған қарсылық, егер ол сол қарсылығын тоғыз айлық мерзім ішінде осы Хаттаманы ратификациялайтын болса, қарсылықтың мәні жойылады. Егер қарсылықтың мәні қандай да бір себептермен жойылса, түсініктеме алдыңғы тармақты қолдана отырып, қабылданады. Бұл жөнінде Бас хатшы көрсетілген тармақтағы аты аталған мемлекеттерге жазбаша хабарлайды. Егер бұл мемлекет оның атынан осы Хаттамаға қол қойылған күннен кейін үш жыл ішінде ратификацияламаса, онда осы Конвенцияға қол қойған қандай да бір мемлекетке алдыңғы тармаққа сәйкес ешбір түсініктеменің мәтіні жіберілмейді.

5. Түсініктеме ұсынған мемлекет тармақта көрсетілген тәртіпте сол түсініктемені қайтару туралы Бас хатшы тарапынан 3-тармақта көрсетілген жазбаша хабарламаны алғаннан кейін он екі айлық мерзім ішінде сол түсініктемеден бас тартуына болады, бұл жағдайда ратификациялық грамота немесе қайта қосылу туралы грамота, немесе себебіне қатысты 13-баптың негізіндегі жазбаша хабарлама сол мемлекетке қатысты бас тарту түскен күннен бастап күшіне енеді. Қандай себебіне байланысты мұндай бас тартуға дейін грамота немесе жазбаша хабарламаның күші болмайды, тек аталған түсініктеме 4-тармақтың қаулысын қолданғаннан кейін болмаса.

6. Бас хатшыны кез келген уақытта жазбаша хабарлау арқылы осы бапқа сәйкес қабылданған түсініктемелерден бас тартуға болады.

7. Қандай да бір Уағдаласушы Мемлекеттің түсініктеме жасаған қандай да бір мемлекетке осы түсініктемеге қатысты қаулылардан туындайтын артықшылықтарды таратуға құқы жоқ. Осындай құқықты пайдаланған қандай да бір мемлекет Бас хатшыны жазбаша хабарлар етуі қажет, ал ол болса осы Хаттамаға қол қойған мемлекеттер мен Уағдаласушы Мемлекеттерге осы шешімді жеткізуі қажет.

15-бап

1. Екі немесе бірнеше Уағдаласушы Мемлекеттер арасындағы осы Хаттаманы қолдану немесе түсіндіру туралы туындаған кез келген даулы мәселелер олардың арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

2. Келіссөздер арқылы шешілмеген кез келген дау егер сол дауға қатысатын қандай да бір Уағдаласушы Мемлекет соны талап етсе, дауға қатысушы мемлекеттердің арасындағы келісім бойынша арбитражға және тиісінше бір немесе бірнеше арбитражға беріледі. Егер мемлекеттер арасындағы дауға қатысушылар арбитраж туралы талаптан кейін үш ай ішінде арбитраж, немесе арбитраж туралы келісе алмаса, осы мемлекеттердің әрқайсысы Халықаралық Сот Төрағасын аталған дауды шешу үшін және шешім қабылдау үшін жалғыз арбитраж тағайындауды сұрауына болады.

3. Алдыңғы тармақтың негізінде тағайындалған арбитрдың немесе арбитрлардың шешімі тиісті Уағдаласушы Мемлекеттер үшін міндетті болып табылады.

16-бап

1. Осы Хаттама үш жыл күшінде болғаннан кейін кез келген Уағдаласушы Мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының жазбаша хабарламасының негізінде осы Хаттаманы қарау үшін конференция шақыртуға құқылы. Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге осы талап туралы жазбаша хабарлама жібереді және егер Бас хатшының жазбаша хабарламасын алғаннан кейін төрт ай мерзім ішінде Уағдаласушы Мемлекеттердің тең жартысы осы талапты қолдайтындықтарын білдіріп хабарласа, онда Бас хатшы осы Хаттаманы қайта қарау туралы конференцияны шақырады.

2. Егер конференция алдыңғы тармаққа сәйкес шақырылса, онда Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді жазбаша хабардар етеді және үш ай мерзім ішінде олардан сол конференцияның қарауына ұсынатын ұсыныстарын тапсыруға шақырады. Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге конференция ашылардан үш ай бұрын сондай ұсыныстардың мәтінімен қоса, сол конференцияның алдын ала күн тәртібін жібереді.

3. Осы бапқа сәйкес шақырылатын кез келген конференцияға Бас хатшы барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді және басқа да Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттерді және арнайы мекемелерді шақырады.

17-бап

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекет осы Хаттамаға бір немесе бірнеше түзету енгізуі мүмкін. Кез келген ұсынылатын түзетудің мәтіні Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберіледі, ол оны қалған барлық Уағдаласушы Мемлекеттерге таратады.

2. Алдыңғы тармаққа сәйкес таратылған кез келген ұсынылған түзету, егер Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуі Бас хатшы ұсынған түзетуді таратқан күннен бастап алты ай мерзім ішінде өзінің қарсылығын білдірмесе, қабылданды деп есептеледі.

3. Бас хатшы барынша қысқа мерзімде барлық Уағдаласушы Мемлекеттерді ұсынылған түзетуге қандай да бір қарсылықтың келіп түскендігі туралы хабардар етеді, егер ешқандай қарсылық түспесе түзету алдыңғы тармақта көрсетілген мерзімнен алты ай өткеннен кейін үш ай ішінде барлық Уағдаласушы Мемлекеттер үшін түзету күшіне енеді.

18-бап

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттерге және Конференцияға қатысуға келген басқа барлық мемлекеттерге төмендегілер туралы хабар береді:

- 8 және 9-бапқа сәйкес жасалған қол қою, ратификациялар және қайта қосылу туралы;
- 10-бапқа сәйкес осы Хаттама күшіне енгізілетін күн туралы;
- 11-бапқа сәйкес алынған күшін жою туралы;
- 12-бапқа сәйкес осы Хаттаманың күші жойылды деп тану туралы;
- 13-баптың негізінде алынған жазбаша хабарламалар туралы;
- 17-бапқа сәйкес кез келген түзетудің күшіне енуі туралы.

19-бап

Осы Хаттаманың түпнұсқасын Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы депозиттеп, қол қойып расталған көшірмелерін Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелеріне және Конференцияға қатысуға шақырылған барлық мемлекеттерге жібереді.

Төменде қол қоюшылар, жоғарыда баяндалғандарды куәландырып, және соған өкілетті ретінде осы Хаттамаға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз елу төртінші жылғы төртінші маусымда ағылшын, испан және француз тілдерінде бір данада жасалды, сонымен бірге әрқайсысының мәтіндері бірдей. Бас хатшыға осы Хаттаманың қытай және орыс тілдеріндегі ресми аудармасын дайындау және осы Хаттаманың 19-бабына сәйкес сол мемлекеттерге расталған көшірмелерді ол жіберген кезде ағылшын, испан және француз мәтіндеріне қытай және орыс тілдеріндегі мәтіндерді қоса жіберу тапсырылады.

КСРО-ның Конвенцияға қосылуы туралы құжатты мынадай түсініктемемен 1959 жылы 17 тамызда БҰҰ Бас хатшысы депоненттеді: «Кеңестер Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі туристерге арналған кедендік жеңілдіктер туралы Конвенцияның қосымша Хаттамасын түсіндіру немесе қолдану туралы даулар арбитраж арқылы шешіледі деп есептей отырып, дауды арбитраждың қарауына беру барлық дауға қатысушылардың келісімімен жүргізілетіндігін және дауға қатысушылардың жалпы келісімімен тағайындалған тұлғалар ғана арбитр бола алатындығын мәлімдейді».

Хаттама КСРО-да 1959 жылғы 15 қарашадан бастап күшіне енгізілді.

Хабарламалық құжаттар мен жадығаттарды әкетуге қатысты туристерге арналған кедендік жеңілдіктер туралы 1954 жылғы 4 маусымдағы конвенцияға қосымша хаттамаға қатысушы мемлекеттердің тізбесі (1981 жылғы 31 наурызға дейінгі жағдай бойынша)

1. Австралия	23. Куба	45. Сирия
2. Австрия	24. Ливан	46. КСРО
3. Алжир	25. Люксембург	47. Сьерра Леоне
4. Барбадос	26. Маврикий	48. Танзания
5. Бельгия	27. Малайзия	49. Тонга
6. БХР	28. Мали	50. Тринидад және Табаго
7. Ұлыбритания	29. Мальта	51. Тунис
8. ВХР	30. Марокко	52. Уганда
9. Гаити	31. Мексика	53. Фиджи
10. Гана	32. Непал	54. Филиппины
11. Грекия	33. Нигерия	55. Финляндия
12. Дания	34. Нидерланды	56. Франция
13. Египет	35. Жана Зеландия	57. ГФР
14. Израиль	36. Норвегия	58. ОАР
15. Үндістан	37. Перу	59. Чили
16. Иордания	38. ПХР	60. ЧССР
17. Иран	39. Португалия	61. Швейцария
18. Ирландия	40. Руанда	62. Швеция
19. Испания	41. РСР	63. Эквадор
20. Италия	42. Сальвадор	64. ЮСФР
21. Кипр	43. Сенегал	65. Ямайка
22. Коста-Рика	44. Сингапур	66. Жапония

ӘЛЕМДІК ТУРИЗМ ЖӨНІНДЕГІ МАНИЛА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

(Манила, 1980 жылғы 10 қазан)

А декларациясы

1980 жылы 27 қыркүйек пен 10 қазан аралығында Манилада (Филиппини) болып өткен Дүниежүзілік туристік ұйымның туризм жөніндегі Дүниежүзілік конференциясында 107 мемлекеттің және 91 қадағалаушы делегацияның қатысуымен қарқынды дамып әрі өзгеріп отырған әлемдегі атқару рөлінің барлық мағынасындағы нақты көрінісін айқындау үшін, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы елдер мен халықтар өмірінің экономикалық саласынан асып кеткен қызмет ретінде туризмді дамытудағы мемлекеттердің жауапкершілігін қарау, халықаралық жағдайды жақсартуға бағытталған барлық мемлекеттердің күш біріктіруінің арқасында халықаралық туризм бейбітшілік пен қауіпсіздік жағдайда дамитындығын ескере отырып, халықаралық ынтымақтастық пен достықты дамыту, адам құқығын сақтау, құрметтеу және барлық мемлекеттер арасындағы өзара түсіністік рухында, бүкіл дүние жүзінде әлемдік туризмнің бейбітшілікті қамтамасыз етуге себепкер болатын факторын ескере отырып, әлемдік туризмнің дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттер арасындағы экономикалық айырмашылықты қысқартуға ықпал ететін жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті орнатуға өзінің үлесін қосатындығына және экономиканың тез және қарқынды дамуың қамтамасыз ететіндігіне сене отырып, әлемдік туризмнің тек қана мемлекеттер арасындағы әділдік, тең тәуелсіздік, ішкі істеріне араласпаушылық және экономикалық және әлеуметтік жүйелеріне қарамастан олардың түпкі мақсаты барлық халықтардың адами тұрмыс жағдайын жақсарту болып табылса, жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, төмендегілерді басшылыққа алуға және жариялауға келіседі:

1. Туризм мемлекеттердің әлеуметтік, экономикалық, білім беру салаларына және халықаралық қатынастарға тікелей әсер ететін халықтардың өмірінде маңызды орын алатын қызмет ретінде түсіндіріледі. Туризмнің дамуы ұлттың әлеуметтік-экономикалық дамуымен байланысты және терең ізгілік сипаттағы адамның белсенді демалуына, тынығуына, демалысын тиімді пайдалануына және бос уақыты шеңберінде еркін саяхат жасауына қол жеткізу болып табылады. Туризмнің болуы және оны дамыту бейбітшілікті орнықты етуге және оны нығайтуға үлес қосу болып саналады.

2. 21-ші ғасырдың табалдырығында тұрған кезде және адамзат алдында болуы мүмкін проблемаларды болжай отырып, туризмді еңбекшілерге жыл сайынғы төленетін демалыс беруден бастап, оның таңдаулы адамдардың қолы жететін қызметтен кең мағынасындағы әлеуметтік-экономикалық өмірдің құрамдас бөлігіне айналған қызмет ретінде уақтылы мойындап, талдау қажет деп санаймыз.

3. Қазіргі заманғы туризм адамдардың туризмге деген ұмтылысы, мемлекеттердің заң тұрғысындағы бастамалары және мемлекеттік институттардың, халықтың әртүрлі жіктері атынан сөйлейтін қоғамдық ұйымдардың тұрақты күш біріктіруінің және арнаулы органдардың техникалық үлес қосуының арқасында адам қызметі саласында үлкен рөлге ие болды. Мемлекеттер бұл фактіні мойындады және олардың басым көпшілігі Дүниежүзілік туристік ұйымның алдына нақты жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерімен және мүдделі басқа да ұйымдармен ынтымақтастықта туризмді тұрақты және үйлесімді дамытуды қамтамасыз ету міндетін қойды.

4. Адам құқығының жалпы декларациясында еңбектену құқығының табиғи жалғасы іспетті демалу құқығы, соның ішінде еңбек демалысын алу құқығы және еркін саяхатқа, туризмге шығу құқығы танылған, сондай-ақ көптеген елдердің заңдарында адамды тұлға ретінде қалыптастырудың элементі ретінде атап көрсетілген,

Бұл қоғамның өз адамдарына нақты, тиімді және қысым жасамайтын туризмге қол жеткізу міндетін жүктейді. Мұндай жағдайлар әрбір елдің тиісті басымдықтарына, заңдарына және дәстүрлеріне сәйкес келуі қажет.

5. Туризмді дамытуда оған кедергі келтіретін көптеген факторлар бар. Елдерге және бірнеше елдер тобына сондай кедергі болатын факторларды зерттеп, анықтап, олардың жағымсыз әсерін болдырмау үшін шаралар қабылдау қажет.

6. Ұлттық экономика мен халықаралық саудадағы туризмнің үлесі оны әлемдік дамудың маңызды көрсеткішіне айналдырды. Оның ұлттық экономикалық қызметті дамытудағы және халықаралық алмасудағы тұрақты рөлі мен оның сыртқы сауда балансына әсері мен теңесуі туризмді әлемдік экономикалық қызметтің ең бір негізгі саласы деп санауға мүмкіндік береді.

7. Әрбір елде ішкі туризм жалпы алғанда, ел экономикасына қолайлы ұлттық табысты қайта бөлу, қызмет түрлерін дамыту мен оның мүддесін терең сезіну арқылы ұлттық экономиканың теңгерімді жағдайда болуына ықпал етеді. Осылайша, шет елдік туризмді дамыту ішкі туризмді дамытумен ілесіп отыратын барабар жағдайда болуы қажет.

8. Туризмнің экономикалық рентабельділігі қандай нақты және елеулі болғандығына қарамастан, мемлекеттердің осы қызмет түріне әсер етуін анықтаудың жалғыз талабы бола алмайды. Демалыс алу құқығы, азаматтың өзін қоршаған ортамен танысуына мүмкіндік беру, оның ұлттық сана-сезімін арттыру және оның өз отандастарымен бірге қандай да бір мәдениетпен және халықпен жақындастыратындығын сезіну оның демалу және саяхат жасау арқылы ұлттық және халықаралық туризмді дамытуға қатысуын көтермелейтін аса маңызды себеп болып табылады.

9. Біздің миллиондаған замандастарымыз өздерінің бос уақытын пайдалану және өмірлі мазмұнды өткізуге ұмтылу кезінде туризмге мән беруінің өзі үкіметтерге бұл талапты ескеруді және қолдауды міндеттейді.

10. Әлеуметтік туризм – аз қамтылған азаматтардың өздерінің демалу құқығын пайдалану кезінде қоғамның олардың мүддесі үшін қызмет ететін мақсаты болуы қажет.

11. Туризм өзінің адамдардың физикалық та, денсаулығына психологиялық та әсер етуі арқылы әлеуметтік теңдікке, ұжымдағы еңбек белсенділігін арттыруға, жеке және қоғамдық игіліктердің жақсаруына әсер ететін фактор болып табылады.

12. Туризмге қажетті және оның талабын қанағаттандыратын көптеген қызмет түрлері арқылы туризм жұмыс орындарының көзі болып табылатын жаңа да, аса қажетті қызмет түрлерін ашады. Бұл ретте туризм барлық елдерде олардың қандай деңгейде дамитындығына қарамастан, әлеуметтік дамудың маңызды элементі болып табылады.

13. Халықаралық байланыстар аясында және жеке тұлғалардың және тұтастай алғанда қоғамның мүддесін әділ жағдайда құрметтеуге, мұқтажын өтеуге негізделген, бейбітшілікке ұмтылған жағымды және тұрақты фактор ретінде, сондай-ақ әлемнің барлық халықтары арасында жоғары дәрежеде сенім мен құрметке ие болу ретінде туризм әрекет етеді.

14. Қазіргі заманғы туризм еңбекшілерге берілетін жыл сайынғы төленетін еңбек демалысын берумен байланысты әлеуметтік саясаттың негізінде пайда болды, бұл адамның демалуға және бос уақытын өткізуге деген негізгі құқығын мойындау болып табылады. Ол әлеуметтік теңдік, адамдар мен халықтар арасындағы өзара түсіністік пен тұлғаны дамыту факторына айналды. Оның экономикалық жағымды жақтарымен бірге, мәдени және рухани жақтары бар. Олар экономикалық факторларға қарамастан жағымсыз салдарлан қорғалған. Осыған байланысты мемлекеттік билік пен шұғыл туристік сектор тиісті қаражат бөлу арқылы негізгі бағыттарды анықтап, туризмді дамытуға қатысуы қажет.

15. Жастар туризмі халықтың бұл тобының саяхат пен демалыс үшін табыс деңгейінің төмендігіне байланысты қолайсыздығын ескере отырып, ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл саладағы жағымды саясат барынша кең мүмкіндіктер мен жеңілдіктер берумен байланысты болуы қажет. Егде жастағы адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар да осындай назар аударуды қажет етеді.

16. Жаңа экономикалық халықаралық тәртіпті орнатудағы жалпы қолданылатын шараларда туризм тиісті жағдайда халықтар арасындағы теңдік, ынтымақтастық, өзара түсіністік тұрғысында жағымды рөл атқарады.

17. Мемлекеттер туристік индустрияның қызметкерлеріне жақсы еңбек жағдайларын жасауға, сол арқылы олардың кәсіподақтар құруына және ұжымдық шарттар жасау құқығын қолдауға және растауға жәрдем көрсетуі қажет.

18. Көптеген елдердің туристік ресурстары табиғи байлықтан, сондай-ақ материалдық құндылықтардан тұрады. Осылайша, бұл ресурстарды бақылаусыз, бей-берекет пайдаланса, олардың жұтап, тіпті мүлдем жойылып кету қаупі бар. Туристік қажеттіліктерді қанағаттандыру туристік аудандарға, қоршаған ортаға және ең бастысы туристерді өзіне тартатын табиғи ресурстарға, тарихи және мәдени жерлерге, халықтың әлеуметтік және экономикалық мүддесіне нұқсан келтірмейтіндей болуы қажет. Барлық туристік ресурстар адамзаттың игілігі болып табылады. Ұлттық қоғамдар мен халықаралық қоғамдастықтар оларды қорғау жөнінде шаралар қабылдауы қажет. Қандай жағдайда болмасын, әсіресе кикілжіндер кезінде тарихи, мәдени және діни орындарды сақтау мемлекеттің басты міндеті болуы тиіс.

19. Туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастық халықтардың жеке ерекшелігі және мемлекеттердің негізгі мүддесі құрметтелетін ынтымақтастық болуы қажет. Бұл ретте Дүниежүзілік Туристік Ұйымның жетекші және шешуші рөлі бағыттаушы және үйлестіруші сипатта болуы тиіс.

20. Екіжақты және көпжақты техникалық және қаржылық ынтымақтастық көмек ретінде қаралмауы қажет, себебі шындығында ол барлық елдердің мүдделері үшін қолда бар ресурстарды пайдалануға қажетті құралдарды біріктіру ғана болып табылады.

21. Туризмді дамыту тәжірибесінде рухани құндылықтар материалдық және техникалық сипаттағы элементтерден басым тұруы қажет. Сондай негізгі рухани құндылықтар мыналар болуы тиіс:

- а) адамның тұлға ретінде толық және үйлесімді дамуы;
- б) тұрақты түрде танымдық және тәрбиелік үлесі;
- в) өз тағдырын анықтаудағы тең құқықтары;
- г) оның абыройы мен жеке басының ерекшеліктерін құрметтей отырып, адамның бостандығы;
- д) халықтардың мәдени ерекшелігін тану және моральдық құндылықтарына құрмет көрсету.

22. Туризмге деген дайындық азаматтың өзінің азаматтық парызын орындауға дайындалуымен бірдей жүргізілуі қажет. Бұл жерде үкіметтер өздерінде бар барлық оқу және ақпарат құралдарын пайдалануы және осы мақсатта жекелеген тұлғалар мен ұйымдардың қызметіне жәрдем көрсетуі қажет. Туристік практикаға, демалысты пайдалануға және сапарға шығуға дайындық жастарды оқыту процесінің бір бөлімі болар еді. Бұл ретте туризмді жастарды оқыту бағдарламаларына енгізу бейбітшілікті тұрақтандыруға қолайлы болатын білім беру мен тәрбиенің маңызды элементі болар еді.

23. Адамзаттың болашақтағы әлеуметтік, мәдени және экономикалық даму бағыттарын анықтау кезінде қазіргі ұлттық қоғамдар мен халықаралық қоғамдастықтың ажырамас бөлігі болып табылатын ұлттық және халықаралық туристік қызметті ескеру қажет. Туризмнің осындай танылған құндылықтарын түсіне отырып, мемлекеттер ұлттық және халықаралық туризмді, халықтың әртүрлі жіктері пайдаланатын демалыс пен саяхатты, сондай-ақ қоғамның басқа да негізгі қажеттіліктері мен туризмді барынша үйлесімді дамытудың басқа да себептері бойынша адамдардың жүріп-тұруына барынша көңіл бөлетін болады.

24. Мемлекеттер мен Конференцияның басқа да қатысушылары, сондай-ақ Дүниежүзілік туристік ұйымға Конференцияның жұмысы барысында байқалған бағыттарды, пікірлерді және ұсыныстарды барынша ескеру тапсырылады, бұл сөз

жоқ, әлемдік туризмді дамыту және оған жаңа серпін беру үдерісін одан әрі тереңдету мақсатында күнделікті міндеттерді шешуге, тәжірибеге енгізуге мүмкіндік береді.

25. Конференция Дүниежүзілік туристік ұйымға халықаралық, үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастық кезінде ішкі құралдарды пайдалануға, осы қорытынды құжатта жазылған барлық бағыттарды, тұжырымдарды және қағидаттарды жаһандық қолданысқа енгізу мақсатында барлық шаралар қабылдауға ұсыныс береді.

В декларациясы

1980 жылы 27 қыркүйек пен 10 қазан аралығында Манилада (Филиппины) болып өткен Дүниежүзілік туристік ұйымның Туризм жөніндегі Дүниежүзілік конференциясы тез арада шешім қабылдау және туризмді үйлесімді дамыту үшін мемлекеттік, сол сияқты жеке туристік секторларға қатысты мәселелерді талқылау мақсатында төмендегілер туралы келісті:

Ұсынысты дұрыс реттеу

«Ұсынысты дұрыс реттеуге» қатысты Бас хатшы ұсынған СМТ/СР/13 құжатты, сондай-ақ Конференцияның қатысушылары ұсынған СМТ/ДВ/13 құжатты қарап, мыналарды атап көрсетеді:

1. Туристік ұсыныс ел ішіндегі жеке саланы көрсетпейді, ол ұлт өмірінің басқа да барлық секторларымен байланысты.
2. Туристік ұсыныстың ұлттық стратегиясы жергілікті тайпалар мен өңірлердің мүддесін ескеруі қажет.

3. Тұтынушылардың мүддесін ескеретін ұсыныстың сапасын жақсарту тұрақты түрде мына мақсатқа жету болып табылады, яғни тек қана жоғарысапалы қызмет көрсету ғана емес, сонымен бірге қабылдауға және қызмет көрсетуге тиянақты даярлану, сұранысты ескере отырып, ішкі, сондай-ақ халықаралық туризмге халықтың кең жіктерінің қол жеткізуді қамтамасыз ету, сонымен бірге сондай қабылдаулар мен қызмет көрсетудің сапасын ұдайы жақсарту.

4. Адам ресурстарын кәсіби және ақпараттық тұрғыда даярлау барлық туристік кәсіпорындардың сапасын жақсарту үшін қажет болып табылады.

5. Мемлекеттік билік органдары мен туристік ұйымдар ұсынылатын мүмкіндіктер, әсіресе туристік мақсаттағы жана орындар туралы шынайы, толық және нақты ақпараттарды байланыс құралдары арқылы таратқаны және дайындағаны үшін жауапты болады.

6. Мемлекеттердің жарықты үнемдеу жөніндегі жана саясатты қалыптастыруымен бірге туристік ұсыныстың қызметтің басқа секторларымен және ұлттық басымдықтарға сәйкес салыстырғанда, туризмнің жағымды жағына тиісінше назар аудару қажет.

7. Туристік жоспарлау саясаты ұлттық жоспарлау шеңберінде жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде дамуы қажет; мұндай саясатқа сандық та, сапалық та тұрғыда баға беру қажет.

8. Туризм үрдісіне нақты талдау жасау және туристік ұсыныстың сұранысын анықтау ұлттық және халықаралық туризм бойынша статистикалық деректерді дайындау кезіндегі жалпы қолданылатын нормаларға байланысты болады.

9. Ұсынысты дамыту мемлекеттік, жеке және қоғамдық секторлар, сондай-ақ әртүрлі елдер арасында барынша толық түсіністік, ынтымақтастық және үйлестіру бойынша күш біріктіруді талап етеді.

10. Туризмді ұлттық және халықаралық деңгейде дамыту ұлттың өміріне жақсы және сапалы дайындалған мәдени мұраны, туризм құндылықтары мен қоршаған табиғи, әлеуметтік және адами ортаны қорғау және сақтау арқылы жағымды әсер етуі мүмкін. Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып:

- дамушы және индустриалды дамыған елдер арасында қолайлы өзара байланыстар орнату және трансұлттық компаниялардан туризмді дамытуға деген өте үлкен тәуелділікті қысқарту мақсатында консультациялар мен пікір алмасулар өткізуге деген ниетін білдіреді;

- туристік ұсыныстың үлкен стандарттық сипаты құрылысқа және нақты талаптарға сәйкес жабықтарды ұстауды шектейді деп сене отырып:

- халықаралық және ішкі статистикалық деректерді жинаудың жалпы қабылданған стандарттары мен тәсілдерін қабылдауды және қолдануды үкіметтерге ұсынады және Дүниежүзілік туристік ұйымға осы саладағы орталық агенттік ретінде жергілікті жерлерге шығу бағдарламаларын кеңейту арқылы туристік статистиканы стандарттауды және салыстыруды қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыруды ұсынады, бұл жұмыс халықаралық деңгейде танылған стандарттар мен әдістерді қолдануға және басқа да мақсатты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді;

- кіші және орта кәсіпорындарға жақсы жағдайлар жасауды ұсынады, сол арқылы олардың туристік ұсынысты дамыту және диверсификациялауда тиісті рөл атқаруына жағдай жасау қажет;

- болашақтағы ұлттық және халықаралық сұраныстың тиісті талаптарын және жергілікті қоршаған ортамен үйлесімділікке қабілетті барынша қымбат емес жергілікті ресурстар мен құрылыс техникасын зерттеудің жаңа түрлерін ұсынады;

- туристік кәсіпорындардың көбейіп кетуін болдырмау, рухани және мәдени мұраны анықтау және сақтау, туризмнің тәрбиелік маңызын жетілдіру және болашақ туристер үшін флора мен фаунаны қорғау үшін күш біріктіруге шақырады.

Техникалық ынтымақтастық

«Туризм саласындағы техникалық ынтымақтастық туралы» Бас хатшы ұсынған СМТ/ДВ/14 құжатты, сондай-ақ оның қатысушылары ұсынған СМТ/СР/14 құжатты қарап, мыналарды атап көрсетеді:

1. Туризм саласындағы техникалық ынтымақтастық туристік қызметтер өндірісін қысқартуға, олардың сапасын арттыруға, инфрақұрылымды нығайтуға және техникалық өзін-өзі қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Соның салдарынан ол туристік қызметтің жалпы даму үдерісіне көп үлес қосады.

3. Дамыған және өзара тиімді техникалық ынтымақтастық жетілмеген тетіктердің қайталама өндірісін, пайда мен тәуелділікті болдырмауға көмектеседі.

4. Технологияларды беру, дәстүрлі және жаңаны енгізу арасындағы айырманы алушы елдердің игеруі үшін бірте-бірте және барынша сақтықпен жүзеге асырылуы қажет.

5. Технологияларды берудің кері әсері болуы мүмкін немесе діттеген мақсаттарға жете алмауы мүмкін, егер ол оны алуға және игеруге қабілетті және дайындалған тиісті жағдайлар мен адами ортада жүзеге аспаса; мемлекеттер технологияларды беруге байланысты адами ортада оны игеруге алдын ала жағдайлар жасауға ұмтылуы қажет.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып:

туризм саласындағы технологияларды таңдау кезінде мемлекеттер олардың жергілікті жағдайға бейімделуі қажеттігін, жергілікті және шет елдік технологиялардың бір бірімен үйлесімді жалғасуын, мұндай технологиялардың сенімді қолданбалы әдістерге негізделуін, технологиялардың тез әрі қарқынды дамитындығын ескеруді ұсынады.

Дамушы елдер үшін дамудың жалпы стратегиясы аясында технологияларды беру мен игеруді жеңілдету үшін өздерінің адами және басқа да ресурстарына сенуі қажеттігін атап көрсетеді;

туризм жөніндегі технологиялық ынтымақтастық саласындағы сарапшылардың сапасын жақсарту және санын арттыру үшін кәсіби даярлықтың үлкен рөл атқаратындығын атап көрсетеді;

туризм жөніндегі технологиялық ынтымақтастық саласында олардың «Технологияларды беру жөніндегі халықаралық кодексті» мүмкіндігінше басшылыққа алуы ұсынады;

Дүниежүзілік туристік ұйымға, атап айтқанда технологиялық білім мен дамыған елдердің басқару әдістерін кеңейту, сондай-ақ олардың технологиялық өздігі

нығайту, тиісті жағдайларда алдыңғы технологиялар арқылы, мысалы, деректерді телевизиялық өңдеу сияқты мүмкіндіктердің жалпы әлемдік туристік ақпараттар жүйесіне енгізу мүмкіндігін қарастыруды ескере отырып, туристік технологиялық ақпараттармен алмасуға жәрдем көрсетуді ұсынады;

әсіресе бірлескен екіжақты және көпжақты жобалар арқылы дамыған және дамушы елдерде үкіметтермен, кәсіпорындармен және қауымдастықтармен арадағы технологиялық байланыстарды біріздендіруге ұсыныс береді;

технологияларды беру және игеру әрбір ынтымақтастық жобасының және туризм саласына салынатын қаржының маңызды элементі екендігін атап көрсетеді.

Дүниежүзілік туристік ұйымға Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасын орындаушы агенттік ретінде осы саладағы өзінің қызметін жоғары басымдық ретінде көрсетуді ұсынады.

Адами ресурстар

«Адами ресурстарды пайдалану туралы» Бас хатшы ұсынған СМТ/ДВ/15 құжатты, сондай-ақ оның қатысушылары ұсынған СМТ/СР/15 құжатты қарап, мыналарды атап көрсетеді:

1. Туризм саласындағы кәсіби даярлық пен тұрақты жетілдіруді қажет ететін техникалық біліктілік оларды алатын тұлғаларға ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғам үшін де қажетті.

2. Кәсіби біліктілік ел ішіндегі, сондай-ақ шет елде алған жалпы және техникалық даярлықтың сапасына, сондай-ақ елдер арасындағы тәжірибе алмасуға едәуір байланысты болады.

3. Туризмді дамығуды жоспарлаған кезде білікті адами ресурстарды даярлау туристік өнімді даярлаумен байланысты болуы қажет.

4. Туризм адамның шын мәнінде даму үдерісінің ортасында жүретін қызмет түрі болып табылады.

5. Туристік өнімнің сапасы сол ел туралы туристік көзқарасты анықтайтын фактор болып табылады.

6. Дамыған елдерде, сол сияқты дамушы елдердегі кәсіби даярлық проблемасы сол елдің туристік дамуында бірінші кезекте, маңызды рөл атқарады.

7. Адами ресурстарды дамыту саясаты экономикалық талаптар негізінде жүргізіліп қана қоймауы керек, сонымен бірге кәсіби даярлау талаптарына да жауап беруі қажет. Сонымен бірге, адамның әлеуметтік есею тұрғысынан рухани, моральдық және материалдық тұрғыда жетілуі де ескеру қажет.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып:

адами ресурстарды интеграциялық жоспарлау және дайындау қажеттігін; туристік мамандықтардың маңызын арттыру және сол салада еңбек ететін адамдардың мәртебесін көтеру үшін барлық қажетті шаралар қабылдауды;

Дүниежүзілік туристік ұйымның аясында дамыған және дамушы елдерге өңірлік негізде және осы мақсатқа сай болса, басқа да мүдделі халықаралық ұйымдармен ынтымақтаса отырып, оқытушы кадрлардың жетіспеушілігі, жергілікті мамандардың көптігі және білікті мамандардың тұрақтамауы проблемаларын бірлесіп зерттеуді ұсынады.

Дүниежүзілік туристік ұйымның кәсіби даярлау құрылымдарын аймақтандыруға қатысты қабылдаған шешіміне қанағаттана отырып, сондай құрылымдарды қолданысқа енгізуді жеделдетуге ұсыныс береді.

Туристік сана-сезімді тәрбиелеу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру, сол арқылы келушілерді, туристерді қабылдаушы аудандардың тұрғындарымен және туристік қызметкерлермен арадағы өзара қарым-қатынастарға ықпал етуді ұсынады.

Бұл ретте тіл білудің, әсіресе эсперанто сияқты жан-жақты тіл білудің қажеттігін атап көрсетеді.

Дүниежүзілік туристік ұйымға болашақта туристік сектордың сұранысын қанағаттандыру үшін кәсіби даярлаудың жаңа мақсаттарын белгілеуді ұсынады.

Дүниежүзілік туристік ұйым мүшелерінің туризм саласында кәсіби даярлауға және соның ішінде адами ресурстарды, әсіресе дамушы елдерде одан әрі жетілдіруді Мехикодағы Туризм жөніндегі халықаралық жоғары оқу орталығы (СИЕСТ) ұйымдастырған техникалық кеңестер, оқу кезеңдері және сырттай оқу курстары нысанында қамтамасыз ету үшін Ұйымның қолға алған шараларын айрықша ризашылықпен атап көрсетеді.

Дүниежүзілік туристік ұйымға туризм саласындағы кәсіби даярлық мәселелері бойынша, әсіресе Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының атқарушы агенттігі ретінде толық жауапкершілікті қолға алуды ұсынады.

Еркін жүріп, тұру

«Еркін жүріп, тұру мақсаттары туралы» Бас хатшы ұсынған СМТ/ДВ/16 құжатты, сондай-ақ оның қатысушылары ұсынған СМТ/СР/16 құжатты қарап, мыналарды атап көрсетеді:

1. Жалпы адам құқығы декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық конвенцияда (1966 ж.) және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі конференцияның Корытынды актісінде (1975 ж.) көрініс тапқан еркін жүріп, тұру құқығы сапарларға бару үшін, туризмді үйлесімді дамыту және адамның жеке тұрға ретінде жетілуі үшін қажет.

2. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық саяхат және туризм Конференциясында (Рим, 1963 ж.) қабылдаған рәсімдерді оңайлатуға қатысты ұсыныстары рәсімдеуді оңайлатуда маңызды қадам әрі алдағы жұмыстардың сенімді бағыты болып табылады.

3. Халықаралық туристік байланыстар саласында әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескеру қажет және оның ұлттық тәуелсіздігін, туризм саласындағы заңдары мен дәстүрлерін, оның азаматтарының құқықтары мен міндеттерін ескеру қажет.

Дүниежүзілік туристік ұйымның өзінің жалпы бағдарламасына әлемде туристік рәсімдеуді зерттеу, осы саладағы ұсынылатын нормалар мен тәжірибені жинақтау жұмыстарын енгізгендігін атап көрсетеді. Осы мәселені қараған кезде Дүниежүзілік туристік ұйымның мына мәселелерге назар аударуына сенім білдіреді:

а) шекаралық рәсімдеуге жауапты қызметкерлерді тиісінше дайындау қажеттігі, әсіресе туристік саналылыққа тәрбиелеу мәселесінде;

б) отырғызу/түсіру көршіліктерін стандарттау және олардан бас тарту кезінде туристік статистикалық деректер жинаудың жаңа әдістерін енгізу;

в) паспорттық бақылау және қауіпсіздік шараларын жүргізу мақсатында электрондық әдістерді қолдану;

г) кедендік бақылауды тездету және оңайлату құралдары.

Ресми туристік ұйымдардың халықаралық одағының бастамасымен 1967 жылы жарияланған Халықаралық туризм жылында қабылданған шаралар туралы ескертеді және соған байланысты:

мемлекеттерге өзара немесе біржақты негізде қысқа мерзімде келетін туристер үшін визалық талаптардан бас тартудың мүмкіндігін қарастыруды ұсынады;

дамушы елдер арасында туризмді дамыту осы елдерде валюта айырбастаудың барынша ыңғайлы және жеңілдетілген ережелерін қолдануды талап етеді деп есептейді;

егер алынған пайда туристік секторға немесе туризмді дамытуға жұмсалмайтын болса, онда туристерге салынатын салықтар туризмге келтірілген шығын ретінде қаралуы мүмкін деген пікірді білдіреді;

Дүниежүзілік Туристік ұйымның Туризм кодексі мен туризм хартиясын әзірлеу жөніндегі атқарған жұмысы халықтар арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытуға және туризмді барлық жағынан дамытуға жәрдем көрсетеді деп есептейді;

Дүниежүзілік туристік ұйымға жеке немесе топ құрамында тұрақты тұратын жерлерінен тыс жерлерде туристерге медициналық көмек көрсету, олардың экономикалық мүддесін құқықтық тұрғыда қарастыру қажеттігін ескертеді;

үкіметтерді туристердің бір елден екінші елге барып келуіне материалдық және психологиялық кедергі жасайтын саяхатшылардың шығуына немесе келуіне қиындық туғызатын рәсімдер мен басқа да ережелерге шектеу енгізуден бас тартуға шақырады; мемлекеттерді адамның нәсіліне, жынысына, дініне, нанымына немесе тұрған жеріне қарамастан жеке адамның құқығын, өзінің туған жеріне барып келу құқығын сақтауға және құрметтеуге, сондай-ақ оның жүріп, тұру еркіндігі мен оның қауіпсіздігіне кепілдік беретін қажетті шаралар қабылдауға шақырады;

басқа елдердің біржақты нәтижелерінің негізінде сапарға шығумен байланысты визалық және басқа рәсімдер саласында пайда тапқан мемлекеттерді сондай шараларды енгізуді қарастыруға шақырады;

туристердің жүріп, тұруына жәрдем көрсету мақсатында мемлекеттерді Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, Үкіметаралық теңіз консультативтік ұйымы және Кедендік ынтымақтастық кеңесі қабылдаған рәсімдерді жеңілдетуге қатысты ережелерді қолдануға шақырады;

Дүниежүзілік туристік ұйымға қолда бар тетіктерді қолдана отырып, халықаралық туризмді дамытуға жәрдем көрсетудің барлық қажетті шараларын қабылдауды ұсынады.

С декларациясы

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция әрбір өңірдің ішіндегі және одан тысқары жерлердегі туризм барлық халықтар үшін құнды деп мәлімдейді және әрбір жекелеген өңір әлемдік қазынаға жалпы алғанда өзінің тарихи, мәдени және діни маңызды үлесін қосады, сол немесе өзге өңірдің халықтары пайдаланбайды және болашақта да сол гуманитарлық мұраны пайдаланбауын назарға ала отырып, және адамның негізгі құқықтарын сақтай отырып, барлық жерде бейбітшілік пен қауіпсіздік салтанат құрады және әлемнің барлық жекелеген ұлттары өзін өзі айқындау құқығына ие болады, сонымен бірге әлемнің әрбір өңірі бір немесе бірнеше өркениеттің бесігі болып саналады, сол арқылы әрбір өңір кез келген келуші үшін лайықты, сақталған және қорғалған болады және діни орындардың ерекше назарда болуы тиіс екендігін атап көрсете отырып, сол жерлердің физикалық, рухани, мәдени немесе этникалық ортасын, табиғатын өзгертуге деген кез келген қазіргі және болашақтағы ұмтылыстарды талқылай отырып, барлық елдердің жалпы сезімдерін еске ала отырып, бүкіл адамзатқа қымбат қасиетті Иерусалим қаласына уақытша қиындықтардың жаман әсерін тигізбейді деп сенеді.

Бейбітшілікке үндеу

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция 1980 жылы 27 қыркүйекте «Мәдени мұраны сақтау және дамытудағы, бейбітшілік пен өзара түсіністікті қамтамасыз етудегі туризмнің үлесі» атты тақырып бойынша бірінші Дүниежүзілік туризм күнін атап өте отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының 33-ші сессиясында қабылданған халықтарды бейбіт өмірге дайындау туралы декларацияның маңызын қайтадан еске сала отырып, барлық ұлттар мен үкіметтерді бейбітшілікті сақтауға, қаруландыруды тоқтатуға және халықтар арасында өзара түсіністікті қалыптастыруға жәрдем көрсетуге салтанатты түрде шақырады.

Адами ресурстар

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция Дүниежүзілік туристік ұйымның және басқа да ұйымдардың әлемде туризмді дамытуға, әсіресе адами ресурстар саласын дамытуға қосқан бағалы үлесін мойындай отырып, осындай ұйымдарға өзінің терең ықыласын білдіреді және оларға туризмді, әсіресе дамушы елдерде одан әрі дамытуға жәрдемдесу жөніндегі жұмыстарын тоқтатпауды ұсынады.

Туристік жобаларды қаржыландыру

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция барлық елдерде, әсіресе дамушы елдердегі туризмнің материалдық базасына деген ішкі, сондай-ақ халықаралық сұранысты қанағаттандыру үшін қаражат салуды ескере отырып, кредиттік ұйымдарда ұсынылған мемлекеттерді туристік сектордың қаржылық талаптарына тиісінше мән беруді, дамушы елдерге екіжақты және көпжақты ынтымақтастық шеңберінде жүзеге асырылатын туристік жобаларды ұлттық деңгейде қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды және соған басымдық беруді ұсынады. Дүниежүзілік туристік ұйымды жұмыс істеп тұрған қаржы органдарының немесе халықаралық қаржы органдарының аясында туристік жобалардың екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мақсатында әсіресе, дамушы елдерде туристік жобаларды қаржыландыру үшін қажетті қаржы қарастыру үшін тиісті шаралар қабылдауға шақырады.

Туризм және автокөлік

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция туризммен тығыз байланысты коммерциялық жолаушылар көлігінің оны айқындайтын фактор екендігін ескере отырып, Дүниежүзілік туристік ұйымның бастамасымен өткізілетін ассамблеяда, мәжілістерде және конференцияларда оларсыз туризмнің өмір сүруі мүмкін емес саяхат пен көлік мәселесіне тұрақты түрде сілтеме жасайды, коммерциялық көлік саласындағы қызмет пен туристік қызметтің талаптарын үйлестіру қажеттігін ескере отырып, қатысушы мемлекеттерге ДТҰ Бас ассамблеясына өз делегациялары құрамында коммерциялық жолаушылар көлігі мәселелерімен айналысатын билік өкілдерінің болуын, атап айтқанда азаматтық авиация мен автокөлік билік өкілдерінің болуын қарастыруды тапсырады, бұл олардың тиісті қызметтерін үйлесімді дамытуға, жалпы мүддеге қатысты проблемаларды шешуге жәрдемдесетін болады.

Жүріп, тұру еркіндігі

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция оның қорытынды декларациясында айқындалған жүріп, тұру еркіндігіне қатысты мақсаттарға жету үшін, Солтүстік Атлантика әуе жолдарындағы бір тараптан, және екінші тараптан Африка, Азия және Латын Америкасы бағытындағы әуе жолдарындағы және керісінше авиация тарифтеріндегі орын алып отырған алшақтықты ескере отырып, үкіметтерге, әуе компанияларына, Халықаралық Азаматтық авиация ұйымына (ИКАО), Халықаралық Әуе транспорты қауымдастығына (ИАТА) және басқа да әуе көлігімен байланысты халықаралық, өңірлік және ұлттық ұйымдарға, сондай-ақ туристік әкімшіліктерге Африка, Азия және Латын Америкасы бағытындағы әуе жолдарындағы жолаушылар тарифінің құрылымын қайта қарауды, сол арқылы Африка, Азия және Латын Америкасында туризмді дамытуға кедергі келтіріп отырған айырмашылықтарды талдау және ретке келтіруді ұсынады.

Ішкі туризм

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция үнділік делегацияның ішкі туризмге анықтама әзірлеу, сондай-ақ Пәкістан мен Перу делегацияларының осы мәселеге қатысты ескертулерін назарға ала отырып, және басқа да делегациялардың

қызығушылығын ескеріп, Дүниежүзілік туристік ұйымға бұл мәселені өзінің жұмыс жоспарына енгізуді қарастыруды тапсырады.

Туризм, жастармен және студенттермен алмасу жөніндегі дүниежүзілік форум

Туризм жөніндегі дүниежүзілік конференция дамып келе жатқан жастар туризмінің маңызына қолдау білдіре отырып және туризм, жастармен және студенттермен алмасу жөніндегі халықаралық бюроның және басқа да халықаралық жастар ұйымдарының ұсыныстарын назарға ала отырып, сол ұйымдардың таяу жылдарда Туризм, жастармен және студенттермен алмасу жөніндегі дүниежүзілік форум өткізу жөніндегі идеясын қолдайды.

ТУРИЗМ ХАРТИЯСЫ

(Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас Ассамблеясының 1985 жылғы 22 қыркүйектегі VI сессиясының I қаралымымен мақұдданған)

I бап

1. Әрбір адамның демалуға және бос уақытын өткізуге, жұмыс күнін саналы шектеу мен төленетін кезендік демалысқа құқықты алғандағы құқығы, сондай-ақ заңмен көзделген шектеусіз еркін қозғалуға деген құқығы бүкіл дүние жүзінде танылады.

2. Бұл құқықтарды пайдалану әлеуметтік теңдік пен ұлттық және жалпы сананы арттыру факторын құрайды.

II бап

Осы құқықтардың салдары ретінде мемлекеттер ішкі және халықаралық туризмді үйлесімді дамытуды қамтамасыз ететін саясатты әзірлеуі және жүргізуі қажет, сондай-ақ барша адам пайдаланатын демалысты ұйымдастырумен шұғылдануы қажет.

III бап

Осы мақсатта мемлекеттер:

а) ішкі және халықаралық туризмді реттеуге және үйлесімді дамытуға ықпал етуі қажет;
б) туристік саясатты әртүрлі деңгейдегі - жергілікті, өңірлік, ұлттық және халықаралық деңгейде өткізілетін дамудың жалпы саясатына сәйкестендіруі және екіжақты және көпжақты негізде туризм саласындағы Дүниежүзілік туристік ұйымның мүмкіндіктерін осы мақсатқа пайдалана отырып, ынтымақтастықты кеңейтуі қажет;

в) Әлемдік туризм туралы Манила декларациясының қағидадарын және Акапулько құжатын әзірлеу және іске асыру кезінде өздерінің ұлттық басымдықтарына сәйкес туризм саласындағы саясатта, жоспарда және бағдарламаларда және Дүниежүзілік туристік ұйымның жұмысы бағдарламаларының аясында қажетіне қарай, тиісінше назарға алуы қажет;

г) Әрбір адамның ішкі және халықаралық туризмге, әсіресе жұмыс уақытын және бос уақытын реттеу арқылы шаралар қабылдауына, жыл сайынғы төленетін демалыс жүйесін белгілеу және жақсарту, сондай демалыстың күндерін жыл ішінде тең бөлу, сондай-ақ жастар туризміне, егде жастағы және мүмкіндігі шектеулі адамдарға ерекше назар аудару;

д) қазіргі және келешек ұрпақтың мүддесі үшін адамды, табиғатты, қоғамдық қатынастар мен мәдениетті біріктіретін туристік ортаны сақтау бүкіл адамзат құндылығы болып табылады.

IV бап

Мемлекеттер:

а) Біріккен Ұлттар Ұйымының, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, Халықаралық теңіз ұйымының, Келендік ынтымақтастық кеңесінің немесе кез келген басқа ұйымның, атап айтқанда Дүниежүзілік туристік ұйымның шығарған нысандылықты жеңілдету жөніндегі қазіргі құжаттардың ережесін қолдана отырып, саяхатқа шектеуді тұрақты қысқартуды ескере отырып, өз елдерінің азаматтары - туристер мен шетелдік туристердің баратын қоғамдық орындарына қол жеткізуге ықпал етуі;

б) туристік сананы арттыруға және өзара түсіністік пен өзара қатынасты жақсарту мақсатында келушілердің жергілікті тұрғындармен байланысына ықпал етуі;

в) келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алдын алу және қорғау шаралары арқылы олардың мүлкін қорғауды қамтамасыз етуі;

г) жақсартылған гигиеналық жағдайлар жасау және денсаулық сақтау қызметіне қол жеткізу, сондай-ақ жұпқалы аурулардың және жазатайым оқиғалардың алдын алуы;

д) туризмді басқа, соның ішінде жезөкшелік мақсатқа пайдаланудың кез келген мүмкіндігін болдырмауы;

е) туристер мен жергілікті тұрғындарды қорғау мақсатында жасырын есірткі пайдалануды болдырмау жөніндегі шараларды күшейтуі қажет.

V бап

Ең соңында мемлекеттер:

а) өз елдерінің азаматтарына - туристерге және шетелдік туристерге белгіленген аумақтарға қатысты ұлттық мүддеге қабылданған қандай да бір шектеулі шараларға залал келтірмей, елде еркін қозғалуына рұқсат беруі;

б) туристерге қатысты қандай да бір кемсітушілік шараларға жол бермеуі;
в) туристердің әкімшілік және құқық қызметтеріне тез қол жеткізуге, сондай-ақ консульдіктердің өкілдеріне және оларға ішкі және сыртқы қоғамдық байланыс құралдарын ұсынуы;

г) жергілікті халықтың әдет-ғұрыптарын түсіну үшін транзиттік орындарда және уақытша болатын жерлерде туристерге жағдай жасау үшін ақпарат беруге жәрдемдесуі қажет.

VI бап

1. Жергілікті халық транзиттік орындар мен уақытша болатын жерлерде өздерінің қоршаған ортаға және мәдени ортаға деген ұқыпты қарауы арқылы өздерінің туристік ресурстарына еркін қол жеткізеді.

2. Ол туристерден түсіністік пен өздерінің салт-дәстүрлеріне, дініне және адамзат мұрасының құрамдас бөлігі болып саналатын басқа да мәдени құндылықтарға туристерден түсіністік күтеді.

3. Осындай түсіністік пен ұқыпты қарауға жәрдем көрсету үшін тиісті ақпаратты таратуға ықпал етеді:

а) жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, оның дәстүрлі және діни қызметі туралы, жергілікті тыйымдар, қасиетті орындар мен зиярат ететін орындар құрметтелуі тиіс;

б) олардың сақталуы тиіс көркем, археологиялық қазба және мәдени құндылықтары туралы;
в) қорғалуы тиіс өсімдіктер және жануарлар дүниесі туралы.

VII бап

Жергілікті халыққа транзит және уақытша тоқтайтын орындарда адами және қоғамдық қарым-қатынастарды үйлесімді дамыту үшін туристерді барынша қонақжай, сыпайы және құрметпен қарсы алу ұсынылады.

VIII бап

1. Туризм саласының қызметкерлері және туризм мен саяхатқа қызмет көрсетушілер туризмді дамытуға оң үлес қосады және осы Хартияның ережесін жүзеге асыруға үлес қосуы мүмкін.

2. Олар осы хартияның қағидадарын ұстануы қажет және туризмнің ізгілік сипатына жәрдем көрсету үшін жоғары сапалы туристік өніммен қамтамасыз ете отырып, олардың кәсіби қызметіне қатысты өздеріне алған кез келген міндеттерді орындауы қажет.

3. Олар туризмді басқа адамдарды пайдаланудың барлық түрлері үшін қолдануды көтермелеуге кедергі жасауы қажет.

IX бап

Туризм саласының қызметкерлері және туризмге қызмет көрсетушілер олардың төмендегі қызметтермен шұғылдануы үшін өздерінің ұлттық және халықаралық заңнамаларына сәйкес туризм мен саяхатқа жәрдем көрсетуі қажет:

а) қандай да бір кедергілерсіз және кемсітушіліксіз өздерінің қызметімен шұғылдануына қолайлы жағдайлар жасау;

б) білікті адами ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында елдің ішінде, сондай-ақ шет елдерде жалпы және кәсіби техникалық дайындықты пайдалану;

в) олардың қызметін үйлестіруді және олар ұсынатын қызметтердің сапасын жақсарту, сондай-ақ ұлттық және халықаралық ұйымдар арқылы билік органдарымен өзара ынтымақтастықта болу.

ТУРИСТІҢ КОДЕКСІ

X бап

Туристер өзінің мінез-құлқымен халықтар арасында ұлттық, сол сияқты халықаралық деңгейде өзара түсіністік пен достық қатынастарға ықпал етеді, сол арқылы бейбітшілікті сақтауға көмектеседі.

XI бап

1. Транзит және уақытша болу орындарында туристер сол жердің қалыптасқан саяси, әлеуметтік, моральдық және діни тұрмысын құрметтеуі қажет және қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтауы керек.

2. Сол жерлерде туристер:

а) жергілікті халықтың салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрпына, діни сеніміне түсіністікпен қарап, табиғи және мәдени мұраларына үлкен құрмет көрсетуі қажет;

б) өздерімен жергілікті халық арасындағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді көрсетуден өзін аулақ ұстауы керек;

в) туристерді қабылдайтын бүкіл адамзаттың құндылығы болып саналатын жергілікті халықтың мәдениетіне түсіністікпен қарауы қажет;

г) жезөкшелік мақсатта басқаларды пайдалануға кедергі болуы қажет;

д) есірткі және (немесе) басқа тыйым салынған препараттарды сату, алып өту және қолданудан өзін тежеуі қажет.

XII бап

Туристер бір елден екінші елге саяхат жасаған кезде және қабылдаушы ел ретінде тиісті үкіметтік шаралар арқылы өзі үшін:

а) әкімшілік және қаржылық бақылауды жұмсартуға;

б) көліктегі жақсы жағдайларға және уақытша болған кезде туристік қызмет көрсетушілердің жақсы жағдайларын қолдануы мүмкін.

XIII бап

1. Туристерге өз елдерінің ішінде және одан тыс жерлерде және туристік қызығушылық тудыратын жекелеген аудандарда еркін жүріп-тұруға жағдай жасау қажет, бұл ретте қолданылып жүрген ережелер мен шектеулерді ескеру қажет.

2. Туристік қызығушылық тудырған жерлер мен аудандарға келгеннен кейін, сондай-ақ бүкіл транзит бойында және уақытша болған кезде туристер өздерінің игілігі үшін:

а) ресми туристік ұйымдар мен туристік қызмет көрсетушілерден олардың саяхаты мен болған уақытында ұсынылатын мүмкіндіктер мен жағдайлар туралы нақты, шынайы және толық ақпарат алуға;

б) жеке қауіпсіздігіне, мүлкіне ие болуға, сондай-ақ тұтынушы ретіндегі өзінің құқықтарының сақталуына;

в) тиісті қоғамдық тазалыққа, әсіресе орналасқан жерлерде, қоғамдық тамақтандыру орындарында және көлікте; жұқпалы аурулар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу жөніндегі тиімді шаралар, сондай-ақ денсаулық сақтау қызметіне кедергісіз қол жеткізу туралы ақпарат;

г) ел ішінде, сондай-ақ сыртқы әлеммен тез және тиімді қоғамдық байланысқа қол жеткізу;

д) өздерінің құқықтарын сақтауға қажетті әкімшілік және заңды ресімдер мен кепілдіктерге;

е) өзінің дінін уағыздау мүмкіндігіне және осы мақсаттағы тиісті жағдайларға.

Әрбір адам заң органдары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерін туризмнің артықшылықтарын барынша тиімді жағдайда және қалаған жерінде пайдалану үшін және заңға сәйкес осы мақсатта басқалармен бірігуі туралы өзінің демалуға және бос уақытын өткізуге деген құқығын толық жүзеге асыру үшін хабардар етуге құқылы.

ТУРИЗМ ЖӨНІНДЕГІ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ГААГ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ (Гаага, 10-14 сәуір 1989 жыл)

1989 жылдың 10-14 сәуірінде Гаага қ. (Нидерланды) өткен Туризм жөніндегі парламентаралық конфедерация Нидерландтардың парламентаралық тобының шақыруымен Парламентаралық Одақпен (ПАО) және Дүниежүзілік туристік ұйыммен (ДТҰ) бірлесіп отырып,

- жеке, сондай-ақ ұжымдық туристік саяхат, сапарлар және келулерді ұйымдастыру барлық елдердің мүдделеріне жауап береді, халықаралық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер арасында өзара түсіністік пен сенім ауанын құру, сондай-ақ бүкіл әлемде бейбітшілікті орнықтыру арқылы экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамытуға үлес қоса отырып,

- осы қызметті жүзеге асыру кезінде туризм саласын дамытудағы дамушы елдердің ерекше проблемаларын ескере отырып,

- 1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқығының жалпы декларациясын, соның ішінде оның 24-бабын еске сала отырып, яғни: «Әрбір адамның соның ішінде шектеулі жұмыс уақытын және кезеңдік ақылы демалысты қоса алғанда демалуына және бос уақытқа құқығы бар», сонымен бірге БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылы 16 желтоқсанда қабылдаған Халықаралық әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы пактінің 7-бабына сәйкес мемлекеттер әрбір адамды демалыспен, бос уақытпен, шектеулі жұмыс уақытымен және кезеңдік ақылы демалыспен, сондай-ақ мейрам күндеріндегі төлеммен қамтамасыз етуге міндетті және БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылы 16 желтоқсанда қабылдаған Халықаралық әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы пактінің 12-бабындағы «Әрбір адам өз елін қоса алғанда, кез келген елден кетуге еркі бар» дегенді ескере отырып,

- Халықаралық туризм және саяхат жөніндегі БҰҰ конференциясы (Рим, 1963 жылғы қыркүйек) қабылдаған қарарлар мен ұсынымдарды және соның ішінде әлемнің әртүрлі елдерінде туризмді дамытуға жәрдем көрсету және халықаралық туризмге қатысты үкіметтік рәсімдерді жеңілдетуді ескере отырып,

- туризмнің ізгілік мәнін атап көрсеткен, барлық халықтардың жаңа сапалық қасиеті мен бейбітшілікті және халықаралық түсіністікті нығайтудағы туризмнің ролін таныған және оны дамытудағы, әсіресе туризмнің мәні туралы әлем халықтарының хабардар болуын және адамзаттың құндылығы ретінде туристік ресурстарды сақтау және байыту, халықаралық экономикалық жаңа тәртіпке жауап беретін мемлекеттердің міндетін айқындап берген Әлемдік туризм жөніндегі Манила декларациясындағы және Акапулько құжатындағы, Туристер кодексі мен Туризм хартиясында жазылған қағидаларға сүйеніп отырып,

- «экономикалық дамуға, халықаралық өзара түсіністікке, бейбітшілікке, өркендеуге, жалпы сыйластыққа және адам құқығын сақтауға және барлық адамдарды нәсіліне, жынысына, тілі мен дініне айырмаластан негізгі бостандықтарға үлес қосу үшін туризмді дамытуға жәрдем көрсету мақсатында» (ДТҰ Жарғысының 3 (1)-бабы) Біріккен Ұлттар Ұйымы мойындаған туризмді дамытудағы Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) «орталық және шешуші ролін» ескерте отырып,

- туризмді жан-жақты дамытуға көптеген үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, атап айтқанда Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі комитеті (ЮНЕСКО), халықаралық теңіз ұйымы (ХТҰ), Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ХААҰ), Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі БҰҰ бағдарламасы, Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол) және Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы

(ХЫДҰ) үлес қосады және осы ұйымдардың ДТҰ-мен тығыз байланыстағы ынтымақтастығының мәнін атап көрсете отырып,

- Адам құқығының жалпы декларациясында, Халықаралық әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар туралы пактіде және басқа да халықаралық және өңірлік заңдық құжаттарда көрсетілген еңбек ету құқығына деген адамның табиғи қажеттілігін, негізгі құқығын, демалысқа, бос уақытқа, және кезеңдік ақылы демалысқа құқығын, сондай-ақ осы уақытты білім алу және саяхат жасау мақсатында, ішкі және халықаралық туризмнен алынатын игіліктерді алу мақсатындағы туризмнің ролін салтанатты түрде растай отырып,

- 1925 жылы Гаагада өткен туристерді тасымалдаумен айналысатын ресми қауымдастықтардың Халықаралық бірінші конгресінде Халықаралық ресми туристік ұйымдар одағының негізі қаланды, ол 1975 жылы Дүниежүзілік туристік ұйым болып қайта құрылғандығын еске сала отырып,

- Туризм жөніндегі Гаага декларациясын халықаралық ынтымақтастықтың, халықтар арасындағы жақындасудың құралы және жеке және ұжымдық дамудың факторы деп жариялайды,

- парламенттерді, үкіметтерді, туристік қызметке жауап беретін мемлекеттік және жеке ұйымдарды, қауымдастықтар мен мекемелерді, туризм саласындағы кәсіпқойларды, сондай-ақ туристердің өзін оның қағидаларын, бұдан әрі қалай жазылса, солай ескеруге және өз қызметтерінде тұрақты түрде негізге алуға шақырады.

1-қағидат

1. Бүгінгі таңда туризм жүздеген миллион адамдардың күнделікті өміріне енген құбылысқа айналды:

а) ол адамдардың өздері тұратын орындарынан және жұмысынан барлық еркін қозғалысты, сондай-ақ сол кезде туындайтын қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған қызмет саласын қамтиды;

б) ол жекелеген тұлғалардың бос уақытын пайдаланудың маңызды түріне айналған адамдар мен қазіргі қоғамға қажетті қызмет түрі және ұлттардың өмірінде туындаған бірігу нәтижесіндегі саяси, экономикалық және мәдени байланыстар арасындағы құрал болып табылады;

в) туризм әрбір адамның қамқорлығында болуы керек. Ол қазіргі қоғамда шешуші рөл атқарады, сондықтан парламенттер мен үкіметтер қоғамның басқа да негізгі қажеттіліктерімен бірге оны үйлесімді дамытуды қамтамасыз ету үшін туризмге ба-рыңша назар аударулары қажет.

2. Барлық үкіметтер ішкі және халықаралық туризмді дамытудың маңызды шар-ты болып саналатын ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға және нығайтуға ұмтылулары керек.

2-қағидат

1. Егер ұлттық міндеттерді жедел шешу үшін және ұлттық экономикаға елдің туризм-нен түсетін табысына көп шығын жұмсмай, өзін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қажетті шаралар қабылдаса, туризм барлық елдер үшін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өсуге жәрдем көрсетудің тиімді құралы болады.

2. Сол себепті мынадай шаралар, тіпті төмендегілерді қамтамасыз ету үшін екіжақты және көпжақты техникалық ынтымақтастықтың әртүрлі нысандары да арқылы қабылдануы қажет:

а) сенімді инфрақұрылым жасау және негізгі объектілердің болуы үшін;

б) әртүрлі деңгейдегі қызметшілері бар туристік индустрияның қажеттілігін қанағаттандыратын оқу орындары болуы үшін;

в) басқа басым секторлармен, ауыл шаруашылығымен, өнеркәсіппен, денсаулық

сақтаумен, әлеуметтік қамтумен, біліммен және т.б. бірге туризм елдің дамуының кешенді жоспарының құрамдас бөлігі болуы үшін;

г) ішкі туризмді дамыту халықаралық туризмді дамыту сияқты ынталандырылатын болса. Ішкі туризмнің базасының орнықты болуы елде халықаралық туризмді дамыту кезінде үлкен артықшылыққа ие болар еді;

д) тіпті ішкі туризмді жоспарлаған кезде қоғамның теңгерімді және кешенді өсуі үшін дамудың жалпы жоспарын ескере отырып, аумақтық негізде әзірленуі керек;

е) туристерді қабылдау мақсатындағы орындардың, қоршаған ортаның табиғи, физикалық және мәдени жалпы қабілеті (өткізілім қабілеті) үнемі ескерілуі қажет.

3-қағидат

1. Туризмнің дамуының негізгі шарты адамның бұзылмаған табиғи және мәдени қоршаған ортасы болып табылады. Оның бер жағында туризмді ұтымды басқару арқылы қоршаған ортаны және мәдени мұраны қорғауға және дамытуға, сондай-ақ адамның өмір сүру деңгейін арттыруға үлес қосуға болады.

2. Осындай туризм мен қоршаған орта арасындағы өзара терең байланысты ескере отырып, мыналарды іске асыру үшін қажетті тиімді шаралар қолдану қажет:

а) ел ішінде, сонымен бірге шет елдерге саяхат жасайтын туристерге олардың баратын жерлеріндегі табиғи, мәдени және адами қоршаған ортаны сақтау және құрметтеу жөнінде ақпарат беру, оқыту;

б) БҰҰ мақұлдаған екі құжатта, яғни Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму жөніндегі комиссияның (Нидерланд баяндамасы) баяндамасында және БҰҰ Қоршаған орта туралы бағдарламасының (ЮНЕП) «2000 жылға дейінгі және одан кейінгі жылдарға арналған қоршаған ортаны болжау» баяндамасындағы «қолдап дамыту» тұжырымдамасы негізінде туризмнің кешенді және жоспарлы дамуына жәрдем көрсету;

в) туристердің баратын жерлеріндегі өткізілім қабілетінің деңгейін анықтау және оны қажет болса белгілі бір кезеңде немесе маусымда сондай жерлерге шектеу жасай отырып, сақтау;

г) демалу, спорттық, тарихи, археологиялық, өнер, мәдениет, дін, ғылым, әлеуметтік орта немесе техникалық тұрғыдан қызығушылық тудыратын табиғи және / немесе туристік игіліктердің тізбесін жасауды жалғастыру және қоршаған ортаға қатысты мәселелерді ерекше ескере отырып, туристік даму жоспарының қажетті шараларын қабылдау, қоршаған табиғи және мәдени ортаны қорғаудың маңызын ескеріп, тұтастай алғанда туристердің, туристік индустрияның және қоғамның хабардар болуына жәрдем көрсету;

д) туристер мен қабылдаушы тұрғындар арасындағы тығыз байланыс пен өзара түсіністікке, мәдени ерекшелікті сақтауға ықпал ететін және әртүрлі және өзіндік туристік өнімдер мен объектілерді ұсынатын туризмнің баламалы үлгілерін дамыту-ды ынталандыру;

е) ұлттық та, халықаралық та деңгейде осы мақсаттарға жету үшін мемлекеттік және жеке сектордағы тиісті ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

4-қағидат

1. Туризмнің айрықша ізгілік сипатын ескере отырып, шет елдік болсын, немесе өз елінде саяхаттайтын туристер болсын олардың өздеріне тән проблемаларына барлық уақытта назар аудару қажет. Кез келген адам шет елдік турист деп аталады мына жағдайларда:

а) өзінің тұрақты тұратын жерінен басқа кез келген басқа елге саяхат жасау ниеттегі және / немесе саяхат жасайтын;

б) саяхатының негізгі мақсаты сапар немесе үш айдан аспайтын уақыт сол елде болу, оған үш айдан аса мерзімде болуға рұқсат етілген және үш айға берілген рұқсаты жаңаланған жағдайдан басқа;

в) аталған сапардың соңында немесе болғаннан кейін барған елінен міндетті түрде кететін немесе өзінің тұрақты тұратын жеріне, немесе басқа елге сапарға шығу үшін кететін адам.

2. Егер ол 1-тармақта көрсетілген барлық талаптарға жауап бермейтін болса, ондай нақты тұлғаны және туристік сапармен немесе сол елде болу мақсатында елге келгеннен кейін оны ұзартуды немесе сапардың және болудың мерзімін тұру және / немесе сол елде ақылы қызмет атқару үшін ұзартуға тырысатын адамды шет елдік турист ретінде қарау қисынсыз.

5-қағидат

1. Әрбір адамның демалуға және бос уақытқа деген құқығы, жұмыс уақытын дұрыс шектеу және ақылы кезеңдік демалысқа, сондай-ақ заңмен көзделген және жүріп-тұру еркіндігі қағидатына күмән тудырмайтын еркін саяхат жасау құқығы жалпылама мойындалуы қажет.

2. Әрбір әйел мен еркектің осы негізгі құқықтарын толық қамтамасыз ету үшін:

а) ішкі және халықаралық туризмді және бос уақытты өткізумен байланысты, оған қатысатын барлық адамдардың игілігі үшін қызмет түрлерін үйлесімді дамыту саясатын әзірлеу және жүргізу;

б) Әлемдік туризм жөніндегі Манила декларациясында, Акапулько құжатында, Туризм хартиясы мен Туристер кодексінде жазылған қағидаттарды, әсіресе мемлекеттердің өздерінің ұлттық басымдықтарына сәйкес туризмді дамыту саясатын, жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысты ережелеріне басты назар аудару қажет.

6-қағидат

Туризмнің дамуы саяхатты оңайлатуды талап етеді, сондықтан мемлекеттік және жеке секторлар мынадай тиімді шаралар қабылдауы қажет:

а) жеке тәртіпте, сондай-ақ ұжымдық негізде пайдаланатын көлік түріне қарамастан, туристік саяхаттарды, сапарларды және болуларды жеңілдетуге;

б) паспорттарға, визаларға, медициналық және валюталық бақылауға және шекарадағы туристік өкілдіктердің мәртебесіне қатысты туристік рәсімдерді оңайлату жөнінде тиісті шаралар қабылдау арқылы туристік саяхатты, сапарларды және болуларды кеңейтуге өз үлестерін қосуға;

в) осы мақсатта туристік саяхатты, сапарларды және болуларды оңайлату жөніндегі Будапешт конвенциясын қабылдау және орындауға жәрдем көрсетуге, бұл туристерге қолданылатын заңдық ережелерді бейтараптандыруға және туристерге қызмет көрсететін туристік кәсіпорындардың, туристік агенттіктердің және басқа ұйымдардың қызметіне қатысты техникалық нормаларды келісуге мүмкіндік берер еді.

7-қағидат

Туризмді дамытудағы басты шарттың бірі туристердің қауіпсіздігі мен қорғалуы, олардың құрметтелуі болып табылады. Сондықтан:

а) туристік саяхатты, сапарларды және болуларды оңайлату жөніндегі шаралар туристер мен туристік объектілерді және туристердің абыройын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралармен бірге жүруі қажет;

б) осы мақсатта туристерді және туристік объектілерді қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ туристердің абыройын құрметтеуге бағытталған тиімді саясат қалыптасуы;

в) туристер пайдаланатындықтан ерекше назар аударуды талап ететін туристік тауарларды, объектілерді және жабдықтарды нақтылау қажет;

г) тиісті құжаттар мен ақпараттар әзірленіп, туристік нысандар мен /немесе туристік игіліктерге қауіп төнген жағдайда қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет;

д) туристерді қорғау саласындағы заңдық ережелер, атап айтқанда жеке өзіне немесе оның мүлкіне зиян келтіретін жағдайларда, әсіресе лаңкестік сияқты аса қауіпті актілер кезінде ұлттық соттардан тиімді сот тәртібімен қорғалуға мүмкіндік алуға, туристердің құқықтық қабілетін қоса алғанда, әрбір елдің жекелеген заңнамалық жүйесіне арналған ерекшеліктер рәсімдерге сәйкес орындалуы қажет;

е) туристерді қорғау мен олардың қауіпсіздігі мәселелерін реттейтін ұсынымдық шаралардың бағдарламаларын дайындау кезінде мемлекеттер ДТҰ аясында ынтымақтасуы қажет.

8-қағидат

Лаңкестік туризмге және туристік қозғалысқа нақты қауіп төндіреді. Лаңкестерге кез келген қылмыстық элементтер сияқты қарау керек, оларды қудалау және оларға мерзім қолданбай-ақ, жазалау қажет: бұл жағдайда бірде бір ел лаңкестері үшін қауіпсіз баспана бола алмайды.

9-қағидат

1. Туризмнің сапасы оның көрсететін қызметінің сапасына тәуелді. Сондықтан көпшілікке мектептен бастап берілетін тиісті білім мен туризм саласындағы кәсіби мамандарды үйрету, аталған кәсіпті меңгеретін жаңа тұлғаларды дайындау туристік индустрия мен туризмді дамыту үшін аса маңызды болып табылады.

2. Осыған байланысты мынадай тиімді шаралар қабылдануы қажет:

а) туризмді мектептің және жоғары оқу орындарының жұмыс жоспарына енгізе отырып, сапарлар мен туризм үшін жекелеген тұлғаларды дайындау;

б) туристік мамандықтардың беделін арттыру және бірінші кезекте жастардың туризм саласында мамандықтар таңдауын ынталандыру;

в) тек қана білім беріп қоймай, сонымен бірге халықаралық деңгейдегі стандартты оқу жоспары негізінде туризм саласында білім беретін оқу орындарын құру, олардың берген дипломдары мен туристік қызметкерлерін тануды жеңілдетер еді;

г) ЮНЕСКО-ның осы саладағы ұсыныстарына сәйкес оқытушыларды оқытуға, денгейіне қарамастан, барлық туристік қызметкерлер мен оқытушыларға арналған тұрақты жұмыс істейтін біліктілік арттыру курстарын өткізу мен тұрақты білім беруге көмектесу;

д) туризмді дамытудағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды ролін атап көрсету.

10-қағидат

1. Туризм осы құбылыстың барлық қырларын ескере отырып, мемлекеттік билік, туристік индустриямен бірлесіп кешенді және жалғаспалы негізде жоспарлануы керек.

2. Туризмнің ұлттың өмірінде экономикалық және әлеуметтік қызметтің басқа да түрлері сияқты өндірістік маңызға ие екендігін ескере отырып және туризмнің ролі ғылыми-техникалық үдеріске және бос уақыттың көбеюіне байланысты өсетіндігін ескеріп, барлық елдерде ұлттық туристік әкімшіліктердің құқықтары мен міндеттерін басқа ірі экономикалық секторға жауап беретін әкімшіліктердің деңгейіне теңестіру қажет.

3. Туризммен байланысты туындайтын проблемаларға жаңандық тұрғыда қарау нағыз ұлттық туристік саясат құруды талап етеді, парламенттер оны әзірлеген кезде туризм жөнінде жеке заң қабылдаудың мүмкіндігін қарастырып, егер қажет болса заңдық күші бар Туристер кодексінің шығаруға мүмкіндік алар еді.

4. Туризмнің халықаралық ауқымын ескере отырып, оны үйлесімді дамыту үшін тікелей мемлекетаралық және ДТҰ сияқты халықаралық ұйымдардың арналары бойынша, сондай-ақ үкіметтік емес және кәсіби ұйымдар арқылы туристік сектордың өзге де әртүрлі байланыстары арқылы әлемдік те, сол сияқты өңірлік те халықаралық ынтымақтастық қажет.

ТУРИЗМНІҢ ҒАЛАМДЫҚ ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ (Сантьяго, 1999 жылғы 1 қазан)

Туризмнің ғаламдық этикалық кодексі жаңа мыңжылдықтар кезеңінде әлемдік туризмді жауапты және тұрақты дамыту үшін бағдарлар кешенін белгілейді. Онда мұның алдындағы осындай декларациялар мен қолданыстағы кәсіби кодекстердің мұраттары да қамтылған және ол XX ғасырдың аяғындағы біздің қоғамымыздағы өзгерістерді сипаттайтын жаңа көзқарасты білдіреді.

Болжамдар бойынша халықаралық туризмнің көлемі таяу арадағы жиырма жыл ішінде үш есеге артады, Дүниежүзілік туристік ұйым мүшелері туризмнің ғаламдық кодексі туристік орталықтардың тұрғындары үшін туризмді дамытудан түсетін пайданы барынша көбейтуге көмек беру және оның қоршаған орта мен мәдени мұраға тигізетін кері әсерін азайту үшін қажет.

Кодексті әзірлеу қажеттілігі 1997 жылғы Стамбұлдағы ДТҰ Бас Ассамблеясында қабылданған қарарда көрсетілген. Соңғы екі жылда Ғаламдық туризм кодексінің дайындау жөнінде арнайы комитет құрылды, оның жобасын Бас хатшы мен ДТҰ-ның заң кеңесшісі ДТҰ Өңірлік комиссиялары мен Аtpкyapу кеңесінің Іскерлік кеңесімен кенесу негізінде әзірледі.

БҰҰ тұрақты даму жөніндегі комиссиясы өзінің 1999 жылғы Нью-Йоркте сәуірде өткен сессиясында осы Кодекстің тұжырымдамасын мақұлдады және ДТҰ-ға оны жеке сектор, үкіметтік және еңбек ұйымдарының ұсыныстарымен толықтыру ұсынылды. Кодекске жазбаша түсіндірмелер ДТҰ-ның 70-тен аса мемлекетінен және әртүрлі ұйымдардан келіп түсті. Ұзақ кенесудің нәтижесінде әзірленген 10 тармақтан тұратын Туризмнің ғаламдық этикалық кодексінің соңғы нұсқасы 1999 жылы қазан айында Сантьяго қ. ДТҰ-ның Бас ассамблеясында бірауыздан мақұлданды.

Кодексте туристік бағыттарды, үкіметтердің, туроператорлардың, салушылардың, туристік агенттіктердің, еңбекшілердің және саяхат жасаушылардың өздері үшін «ойын ережесін» айқындайтын 9 баптан тұрады. Соңғы оныншы бап даулы мәселелерді шешуге арналған және осындай кодексте оны іске асырудың тетіктері болуын қарастырады. Ол құрамында әлемнің барлық аймақтарының өкілдері бар және туристік үдеріске қатысушы барша үкіметтердің, жекесекторлардың, еңбек және үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен Дүниежүзілік туризм этикасы комитетін құру арқылы түсіністікке негізделетін болады.

Толық көрсетілген Туризмнің ғаламдық этикалық кодексі қолданыстағы құжат болуы қажет. Оны оқыңыздар. Кеңінен таратыңыздар. Оны іске асыруға қатысыңыздар. Ынтымақтастығымыздың арқасында біз туристік индустрияның болашағына кепілдік береміз және осы сектордың экономикалық жағдайға қосатын үлесін арттырамыз, біздің ғаламшардағы халықтар арасында бейбітшілік пен өзара түсіністікті орнатамыз.

*Франческо Франджиалли,
Дүниежүзілік Туристік Ұйымның Бас хатшысы*

Біз, Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) мүшелері, Сантьяго қ. (Чили) Бас Ассамблеяда 1999 жылғы 1 қазанда жиналып, Дүниежүзілік туристік ұйымның Жарғысының 9-бабында жазылған мақсаттарды тағы да растай отырып және Біріккен Ұлттар Ұйымы таныған экономикалық дамуға туризмді дамытудың үлесін арттыруға көмек көрсету ісінде, халықаралық өзара түсіністік пен бейбітшілікті, өркендеуді, адам құқығын және барлық адамдардың нәсіліне, жынысына, тіліне және дініне негізгі бостандықты жалпы сақтау және сыйлау ісіндегі осы Ұйымның «шешуші және жетекші ролін» **сезіне отырып,**

әртүрлі мәдениет пен тұрмыс салтты көрсететін әйелдер мен ерлер арасындағы тікелей, ойламаған жерде болған байланыстар арқылы туризм біздің жер

шарымыздағы халықтар арасында бейбітшілікті пен достықты нығайтудың қуатты факторы екендігіне **сене отырып**,

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1992 жылы Рио-де-Жанейрода «Жер ғаламшары» жоғары деңгейінде өткен және оны өзінің 21 сессиясының Күн тәртібінде атап көрсеткендей қоршаған ортаны қорғау, экономикалық даму мен кедейшілікпен күрес үрдісімен **келісе отырып**,

туристік қызметтің рекреациялық, мәдени, діни және сауықтыру мақсатта бұдан бұрын да, алдағы болжанатын келешекте де тез және тұрақты өсуін назарға ала отырып және оның қоршаған ортаға, экономика мен қоғамға бағыттаушы, сонымен бірге қабылдаушы елдерге, жергілікті қоғамдастықтарға және байырғы халықтарға, сондай-ақ халықаралық қатынастар мен саудаға қуатты жағымды әрі теріс әсерін **ескере отырып**, өздерінің бос уақыттарын демалуға және саяхаттауға пайдалану ретінде барлық адамдардың және барлық халықтардың қоғамдық таңдауын, құқықтарын іске асыру аясында жауапты, тұрақты және барлығына қол жетімді туризмді дамытуды өзінің мақсаты **ете отырып**,

бұл ретте әлемдік туристік индустрия тұтастай алғанда, рыноктық экономикаға, жеке кәсіпкерлікке және еркін саудаға қолайлы ортада әрекет ете отырып ұтатындығын және оның жұмысын қамтуға және хал-ауқатты арттыруға жағымды әрекетін онтайландыруға мүмкіндік беретіндігіне **сене отырып**,

сондай-ақ бірқатар қағидалар мен ережелерді сақтауда жауапты және тұрақты туризм қызметінің саудасын реттейтін және соның негізінде туристік секторда жұмыс істейтін кәсіпорындардың өсіп келе жатқан тарату шарттарымен үйлеседі, және осы салада халықаралық алмасулар мен әлеуметтік және мәдени ерекшелігін **ескере отырып**,

туристік процеске қатысушылардың барлығы – ұлттық, өңірлік және жергілікті әкімшіліктер, кәсіпорындар, кәсіби қауымдастықтар, үкіметтік емес ұйымдар, туристік индустрия қызметкерлері, сондай-ақ қабылдаушы қоғамдастықтар, бұқаралық ақпарат құралдары және туристердің өздері мұндай жағдайда олардың жеке құқықтары мен міндеттерін анықтау осы мақсатқа жетуге ықпал ететіндігін, алайда жеке және әлеуметтік туризм құндылықтарын арттырудағы **өзара рөлін ескере отырып**,

1997 жылы Бас Ассамблеяда (Стамбұл қ.) Дүниежүзілік туристік ұйым 364 қарарды қабылдағанда және осы сипаттағы серіктестік пен ынтымақтастық ашық және тең негізде бағыттаушы және қабылдаушы елдер арасында және олардың тиісті туристік индустриясы арасындағы қатынастарға таратуға ниет ете отырып, туристік процестің барлық мемлекеттік және жеке қатысушылары арасындағы шынайы серіктестікті қалыптастыруға жәрдем көрсетуге **ұмтыла отырып**,

әлемдік туризм жөніндегі Манила және туризмге әлеуметтік әсер ету жөніндегі 1997 жылғы декларацияларды, 1985 жылғы ДТҰ шеңберінде Софияда қабылданған **Туризм хартиясы мен турист кодексін дамытуға**,

бұл ретте, бұл құжаттарды кешенді қағидаттармен толықтыру қажеттігін ескере отырып, солардың негізінде туристік процеске негізгі қатысушылар өзінің қызметін 21-ші ғасырдың басында реттейтіндігін **ескеріп**,

осы құжаттың 1991 жылы 24-28 маусымда Оттавада өткен халықаралық конференцияда қабылданған және Біріккен Ұлттар Ұйымының 1993 жылы жиырма жетінші сессиясында Статистикалық комиссияда бекітілген саяхатқа қатысты, әсіресе «келуші», «турист» және «туризм» ұғымдарын анықтау және жіктеу мақсатында **қолдана отырып**,

атап айтқанда мына құжаттарға **сілтеме жасай отырып**:

- 1948 жылғы 10 желтоқсандағы адам құқықтарының жалпы декларациясына;

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге;

- 1966 жылғы 16 желтоқсандағы азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактіге;

- 1929 жылғы 12 қазандағы әуе транспорты туралы Варшава конвенциясына;

- 1944 жылғы 7 желтоқсандағы азаматтық авиация туралы Чикаго халықаралық конвенциясына, сондай-ақ соған байланысты қабылданған Токио, Гаага және Монреаль конвенцияларына;

- 1954 жылғы 4 шілдедегі туризмге арналған кедендік жеңілдіктер туралы Конвенцияға және соның тиісті Хаттамасына;

- 1972 жылғы 23 қарашадағы әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенцияға;

- 1980 жылғы 10 қазандағы әлемдік туризм жөніндегі Манила декларациясына;

- ДТҰ алтыншы Бас Ассамблеясының қарары, 1985 жылғы 26 қыркүйектегі Туризм хартиясы мен Турист кодексіне;

- 1990 жылғы 26 қаңтардағы бөбектер құқығы туралы конвенцияға;

- туристердің сапарын оңайлату, сондай-ақ қауіпсіздігі мен қорғауға қатысты 1991 жылғы 4 қазандағы ДТҰ тоғызыншы Бас Ассамблеясының қарарына;

- 1992 жылғы 13 маусымдағы қоршаған орта мен даму жөніндегі Рио-де-Жанейро декларациясына;

- 1994 жылғы 15 сәуірдегі сауда және қызметтер жөніндегі Бас келісімге;

- 1995 жылғы 6 қаңтардағы биологиялық түрлендіру жөніндегі конвенцияға;

- ұйымдастырылған секс туризмнің алдын алу туралы 1995 жылғы 22 қазандағы ДТҰ (Каир) он бірінші Бас Ассамблеясының қарарына;

- коммерциялық мақсатта балаларды напсіқұмарлыққа пайдаланумен күрес жөніндегі 1996 жылғы 28 тамыздағы Стокгольм декларациясына;

- Туризмге әлеуметтік әсер ету жөніндегі 1997 жылғы 22 мамырдағы Манила декларациясына;

- халықаралық еңбек ұйымдары қабылдаған мәжбүрлеу және балалар еңбегіне тыйым салу, байырғы халықтардың құқығын қорғау, жұмыс орындарындағы теңдік пен қысым көрсетуге жол бермеу саласындағы ұжымдық шарттардың ұсынымдары мен конвенцияларға **сүйене отырып**:

Біз өзіміздің әділ, жауапты және тұрақты әлемдік туристік тәртіп орнатуға деген ниетімізді, туризм мен туристік саяхат еркіндігіне деген құқымызды білдіреміз, ол қоғамның барлық секторларына ашық және әлемдік нарықтық экономикада пайда келтіретін болады және осы қағидаттарға сәйкес салтанатты жағдайда **Туризмнің ғаламдық этикалық кодексін қабылдаймыз**.

ҚАҒИДАТТАР

1-БАП. Туризмнің халықтар мен қоғамдар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластыққа қосар үлесі

Өртүрлі діни, философиялық және адамгершілік сенімдерді төзімділік пен сыйластық тұрғысында бүкіл адамға тән этикалық құндылықтарды түсіну және тарату жауапкершілігі туризмнің негізі бір мезгілде туристік үдеріске қатысушылар мен туристердің өздері барлық халықтардың әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерін ескере отырып, ұлттық азшылық пен байырғы халықтарды және олардың артықшылығын тану болып табылады.

2. Туристік қызметті қабылдаушы өңірлер мен елдердің өздеріне тән ерекшеліктері мен дәстүрлерін қабылдай отырып, бұл ретте олардың заңдарын, әдет-ғұрыптарын сақтай отырып үйлесімділікпен жүзеге асыру қажет.

3. Қабылдаушы қоғамдастықтар бірінші тараптан, және туристік үдеріске жергілікті қатысушылар екінші тараптан, өздеріне келетін туристерді қабылдап, танысып, оларға құрметпен қарауға тиіс, олардың өмір сүру салты, талғамы, танымы туралы хабардар болуы қажет; сектордағы қызметкерлердің білімі мен кәсіби дайындығы қонақжай жағдайда қабылдауға ықпал етеді.

4. Мемлекеттік билік туристерді және келушілерді қорғауды және олардың мүлкін сақтауды қамтамасыз етуі қажет; олардың ерекше жағдайын ескере отырып, шет елдік туристердің қауіпсіздігіне ерекше назар аударуы қажет; олардың қажеттілігіне жауап беретін ақпарат алу, алдын алу, қорғау, сақтандыру және жәрдем көрсету жөнінде нақты шаралар қабылдауға ықпал етеді; туристер мен туристік индустрия қызметкерлерін ұрлау, тонау, қысым жасау, қорқыту, үркітуге, сондай-ақ туристік нысандар мен мәдени және табиғи мұрадағы объектілерге қасақана залал келтіруге қатысты оқиғаларды өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қатаң түрде талқылауы және болдырмауы қажет.

5. Туристер мен келушілер саяхат кезінде өздері барған елдің заңдары бойынша қылмыс деп қаралуы мүмкін қандай да бір қылмыстық әрекеттер жасамауы немесе жол бермеуі, сондай-ақ жергілікті тұрғындар үшін үрей туғызатын немесе оларды қорлайтын және жергілікті қоршаған ортаға залал келтіруі мүмкін жағдайларға жол бермеуі қажет. Туристер мен келушілер есірткі, қару-жарақ, ескі заттар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің қорғалатын түрлерін, сондай-ақ ұлттық заңнамамен тыйым салынған немесе қауіпті деп танылған заттарды және құралдарды сатуға, айналымға шығаруға қатыспауы қажет.

6. Туристер мен келушілер сапарға шығарған бұрын баратын елі туралы толық мағлұмат алуы қажет, олар өздерінің күнделікті тұрмысынан тыс ортаға шығумен байланысты өздеріне, денсаулықтарына келетін қауіп пен зиян туралы білуі қажет және мұндай жағдайлардан аулақ болудың барлық шараларын жасауы қажет.

2-БАП. Туризм – жеке және ұжымдық өсіп, жетілу факторы

1. Туризм – көбінесе демалумен, бос уақытты өткізумен, спортпен және табиғатпен, мәдениетпен қауышумен байланысты қызмет ретінде бағаланады және ол адамның жеке және ұжымдық өсіп-жетілу құралы ретінде жоспарланады және солай ұйымдастырылады; туризм рухани тұрғыда өсу ретінде көрсетілсе, онда ол адамның білімін байыту, ұстамдылыққа тәрбиелеу және халықтар мен мәдениеттер арасындағы заңдық айырмашылықтарды танып-білудің баға жетпес факторына айналады.

2. Туристік қызметтің барлық түрінде ерлер мен әйелдердің теңдігін сақтау қажет; ол адам құқығын сақтауға, әсіресе халықтың қорғалмаған жіктерін, әсіресе балалардың, қарттар мен мүгедектердің, этникалық аз және байырғы халықтардың құқықтарын сақтауға ықпал етуі қажет.

3. Адамды пайдаланудың барлық нысандары, әсіресе, зинақорлық мақсатта, соның ішінде балаларға қатысты жағдайлар туризмнің негізгі мақсатына қайшы келеді және туризмге қарама-қарсы әрекеттер болып табылады, бұл ретте халықаралық құқыққа сәйкес мұндай әрекеттер барлық мүдделі мемлекеттер ынтымақтаса отырып, өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес баратын елдерінде де, сондай-ақ сондай әрекеттер орын алған елдерде де, егер олар шекарадан тыс жерлерде болып жатса да қудалануы қажет.

4. Туризмнің пайдалы ерекше нысаны ретінде діни, сауықтыру, білім беру, сондай-ақ мәдени және тіл ұстарту мақсатындағы сапарлар әрдайым қолдау тауып отыруы қажет.

5. Білім беру курстардағы туристік алмасулардың құндылығы, олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан тиімділігі туралы, сондай-ақ сонымен байланысты кейбір қиындықтар туралы да ақпараттар енгізілуі қажет.

3-БАП. Туризм – тұрақты даму факторы

1. Туристік үдеріске қатысушылардың барлығы бүгінгі және келешек ұрпақтың қажеттілігі мен талабын қанағаттандыру үшін және оны тең жағдайда дұрыс, тұрақты және экономикалық тұрғыда тиімді дамыту үшін қоршаған табиғи ортаны және ресурстарды сақтауға міндетті.

2. Орталық, өңірлік және жергілікті билік органдары туризмді дамытудың барлық нысандарына бірінші кезекте сирек кездесетін және бағалы табиғи ресурстарды, әсіресе

суды және жарықты үнемдеуге назар аударуы және қаржылық тұрғыда ынталандыруы қажет, сондай-ақ қоқыс-қалдықтарды болдырмаудың жолын қарастыруы қажет.

3. Туристік қызметтің қоршаған ортаға тигізетін зиянын азайту, туристік индустрия мен жергілікті экономикаға пайдалы жақтарын арттыру мақсатында туристер мен келушілердің уақытын және кеңістігін барынша тең бөлу қажет, әсіресе төленетін демалыс уақыты мен балалардың демалысын, сондай-ақ маусымдық жағдайды ескеру қажет.

4. Туристік инфрақұрылым нысандарын және туристік қызметті жоспарлағанда экокүйе және биологиялық алуандықты құрайтын табиғи мұраны қорғауды, сондай-ақ құрып кетудің алдында тұрған өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жабайы түрлерін сақтауды қамтамасыз ету қажет, әсіресе туризмнің кәсіби мамандары шөлді, полярлы және биік таулы аудандарда, тропикалық ормандарды және табиғи бақтар мен қорғалатын қорықтарды құруға әбден лайық ылғалды аймақтарда тиісті шектеулер мен қызмет шегін белгілеуге келісулері қажет.

5. Табиғи туризм және экотуризм табиғи мұра мен жергілікті халыққа деген көрсетілетін құрметке байланысты және туристік объектілерді қабылдау әлеуетін сақтауына қатысты туризмнің ең құнды әрі бай түрі болып саналады.

4-БАП. Туризм - адамзаттың мәдени мұрасын пайдаланушы және оны байытуға үлес қосушы сала

1. Туристік ресурстар бүкіл адамзаттың және өздері орналасқан аумақтағы қоғамдастықтың байлығы болып саналады және оларға қатысты ерекше құқықтар мен міндеттер бар.

2. Туристік саясат пен қызмет келешек ұрпаққа оларды қорғау және сақтау мақсатында көркем, археологиялық және мәдени мұраға құрмет көрсету негізінде жүзеге асырылады; бұл ретте туристердің баруы үшін әрдайым ашық болуға тиісті ескерткіштер, қасиетті орындар және мұражайлар қорғалады және қамқорлыққа алынады; олардың иелерінің құқығына құрмет көрсете отырып, жеке меншіктегі мәдени құндылықтар мен ескерткіштерге жұртшылықтың баруына, сондай-ақ діни сипаттағы ғимараттарға, оларға барғанда мәдени қажеттіліктерге залал келтірмейтіндей қол жеткізуді ынталандыру қажет.

3. Мәдени ескерткіштерге және нысандарға барудан түсетін қаржыны сол мұраны қорғауды жақсарту және қайта жаңғырту жұмыстарына, ұстап тұру үшін ішінара пайдаланған жөн.

4. Туристік қызметті жоспарлағанда оларды стандарттау мен азайтудың орнына, дәстүрлі колөнерін, мәдениет пен фольклорды сақтау және жаңартуды қамтамасыз ету қажет.

5-БАП. Туризм - қабылдаушы елдер мен қоғамдастықтар үшін тиімді қызмет

1. Жергілікті халық туристік қызметке кеңінен тартылып, тең дәрежеде экономикалық, әлеуметтік және мәдени тиімділікке қол жеткізуі қажет, әсіресе сол қызметтің нәтижесінде жұмыс орындарын ашу арқылы тікелей және қосымша пайда табуы тиіс.

2. Туристік саясат туристердің баратын аудандарындағы жергілікті халықтың тұрмыс деңгейін арттыруға және олардың талабын қанағаттандыруға ықпал ететіндей құрылуы қажет. Қала құрылысы және сәулет жобаларын жоспарлау кезінде және туристік орталықтарды пайдалану және оларға жайғастыру кезінде оларды жергілікті әлеуметтік-экономикалық ортаға барынша пайда әкелетіндей етіп жоспарлау қажет; тең жағдайда ең алдымен жергілікті жұмыс күшін пайдаланудың мүмкіндігін қарастырған жөн.

3. Жағалаудың және аралдардағы аумақтардың ерекше проблемаларына, сондай-ақ ауылдық және таулы аудандардың осал тұстарына ерекше назар аудару қажет, олар үшін туризм экономикалық қызметтің дәстүрлі түрлері құлдыраған кезде туризм олар үшін жақсы мүмкіндік болып табылады.

4. Туризм саласының кәсіби мамандары, әсіресе инвесторлар мемлекеттік билік органдары белгілеген ережелер шегінде өздерінің қоршаған орта мен табиғатқа әсер етуді зерттеу жобаларын жүргізуі қажет; олар сонымен бірге барынша транспаренттік және шынайылық негізде өздерінің болашақ бағдарламалары мен олардың кейінгі салдары туралы ақпарат беруі және мүдделі тұрғындармен оларды ұстау жөнінде өзара диалог жүргізуге ықпал етуі қажет.

6-БАП. Туристік үдеріске қатысушылардың міндеттері

1. Туризм саласының кәсіби мамандары туристерге олардың баратын жерлері және сапар кезіндегі қабылдау және болудың жағдайлары туралы шынайы ақпарат беруі қажет; олар өздері тарапынан ұсынылатын қызметтердің шартта көрсетілген қаржылық міндеттемелері бұзылған жағдайда, өз клиенттеріне ұсынылатын бағаға және қызмет түрлерінің сапасына қатысты шарт талаптарын түсіндіруі тиіс.

2. Туризм саласының кәсіби мамандары мемлекеттік билік органдарымен келісе отырып, өз қызметтеріне жүгінетін адамдардың денсаулығын сақтау, тағамдану гигиенасын сақтау және жазатайым оқиғаларды болдырмаудың шараларын қарастыруы қажет; олар көмек көрсету мен сақтандырудың тиісті жүйесін қамтамасыз етуі қажет; өздерінің ұлттық заңнамасында көзделген талаптарға сәйкес өздеріне міндеттемелер алуы және есеп беруі тиіс және өздерінің шарттағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда өтемақы төлеуі қажет.

3. Туризм саласының кәсіби мамандары қолдан келгенше туристердің мәдени және рухани жетілуіне жәрдем көрсетуі қажет, сапар кезінде олардың діни қажеттіліктерін орындауына мүмкіндік беруі қажет.

4. Туристерді жіберуші және қабылдаушы мемлекеттердің билік органдары туризм саласының кәсіби мамандарымен және олардың қауымдастықтарымен бірлесе отырып, туристік компаниялардың жоғарыда көрсетілген ережелерді, сондай-ақ олардың сапарын ұйымдастырған компанияның жағдайы болмаса, туристерді репатриациялау жөніндегі міндеттемелерін қабылдауды және сақтауды қамтамасыз етуі қажет.

5. Үкіметтер өз азаматтарына шет елдерге сапарға шыққан кезде, әсіресе дағдарысты жағдайда оларға кездесетін қиындықтар, қауіптер және басқа да ауыр жағдайлар туралы ақпарат беруге құқылы және міндетті. Олар сондай-ақ мұндай мәліметтерді қабылдаушы елдердің туристік индустриясы мен өз елдерінің мүдделі компанияларына нұқсан келтірмейтіндей етіп жеткізуі қажет. Мұндай ескертулердің мазмұны қабылдаушы елдердің билік органдарымен және мүдделі кәсіби мамандармен алдын ала талқылануы қажет; әзірленген ұсынымдар қабыптасқан жағдайға сәйкес болуы қажет және тек сол қауіп туғызған географиялық аймақтармен шектелуі қажет; мұндай ескертулер жағдай қалыпқа түскеннен кейін өзгертілуі немесе тоқтатылуы қажет.

6. Баспасөз, әсіресе арнайы туристік баспасөз және басқа да қазіргі заманғы электронды байланыс құралдарын қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары туристердің баруына әсер етуі мүмкін оқиғалар мен жағдайлар туралы шынайы және дұрыс ақпарат беруі қажет; олар сонымен бірге туристік қызметті пайдаланушыларға нақты әрі сенімді мәліметтер беруі тиіс. Осы мақсатта жана ақпараттық технологиялар әзірленеді және қолданылады; бұл ретте баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының секс-туризмге ықпал етуге ешқандай қақысы жоқ.

7-БАП. Туризм құқығы

1. Тікелей және жеке өз біздің ғаламшардағы жақсы орындарды көріп, оның игіліктерін пайдалануға Жерде тұратын барлық адамдардың тең құқығы бар; ішкі және халықаралық туризмге барынша белсенді қатысу бос уақытты пайдалану мүмкіндігінің ең үздік түрі ретінде бағалануы және оған ешқандай кедергі жасалмауы қажет.

2. Туризмге деген жалпы құқылық демалуға және тынығуға деген адам құқысы болып табылады және ол жұмыс уақытын және кезеңдік төленетін демалысты білдіреді, бұған Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің 7 d-бабымен және Жалпы адам құқығы декларациясының 24-бабымен кепілдік берілген.

3. Мемлекеттік билік органдарының қолдауымен әлеуметтік туризмді, соның ішінде демалуға, сапарға шығуға және демалысқа мүмкіндік беретін ұжымдық туризмді көтермелеу және дамыту қажет.

4. Отбасылық, жастар мен студенттер туризмін, сондай-ақ егде жастағы адамдар мен мүгедектерге арналған туризмді көтермелеу және оны дамытуға қолдау көрсету қажет.

8-БАП. Туристік сапарлардың еркіндігі

1. Жалпы адам құқығы декларациясының 13-бабына сәйкес туристер мен келушілердің халықаралық құқық пен ұлттық заңдарды ескере отырып, өз елдерінің, сондай-ақ бір мемлекеттен екінші мемлекеттің аумағына еркін жүріп-тұруға мүмкіндіктері бар; олар транзиттік және келу аймақтарына, сондай-ақ туристік және мәдени нысандарға ешқандай қысымшылыққа ұшырамай және қиындықтарсыз қол жеткізуі қажет.

2. Туристер мен келушілер ішкі және сыртқы коммуникациялардың қолда бар нысандарына қол жеткізуі қажет; олар жергілікті әкімшілік, заңдық және медициналық қызмет көрсетуді кедергісіз және шұғыл пайдалануы қажет; қолданыстағы дипломатиялық конвенцияларға сәйкес олар барған жерлеріндегі өз елдерінің консульдық өкілдіктеріне еркін жүгіне алады.

3. Туристер мен келушілер өздерінің жеке деректері мен мәліметтеріне, әсіресе электрондық тәсілмен сақталатын деректеріне қатысты құпиялықты тұрғысында барған елдерінің азаматтары тұғынатын барлық құқықтарды пайдалануы қажет.

4. Мемлекеттерде енгізілген шекарадан өтудің әкімшілік ресімдері немесе халықаралық келісімдерде көрсетілген визалық, санитарлық және кедендік ресімдер халықаралық туризмге көптеген адамдардың қол жеткізуі және сапарға шығуына жағдай туғызуда бейімделуі қажет. Осындай ресімдерді оңайлатуға және үйлестіруге бағытталған бірнеше елдер арасындағы келісімдер көтермеленуі қажет; туристік индустрияға ауыр тиетін немесе бәсекеге қабілеттілікке залал келтіретін арнайы салықтар мен алымдарды бірте-бірте алып тастау немесе түзету қажет.

5. Келушілер өздері барған елдің экономикалық жағдайына сәйкес ардың сапарына қажетті конверттелген валютамен қажетті соманы алуына мүмкіндігі болуы қажет.

9-БАП. Туристік индустрия қызметкерлері мен кәсіпкерлердің құқықтары

1. Туристік индустрияның және соған ұқсас салалардың жалдамалы және дербес қызметкерлерінің негізгі құқықтары олардың қызметінің маусымдық сипатына, туристік индустрияның жабындық көлемі мен олардың жұмысына қатысты талаптардың арнаулы шектеулерін ескере отырып, олар тұратын мемлекетте де, сондай-ақ қабылдаушы ел ретінде де әкімшіліктің бақылауында болады.

2. Туристік саланың және оған ұқсас салалардың жалдамалы және дербес қызметкерлерінің тиісті бастауыш білімі болуы қажет және біліктілігін тұрақты арттырып отыруға міндетті; олар әлеуметтік тұрғыда лайықты қамтамасыз етілуі қажет; олар жұмыспен қамтылуына барынша сенімді болуы қажет; сектордың маусымдық қызметкерлеріне, әсіресе оларды әлеуметтік қорғау тұрғысында айрықша мәртебе берілуі керек.

3. Қажетті қабілеті мен біліктілігі бар барлық жеке және заңды тұлғалар қолданыстағы ұлттық заңнаманың шеңберінде туризм саласындағы кәсіби қызметпен шұғылдануға құқылы; шағын және орта кәсіпорындардың кәсіпкерлері мен инвесторлары барынша аз заңдық және әкімшілік шектеулермен туристік секторға еркін қол жеткізуі қажет.

4. Өртүрлі елдердің жалдамалы және дербес басқару кадрлары мен қызметкерлеріне ұсынылатын тәжірибе алмасулар әлемдік туризм индустриясын жетілдіруге ықпал етеді; оларға ұлттық заңдар мен қолданыстағы халықаралық конвенцияларды ескере отырып, барынша жәрдем көрсету қажет.

5. Халықаралық алмасуларды дамыту және қарқынды арттыру ісінде ынтымақтастықтың теңдессіз факторы болып табылатын туристік индустрияның көпұлтты компаниялары өздерінің қызметтік бабын асыра пайдаланбауы тиіс; қабылдаушы қоғамдастықтарға олар өздерінің әлеуметтік-мәдени модульдерін жасанды түрде таңуға қақылары жоқ; олар өздерінің қосатын экономикалық үлесін азайтпай, жергілікті дамуға да қатысуы қажет.

6. Жіберуші және қабылдаушы елдердің кәсіпорындары арасында теңгермелі байланыстар мен серіктестікті орнату туризмнің тұрақты дамуына және оның өсуі арқылы құралатын пайданы әділ бөлуге ықпал ететін болады.

10-БАП. Туризмнің ғаламдық этикалық кодексін іске асыру қағидаттары

1. Туристік үдеріске мемлекеттік және жеке қатысушылар осы қағидаттардың іске асуына көмектесуі қажет және олардың тиімді пайдаланылуын бақылауы қажет.

2. Туристік үдеріске қатысушылар халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын сақтай отырып, халықаралық ұйымдардың, соның ішінде Дүниежүзілік туристік ұйымның және туризмді дамыту мен оны алға жылжыту, адам құқығын және қоршаған ортаны, денсаулықты қорғау мәселелерімен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың атқаратын рөлін мойындауы қажет.

3. Сол туристік үдеріске қатысушылар осы Туризмнің ғаламдық этикалық кодексін қолдану немесе түсіндірумен байланысты туындаған барлық даулы мәселелерді шешу үшін оны «Дүниежүзілік туризм этикасы жөніндегі комитет» деп аталатын үшінші органға беруі қажет.

МЫҢЖЫЛДЫҚ ОСАКА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ **(Осака, 2001 жылғы 1 қазан)**

Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас ассамблеясының 14-ші сессиясы шеңберінде 2001 жылы 30 қыркүйек пен 1 қазан аралығында Осака қ. (Жапония) өткен Мыңжылдық туризмі лидерлерінің конференциясына қатысқан әлемнің барлық елдерінен келген мемлекеттік және жеке сектор туризмінің көшбасшылары осы декларацияны жасады және төмендегілерді мақұлдады.

Туризм арқылы өртүрлі мәдениетпен және дәстүрлермен танысу бейбітшілікті және халықаралық өзара түсіністікті қамтамасыз етудің маңызды факторы екендігіне сене отырып, бейбітшілік пен қауіпсіздіктің туризмді табысты дамытудың міндетті шарты екендігін атап көрсетеді.

Соңғы 50 жылда болған туризмнің дамуы 21-ші ғасырдың басында қызметтің әлеуметтік-экономикалық басым бағыттарының біріне айналғандығын атап көрсетеді.

Алдағы жиырма жылдың ішінде туризм өнімін тұрақтандырады және бәсекелестікті арттырады, өзінің өсу қарқынын жалғастырады деп есептейді.

Туризмнің халықаралық дағдарыстар алдындағы өзінің тұрақтылығын тағы да көрсететіндігіне және АҚШ-та болған қайғылы оқиғаға дейінгі өсу қарқынын қайта қалыппа келтіретіндігіне сенеді.

Туризмнің жұмыс орындарын ашу жөніндегі елдердің экономикасына және тұрастай алғанда, қоғамға әсер ететін қуатты ықпалын назарға ала отырып, бұл ретте оны жауапсыз жоспарлаумен, басқарумен және туризмге мониторинг жасау кезінде онымен байланысты болатын мәдени, экологиялық және әлеуметтік сипаттағы теріс әлеуметтік салдарларды ескертеді.

Жұмыс орындарын ашу және экономикалық қарқынды қамтамасыз ету кезінде экологиялық проблемаларды тиімді шешу тұрақты негізде туризмді дамытудың жалғыз тәсілі болып табылады.

Туризм өзінің тұрақты дамуы арқылы мәдени және табиғи ресурстарды жақсартудың үлкен әлеуеті болып табылатындығын мойындайды.

Әсіресе туристік өнімді жылжыту, маркетинг, саралау және мамандандыру саласындағы ақпараттық технологиялардың туризмге кері өзгерістер әкелетіндігін ескертеді.

Туризм тек қана коммерциялық құндылық болмауы тиіс, ол сонымен бірге қоғамдық нормалар мен құндылықтардың негізі және жеке адамның өсіп, жетілуіне де жәрдем көрсетуі қажеттігін тағы да ескертеді.

Туризмнің ғаламдық этикалық кодексі 21-ші ғасырда туристік индустрияны дамытудың негізі және басты бағдары болатындығына сене отырып, төмендегі ережелермен өздерінің келісетіндігін білдіреді.

А. Халықаралық туризм рыногы

Туристік индустрия экономиканың ең бір жетекші секторына айналды. Ол көптеген елдердің халықтарының тұтыну моделі мен әлеуметтік тұрмысының ажырамас бөлшегіне айналды. Келесі жиырма жылда халықаралық туризм жылына 4% асатын қарқынмен дамиды деп күтілуде.

Соңғы елу жылдағы теңдессіз өсуден кейін туристік индустрия кешенденіп, күрделене түсті. Қазіргі уақытта туризм рыноктың дәстүрлі және жана сегменттерін, тұтынушылық артықшылықтарды, ақпараттық технологиялар мен басқару тәсілдерін зерттеуді жандандыруды қажет ететін кезеңге келді. Бұл индустрияның қуатты экономикалық әсері, сондай-ақ оның адамға, мәдениетке және қоршаған ортаға тигізер әсері бұл секторды одан әрі дамыту үшін нақты статистикалық деректердің, терең зерттеулердің және тұрақты даму қағидаттарының негізінде жауапты менеджменттің болуын талап етеді.

Туристiк индустрияның үзiксiз өсуi және дамуы және онымен байланысты бәсекелестiктiң өршуi туристiк бағыттардың және өнiмдердiң түрленуiне және жаңа туристiк орталықтардың пайда болуына ықпал етедi және олар туристiк өнiмдер туралы нақты және кешендi ақпараттардың болуы және бәсекелестiктiң артуы арқасында ұтатын болады. Сонымен бiрге туризм мемлекеттiк және жеке секторлар арасындағы диалог, ынтымақтастық және әрiптестiктi кеңейту кезiнде өзi де жетiлiп отырады.

Туризмдi дамытуды жалғастыру қауiпсiздiк пен туристердi қорғауға байланысты да болады. Үкiметтер мен туризм кәсiпкөйлерi туристер үшiн қауiпсiз жағдайлар жасау үшiн барлық шараларды қолдануы және оларға туристiк орталықтардағы қауiпсiздiк туралы нақты мәлiметтер беруi қажет.

Туризм кедейлiкпен күрестегi маңызды одақтасқа айналды. Әртүрлi елдердегi деректер туризмнiң онша дамымаған көптеген елдерде (НРС) экономиканың жетекшi секторына айналғандығын көрсетiп отыр. Олардың көпшiлiгi және еңбекшiлер мен шағын кәсiпорындардың табысын қалыптастыру үшiн туризм экономикалық даму мен өсудiң мүмкiндiктерiнiң (егер жалғыз мүмкiндiк болмаса) бiрiнен саналады. Осылайша туризм кедейшiлiкпен күреске үлкен үлес қосуы және бай және кедей елдер арасындағы айырманы қысқартуға көмек көрсетуi мүмкiн.

Дамыған елдер мен үкiметаралық ұйымдар тарапынан НРС үкiметтерiне олардың туристiк әкiмшiлiктерiнiң әлеуетiн арттыру және жеке сектордағы басқару машықтарын дамыту үшiн техникалық және қаржылай көмек көрсетудi қажет етiп отыр. Мұндай көмектiң басты мақсаты туристiк инфрақұрылымды жетiлдiру және туристiк өнiмдер мен қызмет көрсетудiң бәсекелестiгiн арттыру болып табылады.

Қажетсiз әкiмшiлiк немесе салықтық шектеулерсiз халықаралық туристiк ағынды одан әрi оңайлатуды жүзеге асыру қажет.

Туристiк индустрия мен әртүрлi коммерциялық одақтардың туристiк орталықтарын үшiн барлық мүдделi тараптардың одан барынша табыс түсiруi үшiн қоғым мен сатын алудың сақдарын анықтау және талдау қажет. Рыноқтың топтасуы және жекелеген бiр өнiрлердiң билеуi таңдаудың мүмкiндiгiн азайтып, бәсекелестiктi азайтады деген қауiп бар. Рынокқа кiруге қажеттi шектеулерi жоқ еркін және әдiл бәсекелестiк тұтынушылар үшiн сапасына сай бағаға кепiлдiк бередi.

Шағын және орта кәсiпорындар туристiк индустрия үшiн өте қажет, сондықтан оларды қолдау, көтермелеу және жаман бәсекелестiктен қорғау қажет. Туристiк индустриядағы жұмыс орындарының едәуiр бөлiгi шағын және орта кәсiпорындарға тиесiлi.

Туристiк өнiмдер мен қызметтердiң сапасы - тұтынушылардың таңдауы кезiнде басты талаптардың бiрi. Жоғары сапа стандарттарын сақтайтын туристiк орталықтар бәсекеде артықшылықтарды иеленедi. Осы мақсатта менеджментке оқыту және жаңа технологияларды тиiмдi пайдалануды көтермелеп отыру қажет.

Бiрқатар елдерде бiр мезгiлде олардың жиiлiгiн ұлғайту кезiнде уақыт бойынша еңбек демалысын қысқарту жаңа үрдiске айналды. Екiншi жағынан, көптеген елдерде ұзартылған жұмыс уақыты мен қысқартылған еңбек демалысы әлi күнге дейiн туризмдi дамытуға кедергi келтiрiп отыр және сұраныс пен жүктеменiң топталуын туғызып отыр. Тиiстi елдердiң Үкiметi мен жеке секторы мұндай проблемаларды шешуге дұрыс қарауы қажет.

В. Туризмнiң негiзiнде табиғи және мәдени мұраны сақтау

Туризмдi дамытуға тұрақтылық қағидаттары негiз болуы тиiс, бұл жергiлiк қоғамдастықтың сұранысын тең ұстауға және келушiлердiң табиғи және мәдени ресурстарды сақтаумен байланысты мiндеттерiн шешуге және қанағаттандыруға мүмкiндiк бередi. Тұрақты туризм қоршаған ортаны қорғаудағы сұраныстармен, бiр жақтан және екiншiден дамуды қамтамасыз етумен байланысты болуы мүмкiн қарама-қайшылықтарды шешудiң неғұрлым әрi жақсы ұзақ мерзiмдi нұсқаларын ұсынады.

Туризмнiң ғаламдық этикалық кодекскi тұрақты және жауапты туризмдi дамыту үшiн мықты iргетас болып табылады және барлық туристiк үдерiске қатысушылар арасында, әсiресе ұлттық және жергiлiктi туристiк әкiмшiлiктер мен туристiк компаниялар арасында кеңiнен насихатталуы қажет. Осы кодекстiң тиiстi қағидаттарын iске асыруға қатысуды көтермелеу қажет.

Туристiк орталықтар мен қызметтердi жоспарлау мен дамыту кезiнде жергiлiк қоғамдастықтардың қатысуы мен ынтымақтастығы бiрiншi кезектегi маңызды iс болып табылады. Тек қана жергiлiк деңгейдегi қолдау мен қатысу арқылы тұрақты туризмдi дамытуға болады, жергiлiк қоғамдастықтардың түсiнушiлiгi, қолдауы және қатысуы дамудың басты қағидаты болып табылады. Жергiлiк халық туризмдi дамытудан өзiне пайда табуы қажет.

Туризмнiң тағы да бiр жанама артықшылығы кәсiпкерлiк қабiлет пен бiлiктiлiк деңгейi мен машықтарын жақсартуды ынталандыру арқылы қоғамдастықтардың дамуына жәрдем көрсету болып табылады. Бұл сондай-ақ, тиiстi қоғамдастықтардың мүшесi болып саналатын кооперативтiк кәсiпорындар құруға көмектеседi және басқа әлеуметтiк және мәдени шаралар үшiн жариялылықты көтермелейдi.

Туристiк ағынның көп болуы көлiктегi жүктемемен байланысты, тапшы туристiк ресурстарды пайдалану және танымал туристiк орталықтарда қалдық өндiрiсiн мөлшерден тыс пайдаланумен байланысты проблемалар тудыруы мүмкiн. Үкiметтер мен компаниялар мұндай проблемаларды шешудiң қажеттi шараларын қабылдауы қажет. Туристiк үдерiске қатысушылар биологиялық әр алуандылықты сақтауға және жағандық жылыну көздерiне бақылау жасауға жәрдем көрсетуi қажет, себебi осы екi фактор туризмнiң тұрақты дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл салада халықаралық ынтымақтастық пен көмек қажет.

Жағалаудағы қалалар мен мұра нысандары бар қалаларда, сондай-ақ келушiлер көп келетiн туристiк орталықтарда тұрақты туризмдi қамтамасыз ету мақсатында қызметтi жоспарлаудың, экологиялық әсер етудiң және мониторингтiң бейiмделген тәсiлдерiн қолданған жөн. Бұл тiптi көп келушiлер болған жағдайда туристiк сапаның кепiлi болып табылады.

Мәдени және табиғи нысандарға барудан түсетiн табыстың едәуiр бөлiгiн оларды басқару және сақтауға қайтадан инвестициялау қажет.

Туризмдi жоспарлау және басқару үдерiсiнде, сондай-ақ мұра нысандарын қорғау кезiнде олармен байланысты ресурстар барынша пiкiрталас туғызады. Орындаушылық өнер және қауымдық дәстүрлер сияқты оларға қатысы жоқ ресурстардың құндылығы шамалы, бiрақ оларды құрту оңайырақ. Осыған байланысты бұл элементтер ресурстарды қорғауды жоспардаған кезде олардың ажырамас бөлiгi ретiнде қаралуы керек.

Қызмет көрсетудiң сату шарттарын ырықтандыру туризмнiң тұрақты дамуымен және әлеуметтiк-мәдени құндылықтарды және өзiндiк тұрмыспен бiрге үйлеседi. Бұл жұмысты әдiл және жауапты негiзде жүргiзу қажет.

С. Туризм және ақпараттық технологиялар

Ақпараттық технологиялар мен Интернет туғызатын проблемалар мен қолайлы мүмкiндiктер көптеген туристiк кәсiпорындар мен туристiк орталықтардың табыс табуында немесе құлдырауында шешушi рөл атқарады.

Нарықтағы өзiнi бәсекеге қабiлеттiлiгiн қамтамасыз ету үшiн кешендi дереккөз жасау және оны ұстау үшiн көптеген инвестиция қажет. Мемлекеттiк ведомстволар, ұлттық туристiк әкiмшiлiктер туристiк бағыттағы маркетинг ұйымдары (ОМТН) жеке секторлармен және өнiрлiк пен жергiлiктi билiк органдарымен тығыз байланыста туристiк бизнес үшiн ашық инфрақұрылым ретiнде, сондай-ақ дереккөз жасауда және ұйымдастыруда белсендi рөл атқаруы тиiс.

Мемлекеттік ведомстволар, ұлттық туристік әкімшіліктер туристік бағыттағы маркетинг ұйымдары (ОМТН) туристік бағытта мынадай жұмыстар атқаруы қажет:

- олардың негізгі қызметінің бағдарламасының ажырамас бөлігі ретінде өздерінің және туристік компаниялардың электронды бизнесті енгізу жөніндегі іс-қимыл стратегиясы мен жоспарын әзірлеу;

- туристік кәсіпорындар үшін, соның ішінде кіші, шағын және орта кәсіпорындар үшін ақпараттық технологиялар мен электронды бизнес саласында білім беру мен кәсіби даярлықты ынталандыру және қолдау;

Осы мақсатта мына салаларда тиісті шаралар қабылдау қажет:

- ұсынымдар мен үлгі аларлық тәжірибені әзірлеу және тарату;

- аталған проблеманы одан әрі насихаттау және жергілікті арнайы қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында әлемнің әртүрлі өңірлерінде семинарлар өткізу;

- туризм саласында Интернет пен ақпараттық технологияларды пайдалану туралы қажетті зерттеулер жүргізу және ақпарат жинау;

- Интернеттің, сондай-ақ басқа да жаңа ақпараттық технологиялардың өсірі мен тиімділігінің стандарттарын әзірлеу;

- туристік орталықтардың веб-сайттарын біріздендіруді қамтамасыз ету және қалың көпшіліктің және туризм саласының кәсіби мамандарының оған қол жеткізуі жөнінде бірлескен жұмыстар жүргізу.

Туристік индустрияда, әсіресе шағын және орта кәсіпорындардың ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың төмен деңгейде қолданылуы олардың қазіргідей нарықта қатаң бәсекелестік жағдайда өмір сүруіне қиындық туғызады. Туризм саласында тұтынушылармен электронды мәмілелер жасаудың көлемі артып келеді. Туризм табиғатының өзі мақсатқа сай жерлерде сатып алған өнімді «иелену» үшін клиенттердің жоғары баға төлеуінің өзі клиенттерден саяхатқа шығу қажеттігін туғызады. Осыған байланысты егер тиісті өнімнің тиісті сапасы болмаса, онда проблемалар тууы мүмкін. Кикілжіндер мен тұтынушылардың құқығын қорғаудың басқа да шараларын жедел шешудің жүйесін дұрыс жолға қою қажет.

Алдыңғы озық технологияларды пайдалану сондай-ақ шынайы уақыт режимінде ақпараттық алмасулар саяхат жасаушыларға көптеген ыңғайлылық туғырады, атап айтқанда шекарадан өткен кезде құжаттаманы қысқартуға және сапар кезінде тілге қатысты келергілерді болдырмауға көмектеседі. Осы саладағы зерттеулерді көтермелеу қажет.

Мынжылдық Конференциясына қатысушылар, ең соңында өздерінің туризмнің әлемде барынша бейбіт, ізгі, тұрақты, бауырлас және біріккен ынтымақтастыққа ықпал ететіндігіне және солай болатындығына сенім білдіре отырып, Дүниежүзілік туристік ұйымды, үкіметтер мен жеке секторды осы Осака декларациясының ережелерін орындауға бағытталған барлық шараларды қабылдауға шақырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСТЕРІ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі (шығару)

683-бап. Өтелмелі қызмет көрсету шарты

1. Өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Осы тараудың ережелері байланыс қызметін, медициналық, мал дәрігерлік, аудиторлық, консультациялық, ақпараттық қызмет көрсетуге, оқыту бойынша көрсетілген қызметтерге, туристік қызмет көрсетуге және осы Кодекстің 32, 34, 35, 39, 41, 43, 44-тарауларында көзделген шарттар бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, өзге де қызмет көрсетулерге қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 Кодексі (шығару)

158-3-бап. Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасын бұзу

1. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристерге саяхаттың ерекшеліктері, туристік қызметтер ұсыну ережелерінде көрсетілген саяхат жасау кезінде оларға тап болуы мүмкін қауіптер туралы мәлімет ұсынбауы, уақтылы немесе толық ұсынбауы не туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу шараларын жүзеге асырмауы - дара кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың туристік қызмет көрсетуге жазбаша шарт жасаспай туристік қызметтерді көрсетуі лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге - он, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) - лицензиясынан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мүдделі мемлекеттік органдарға және туристің отбасына саяхат кезінде туристердің төтенше жағдайға ұшырағаны туралы ақпарат ұсынбауы немесе уақтылы ұсынбауы лицензиясының қолданысы тоқтатыла отырып, дара кәсіпкерлерге - жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - елу, ірі кәсіпкерлік

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған іс-әрекеттер (әрекетсіздік) лицензиясынан айыра отырып, дара кәсіпкерлерге - елу, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

576-6-бап. Туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган

1. Туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган осы Кодекстің 357-2-бабында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары құқылы.

636-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар лауазымды адамдар

1. Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мыналардың құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар:

1) мыналардың:

туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның (158-3, 356, 357-3-баптар).

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі (Салық кодексі) (шығару)

150-бап. Жалпы ережелер

1. Егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, қызметін арнайы аймақтардың аумақтарында жүзеге асыратын ұйымдар деп бір мезгілде мынадай талаптарға сай келетін заңды тұлғалар танылады:

1) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарындағы салық органдарында тіркеу есебінде тұрған;

2) арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарынан тысқары жерлерде құрылымдық бөлімшелері жоқ;

3) арнайы экономикалық аймақ құру мақсатына сай келетін мынадай қызмет түрлерінің:

туристік қызметтер көрсетудің өзіндік тауар өндірісін (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алуға жататын (алынған) табыстары жылдық жиынтық табысының кемінде 90 процентін құрайтын заңды тұлғалар.

236-бап. Тауарды, жұмысты, қызмет көрсетулерді өткізу орны

1. Мынадай орын:

1) егер тауарды беруші, алушы немесе үшінші тұлға тасымалдайтын (жіберетін) болса, тауарды тасымалдау басталған орын;

2) басқа жағдайларда - тауарды алушыға беру орны тауарды өткізу орны болып танылады.

2. Мынадай орын:

1) егер жұмыстар, қызмет көрсетулерді жылжымайтын мүлікпен тікелей байланысты болса, осы мүліктің орналасқан жері.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу орны немесе мұндай мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі міндеттеме болмаған жағдайда - нақты орналасқан жері жылжымайтын мүлік орналасқан жер болып танылады.

Осы баптың мақсатында ғимараттар, құрылыстар, көп жылдық қошеттер және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни олардың не мақсатқа арналғанына шамадан тыс нұқсан келтірілмей көшірілуі мүмкін болмайтын объектілер, сондай-ақ құбырлар, электр беру желілері, ғарыш объектілері, мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын жылжымайтын мүлік болып танылады;

2) егер олар жылжымалы мүлікпен байланысты болса, жұмыстар, қызмет көрсетулер нақты жүзеге асырылатын орын.

Мұндай жұмыстарға, қызмет көрсетулерге монтаждау, құрастыру, жөндеу, техникалық қызмет көрсету жатады;

3) егер осындай қызмет көрсетулер мәдениет, ойын-сауық, ғылым, өнер, білім, дене тәрбиесі немесе спорт саласындағы қызмет көрсетулерге жататын болса, нақты қызмет көрсетулер көрсетілетін орын;

Осы тармақшаның мақсатында ойын-сауық саласындағы қызмет көрсетулерге ойын-сауық-демалу мақсатындағы қызмет көрсетулер жатады, олар ойын-сауық орындарында (ойын орын-жайлары, түнгі клубтар, кафе-барлар, мейрамханалар, Интернет-кафелер, компьютер, бильярд, боулинг клубтары және кинотеатрлар, өзге де ғимараттар, үй-жайлар, құрылыстар) көрсетіледі;

4) жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алушының кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызметі жүзеге асыратын орын.

Егер осы тармақшада өзгеше көзделмесе, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алушы әділет органдарында мемлекеттік (есепке алыну) тіркелу негізінде немесе салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркелу есебіне қойылу негізінде Қазақстан Республикасының аумағында болған жағдайда, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алушының кәсіпкерлік немесе кез келген басқа да қызметті жүзеге асыратын орын Қазақстан Республикасының аумағы болып есептеледі.

Егер жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алушы резидент емес болып табылса, ал алушы мемлекеттік (есепке алыну) тіркелуі Қазақстан Республикасының әділет органдарында жүргізілген оның филиалы немесе өкілдігі болып табылса, онда өткізу орны Қазақстан Республикасы деп танылады.

Осы тармақшаның ережелері мынадай жұмыстарға, қызмет көрсетулерге: туризмді ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетулерге;

471-бап. Алым ставкалары

Алым ставкалары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерін негізге ала отырып белгіленеді және мынаны құрайды:

Ресет №	Лицензияланатын қызмет түрлері	Алым ставкалары, АЕК-пен
1	2	3
1.58.	Туроператорлық, турагенттік қызмет, туризм нұсқаушысы көрсететін қызметтер	10

503-бап. Жалпы ережелер

1. Орманды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі – төлемақы) мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдаланудың мынадай түрлері үшін алынады:

5) мемлекеттік орман қоры учаскелерін:

мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттары;

508-бап. Жалпы ережелер

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы (бұдан әрі – төлемақы) мемлекеттік табиғи ескерткіштердің, мемлекеттік табиғи құрамдардың, мемлекеттік қорықтық аймақтардың аумақтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған ғылыми, экологиялық-ағарту, мәдени-ағарту, оқыту, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланғаны үшін алынады.

583-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың салық қызметі органдарымен өзара іс-қимыл кезіндегі міндеттері

4. Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды және (немесе) тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органдар табыс етілетін мәліметтерде, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми, экологиялық-ағартушылық, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдаланатын жеке тұлғаларды қоспағанда, салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасының Орман кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі № 477 Кодексі (шығару)

34-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман ресурстары қысқа мерзімді орман пайдалануға мемлекеттік орман иеленушілер беретін орман билеті негізінде бір жылға дейінгі мерзімге беріледі.

2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қысқа мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланудың:

3) мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану сияқты түрлерін ғана жүзеге асыруға болады.

36-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануға рұқсаттама құжаттары

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

8. Орман билеті жанама орман пайдалануды жүзеге асыруға, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аяқ шаруашылығы, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттар қажеттігі үшін пайдалануға құқық беретін құжат болып табылады.

38-бап. Орман пайдаланушылардың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кездегі міндеттері

Орман пайдаланушылар:

1) ұзақ мерзімді орман пайдалану шартының талаптарын, сондай-ақ ағаш кесу билетімен, орман билетімен белгіленген талаптарды сақтауға;

2) тұрғын халықтың денсаулығына зиян келтіруіне жол бермеуге;

3) жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молайтылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олар тіршілік ететін ортаны сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;

4) сүрек дайындаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілген техника мен технологияларды пайдалана отырып ормандарды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстануға;

5) мемлекеттік орман қорының өздеріне орман пайдалану үшін бөлініп берілген учаскелерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, өртке қарсы іс-шараларды жүргізуге, ал орман өрті пайда болған жағдайда оны сөндіруді қамтамасыз етуге;

6) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман иеленушілермен келісе отырып өртке қарсы іс-шаралар жоспарын әзірлеуге және бекітуге, сондай-ақ оларды белгіленген мерзімдерде жүзеге асыруға;

7) мемлекеттік орман қоры аумағында өздері мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік, спорттық және басқа да іс-шаралар мен жұмыстарды өткізетін жерлерде уәкілетті орган әзірлеген және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы бекіткен нормаларға сәйкес өрт сөндіретін құралдары болуына;

8) ағашы кесілген жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаш сүректерін қалдырмауға;

9) кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан сүрек дайындаумен бір мезгілде тазартуға;

10) мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін бөлінген учаскелерінде заңсыз ағаш кесуге және Қазақстан Республикасының орман заңдарын, Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, молайту мен пайдалану туралы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарын өзге де бұзушылықтарға жол бермеуге;

11) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жұмыс аяқталғаннан кейін оларды мемлекеттік орман иеленушілерге тапсыруға;

12) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты пайдалану мақсатында ағаш кескен кезде, орман орналастыру жобасына сәйкес, орманды қайта жаңартуды қоса алғанда, ағашы кесілген алаңының екі еселенген мөлшерінен астам алаңына орманды молықтыруды жүзеге асыруға;

13) ағашы кесілген жерлерде және өздерінің қызметі салдарынан өскіндер жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері құрып кеткен алаңдарда ормандарды молықтыруды өз есебінен жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орман шаруашылығы шеккен шығындар мен шығасыны өтеуге;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен орманды пайдаланудың төлемақысын уақтылы енгізуге;

16) ормандардың санитариялық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді (бұдан әрі - ормандардағы санитарлық ережелер) сақтауға;

17) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

18) мемлекеттік орман иеленушілерді мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін өздеріне бөлініп берілген учаскелерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болғаны туралы хабардар етуге;

19) өзге орман пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;

20) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға және оның аумақтық органдарына, облыстық атқарушы органдар мен мемлекеттік статистика органдарына орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман қалдастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу, орман пайдалану төлемақысының мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты беріп тұруға;

20-1) Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыру кезінде экологиялық рұқсат алуға;

21) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

42-бап. Жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуы

2. Жеке тұлғалардың рұқсаттама құжаттарынсыз демалысын өткізу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттық іс-шараларға қатысу, жабайы өскен жемістерді, жаңғақты, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де орман ресурстарын өз қажеті үшін жинау мақсатында мемлекеттік орман қоры аумағында тегін болуға құқығы бар.

55-бап. Орман орналастыру

1. Орман орналастыру орман шаруашылығын жүргізудің тиімділігін арттыруға, орман шаруашылығында бірінғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға, орман қорының ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жүйесін қамтиды.

9) жанама орман пайдалану мен қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажеттері үшін, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану мөлшерін анықтау;

88-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану түрлері

1. Мемлекеттік орман қорында орман пайдаланудың:

7) мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану түрлері жүзеге асырылуы мүмкін.

92-бап. Мемлекеттік орман қорының жекелеген санаттарында орман пайдалануды шектеу

2. Мемлекеттік орман қорының рекреациялық пайдалану аймақтарындағы, әкімшілік-өндірістік мақсаттағы, келушілер мен туристерге қызмет көрсетуге арналған шағын аймақтардағы «мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар ормандары» және «мемлекеттік өңірлік табиғи саябақтар ормандары» санаттарында; мемлекеттік орман қорының бұзылған ландшафтарды қалпына келтіру аймағындағы «мемлекеттік табиғи резерваттар ормандары» санатында; мемлекеттік орман қорының тапсырыс режимі аймағындағы «мемлекеттік қорық аймақтары ормандары» санатында; мемлекеттік орман қорының «жаңғақ кәсіпшілігі аймақтары», «орман-жеміс екпелері», «аса биік тау ормандары», «мемлекеттік қорғаныштық орман белдеулері», «эрозияға қарсы ормандар», «өзендер, көлдер, су қоймалары, каналдар және басқа да су объектілері жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған белдеулері» және «халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер», «халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдары бойындағы қорғаныштық орман белдеулері» санаттарында орман пайдалануды шектеудің тапсырыстық режимі белгіленеді.

102-бап. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелері мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін осы Кодексте белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді орман пайдалануға - шарт талаптарымен, ал қысқа мерзімді орман пайдалануға рұқсаттама құжаттары негізінде беріледі.

2. Орман пайдаланушылар өздеріне берілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ортасы мен табиғи ландшафтар қорғалған, ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелері мен санитарлық ережелер сақталған жағдайда абаттандыру және халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

3. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Қазақстан Республикасының Су Кодексі
Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 Кодексі
(шығару)

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

30) су объектіндегі рекреация аймағы - жаппай демалыс, туризм және спорт үшін пайдаланылатын су объектiсі немесе оның іргелес жағалауы бар учаскесі;

94-бап. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын рекреациялық мақсаттар үшін пайдалану

2. Су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм мен спортқа арналған жерлерді қоршаған ортаны қорғау және адам өмірінің қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі
Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 95-IV Кодексі
(шығару)

53-бап. Республикалық бюджеттің шығыстары

1. Республикалық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік;
халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде Қазақстан және оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпарат дайындау және тарату;

54-бап. Облыстық бюджеттің шығыстары

1. Облыстық бюджеттің шығыстары мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік;
жергілікті деңгейде туристік қызметті реттеу;

55-бап. Республикалық маңызы бар қала, Астана бюджеттерінің шығыстары

1. Республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің шығыстары мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

7) мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік;
жергілікті деңгейде туристік қызметті реттеу;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІ
Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодексі
(шығару)

8-бап. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры

1. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры - табиғат эталондары, уникалдар және реликттер, генетикалық резерв, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру, туризм мен рекреация нысанасы ретінде экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған қоршаған орта объектілерінің жиынтығы.

237-бап. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, магистральдық құбырларды, электр беру және байланыс желілерін, каналдарды, бөгеттерді, өзге де құрылыстар мен объектілерді орналастыру, жобалау мен салу кезіндегі экологиялық талаптар

3. Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерді жүзеге асыру мен көлік құралдарын пайдалану, қолданыстағы, технологиялық процестерді жетілдіру және олардың жаңаларын енгізу, пайдаланылмайтын, жағалау маңындағы, батпақты, бұта басқан аумақтарды шаруашылық айналымына қосу, жерлерді мелиорациялау, орман ресурстарын және су объектілерін пайдалану, геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбаларды өндіру, ауыл шаруашылығы жануарлары жайылатын және оларды айдап өтетін жерлерді айқындау, туристік маршруттарды әзірлеу мен халықтың жаппай тынығу орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің тіршілік ету ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың өріс аудару жолдары мен шоғырланған жерлерін сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделуге және жүзеге асырылуға, сондай-ақ жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы ретінде ерекше құнды болып табылатын учаскелерге қол сұғылмауы қамтамасыз етілуге тиіс.

309-бап. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттеріне қойылатын экологиялық талаптар

1. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және (немесе) көму пункттерінің барлық жобалары мемлекеттік экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілетін сараптамадан өткізілуге тиіс. Жобалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

3. Жобада сақтау және (немесе) көму пункті салынатын орынды халықтың тәуекел тобына дозалық жүктеме бағалауы қамтылатын, қоршаған ортаға әсер ескерілген арнайы іздестірулер мен экономикалық бағалаулар негізінде баламалық нұсқалар қатарынан таңдау негізделуге тиіс.

8. Құрылысқа жер учаскесін таңдау кезінде мынадай шарттарды сақтау қажет:

16) бұл жердің туристік құндылығының жоқтығы және оған жақын маңдағы елді мекендер тұрғындары сирек келуі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫ

Қазақстан Республикасындағы көлік туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі №156 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж. № 24

Осы Заң Қазақстан Республикасы көлігінің құқықтық экономикалық және ұйымдық қызметінің негіздерін айқындайды.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-бап. Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кеме жалдаушы) - тасымалдаушымен жасалған шартқа сәйкес көлікті пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға немесе мемлекет (атқарушы билік органының атынан).

Көлік кәсіпорны - жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті тасымалдау, көлік құралдарын сақтау, оларда техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөнінде шаруашылық-коммерциялық қызметпен айналысатын заңды тұлға, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайды.

Қазақстан Республикасының көлігі - оның аумағында тіркелген теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су, әуе, қалалық электр, соның ішінде метрополитен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы магистральдық труба-құбыр көлігі.

Мемлекеттік көлікті бақылау (бұдан әрі - көлікті бақылау) - жеке және заңды тұлғалардың көлік қызметтері нарығының жұмыс істеуін, олардың сапасын, жеке адамдардың өмірі мен денсаулығының, көлік процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін Қазақстан Республикасының көлік заңнамасын сақтауға тексеру мақсатында уәкілетті мемлекеттік орган және өзге де мемлекеттік органдар жүргізетін іс-шаралар жиынтығы.

Тасымалдаушы - ақыға немесе жалданып жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүктерді және почта жөнелтіміндерін тасымалдау жөнінде қызмет көрсететін әрі осыған белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы немесе рұқсаты бар, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде көлік құралдарын иеленуші жеке немесе заңды тұлға.

Тексеру - бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік субъектілерінің Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасын сақтауын айқындау мақсатында жасайтын іс-әрекеті.

Тікелей аралас қатынас - бірыңғай көлік құжаты бойынша әртүрлі көлік түрімен жүктерді, жолаушылар мен теңдеме жүктерді тасымалдау.

Уәкілетті мемлекеттік орган - көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Көлік туралы заңдар

Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыда өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Труба-құбыр көлігі қызметіне байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен реттеледі.

Тасымалдау шарттары, көлік құралдарын пайдалану, адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін көлік құралдары мен олардың өмірлік циклінің процестерін техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздікті (бұдан әрі - қауіпсіздік) қамтамасыз ету тәртібі тиісті көлік түрлерінде қолданылатын, белгіленген тәртіппен бекітілетін және көлік қатынастарының барлық қатысушылары үшін міндетті болып табылатын нормативтік актілерде айқындалады.

3-бап. Көлік құралдарына меншік туралы

Магистральдық темір жол желілері, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, кеме жүретін су жолдары, шамшырақтар, сондай-ақ кемелердің қауіпсіз жүрісін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, әуе қозғалысын басқару жүйесінің аэронавигациялық құрылғылары, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты телекоммуникациялар желілері, инженерлік желілер, сондай-ақ метрополитен мемлекет меншігі болып табылады.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталғандарды қоспағанда, кірме жолдар мен тар табанды желілері, сондай-ақ автомобиль жолдары мемлекеттік меншікте де, жеке меншікте де болуы мүмкін.

4-бап. Көлік жерлері. Көлік мұқтажы үшін жерлер мен суларды беру тәртібі

Республикадағы көлік жерлері болып:

- жерді пайдаланушыларға көлік объектілеріне деп бөлінген жерлер;
- жолдар мен желілерді салуды және пайдалануға беруді жүзеге асыратын көлік, жол және басқа ұйымдарға бөлінген көлік жолдары мен желілеріне арналған жерлер танылады.

Көлікке жер бөлу мен су көлігіне суларды беру кезінде туындайтын жер және су қатынастары, оларды пайдаланудың тәртібі жер, су және көлік заңдарымен реттеледі.

Опырылып құлауға, көшкіндеуге, су шайып кетуге, сел тасқыны болуға және басқа қатерлі табиғи құбылыстар әсерлеріне бейім аудандардағы көлік құрылыстарының және басқа объектілерінің сенімді пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында қорғау аймақтар белгіленеді.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар өздеріне берілген жерлерді оларды беру мақсаттары мен шарттарына сәйкес пайдалануға, өндірістің табиғат қорғау технологияларын қолдануға және аумақта өз қызметі салдарынан экологиялық ахуалдың нашарлауына жол бермеуге міндетті.

2-бөлім. Көлік қызметін мемлекеттік реттеу мен басқару жүйесі

5-бап. Көлік қызметін мемлекеттік реттеу

Көлік қызметін мемлекеттік реттеу құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, техникалық реттеу, салық салу, несие беру, қаржыландыру және баға белгілеу, инвестициялық, біртұтас әлеуметтік және ғылыми-техникалық саясат жүргізу, Қазақстан Республикасының заңдарын көлік кәсіпорындарының орындауына бақылау жасау жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен өзге реттерде мемлекеттік органдардың көлік кәсіпорындарының шаруашылық қызметіне араласуына, сондай-ақ көлік кәсіпорындарының пайдалану қызметкерлерін басқа жұмыстарға қатыстыруға құқығы жоқ.

6-бап. Көлікті мемлекеттік басқару

Көлікті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылған және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекіткен Ережеге сәйкес іс-әрекет жасайтын уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік органның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының көлік саласындағы экономикалық мүдделі қорғау; көлік саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасындағы көлік қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және мемлекеттік стандарттарды әзірлеуге қатысу; <*>

көліктің барлық түрлерін дамытудың бағдарламалары мен тұжырымдамаларын әзірлеу, инвестициялық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік саясатты қалыптастыру және жүргізу;

республика экономикасы мен халқының тасымалдауға және соларға байланысты қызметтерге деген қажеттерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

көлік қызметін пайдаланушылар құқықтарының сақталуын бақылау;

мемлекеттің және халықтың тасымалдау қажеттеріне болжамдар әзірлеу;

Қазақстан Республикасы көлік кешені қызметінің жұмысын үйлестіру және мемлекеттік реттеу ісін жүзеге асыру болып табылады.

7-бап. Көлік қызметін лицензиялау

Көліктегі лицензиялануға тиіс қызмет түрлерінің тізбесі заң актілерімен белгіленеді.

Екі және одан көп көлік құралының иелері - жеке және заңды тұлғаларға лицензия беру кезінде әрбір жеке көлікке лицензияның бар екенін растайтын құжат ресімделеді.

8-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың көлік саласындағы уәкілеттігі

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың көлік саласындағы уәкілеттігі «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қалалық жолаушылар таситын көліктің тұрақты маршруттарында жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушылар жергілікті атқарушы органдармен немесе олар осы маршруттарға қызмет көрсетуге уәкілеттік берген органдармен шарт жасасуға тиіс.

3-бөлім. Көлік қызметінің негізгі ережелері

9-бап. Экономикалық және шаруашылық қызмет негіздері

Көлікте экономикалық және шаруашылық қатынастардың негізін көлік қызметтерінің сұраныс және ұсыныстар қалыптастырады.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар өз қызметін коммерциялық негізде жүзеге асырады.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар жоспарды дербес әзірлейді, клиент қажеттеріне сәйкес жұмыстар мен қызметтерді орындауға шарттар жасасады.

Тиімділігі қолданылып жүрген реттелетін тарифтермен қамтамасыз етілмейтін жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі шешім қабылдаған жергілікті атқарушы органдар тиісті бюджеттен:

қала ішіндегі, аудандық маршруттар кезінде - қалалық, аудандық бюджеттерден;

ауданаралық қатынас кезінде - облыстық бюджеттен субсидия беруді қамтамасыз етеді.

Кеме жолдарын, шлюздерді, кеме қатынасының қауіпсіздігін қадағалайтын инспекцияларды ұстау республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекет кемежайларын, магистралдық темір жол желісін пайдаланғаны үшін, әуе кеңістігінде ұшуды басқару мен аэронавигациялық қызмет көрсетілгені үшін заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдердің заңды және жеке тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде төлемдер төлейді.

Қазақстан Республикасының кеме жүретін су жолдарын пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

Кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны үшін ақының ставкалары, бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Кеме жүретін су жолдарын пайдалану құқығы көлікті бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әр күнтізбелік жылға беретін рұқсаттық құжатпен беріледі.

Кеме иеленуші техникалық ақаулық себептермен немесе өзгедей себептермен кемеңі пайдаланбаған жағдайда, ол мұндай фактілерді растау үшін уәкілетті мемлекеттік органға бұл туралы хабарлайды. Бұл ретте уәкілетті мемлекеттік орган мұндай фактілерді тексергеннен және анықтағаннан кейін рұқсаттық құжатқа тиісті өзгерістер енгізеді.

10-бап. Тарифтер

Жүктерді, жолаушыларды, тендеме жүктерді тасымалдауға және тасымалдауларға байланысты қызметтерге көлік қызметімен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектілері қызметін қамтамасыз ететін ерікті (шарттық) тарифтер (осы Заңның 9-бабының 4-бөлігінде көзделгеннен басқа реттерде) белгіленеді.

Көлік қызметтерінің жеке түрлері бойынша мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүргізу құралы немесе көлік саласындағы монополистік қызметті жою құралы ретінде Қазақстан Республикасы заңдары анықтайтын тәртіпте реттеліп отыратын (мемлекет шегінде бірыңғай) тарифтер белгіленуі мүмкін.

11-бап. Жүктерді, жолаушыларды, тендеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру

Жүктерді, жолаушыларды, тендеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы:

- тасымалдау құқығын қамтамасыз ететін лицензия алуға;
- клиентпен белгіленген нысанда шарт (келісім-шарт) жасасуға;
- сәйкестікті растау саласындағы құжаттары бар көлік құралдарын беруге;
- клиентке және үшінші тұлғаға келтірген зияндарды, оның ішінде зая жіберген уақытты ақшалай тепе-тең өтеуге;
- жолаушы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оған қажетті қолайлы және қызмет көрсету жағдайларын жасауға, ал жолаушы тендеме жүгін өткізген ретте, оның тендеме жүгінің дер кезінде тасымалдануы мен сақталуын қамтамасыз етуге;
- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- көлік қызметтері нарығында клиентке таңдау еркіндігін қамтамасыз етуге;
- жөнелтілетін жүктің өз сертификатына сәйкес келуін растайтын құжаттарды алуға;

- мемлекеттік және жергілікті өкілді әрі атқарушы органдардың өлеуметтік маңызды және қорғаныс тасымалдарын жүзеге асыру жөніндегі тараптарын орындауға (егер бұл тасымалдар бағасы көлік шығындарын өтемеген жағдайларда, тиісті өтем дотациясы берілуге тиіс);

- Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде елгіленген тәртіппен өзінің жолаушылар алдындағы азаматтық құқықтық ауапкершілігін сақтандыруға міндетті.

Тасымалдаушының, реттелетін тасымалдарды қоспағанда, баға белгілеу ережелеріне сәйкес тасымалдау бағасын еркін белгілеу құқығы бар.

Тасымалдаушы, Қазақстан Республикасының көлік туралы заң актілерінде көзделгендерден өзге реттерде, заңды және жеке тұлғаларға тасымалданудан бас тартуға құқылы емес.

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көлік-экспедиция қызметтерін жүзеге асыру кезінде клиенттің:

- өзі мен тасымалдаушы арасында жасалған шарттың орындалуын талап етуге;

- тасымалдау сапасы деңгейі оның сертификатына сай келуіне белгіленген тәртіппен дауласуға;

- келтірілген зиянның, соның ішінде босқа кеткен уақыттың ақшалай өтеуін талап етуге құқығы бар.

Клиент:

- тасымалдаушымен жасалған шарттың ережелерін сақтауға;

- жүктің өз сертификатына сай келуін растайтын құжатты тасымалдаушыға беруге;

- тасымалдау ережелерін орындауға;

- жүк пен теңдеме жүкті тасымалдауға дайын күйінде табыс етуге міндетті.

Клиент пен тасымалдаушының жекелеген құқықтары мен міндеттері тараптардың келісімімен тасымалдау шартында белгіленеді.

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, көлік-экспедициялық операцияларды жүзеге асыру шарттары, тараптардың тасымалдау және көлік-экспедициялық операциялар жөніндегі жауапкершілігі нормативтік құқықтық актілерімен, сондай-ақ тасымалдау шарттарымен белгіленеді.

12-бап. Көліктің алуан түрі қатысатын тікелей аралас қатынас

Теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көліктері тікелей аралас қатынастар жүйесін ұйымдастырады.

Тікелей аралас қатынас кезіндегі көлік ұйымдарының өзара қатынастарын сондай-ақ осы тасымалдауды ұйымдастырудың тәртібі тиісті көлік түрлерінің ұйымдары арасындағы тікелей аралас тасымалдау туралы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ережелерге сәйкес жасалатын келісімдерде белгіленеді.

13-бап. Жолаушылар құқықтары. Жолаушылардың жекелеген санаттарының жолақысын төлеу жөніндегі жеңілдіктер

Жолаушының мынадай құқықтары бар:

- кез келген көлік түріне және жолаушылар тасымалы үшін ашық келген бағытына билет сатып алуға;

- сатып алған билетіне сәйкес орын алуға;

- әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде, өзімен бірге 7 жасқа дейінгі, ал халықаралық тасымалда 5 жасқа дейінгі бір баланы темір жол, теңіз және ішкі су жолы көліктерінде, қалааралық автобустарда, сондай-ақ тақсиден басқа, қалалық және қала маңындағы көлікте балаға жеке орын берілмей тегін алып жүруге;

- әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде, билеттің толық құнының 50 процентін төлей отырып, халықаралық тасымалда 5 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға;

- Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын тасымалдау кезінде, әуе көлігінен басқа көліктің барлық түрлерінде билеттің толық құнының 50 процентін төлей отырып, 7 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билеттер сатып алуға;

- өзімен бірге 2 жасқа дейінгі бір баланы әуе көлігінде, оған жеке орын бермей тегін алып жүруге;

- халықаралық тасымалдарды қоспағанда, әуе көлігінде 2 жастан 15 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып, сатып алуға;

- Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы жүзеге асыратын халықаралық тасымалдауларда әуе көлігінде 2 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға билетті оның толық құнының 50 процентін төлей отырып, сатып алуға.

Егер тасымалдауды Қазақстан Республикасы тасымалдаушысының қатысуымен әртүрлі мемлекеттердің бірнеше тасымалдаушысы жүзеге асыратын болса, бұл құқық жолаушыларға оларды Қазақстан Республикасының тасымалдаушысы тасымалдаған кезде беріледі:

- жолда аялдаған кезде қалалық және қала маңындағы көліктен басқа, барлық көлік түріне билеттің күшін 10 тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Тасымалдаушы жолда аялдаған кезде билеттің қолданылу мерзімін ұлғайтуға құқылы;

- көлік қызметін көрсететін кез келген тасымалдаушы мекемеге билетті тасымалдау басталғанға дейін өткізуге және тасымалдау үшін төленген соманы қайтарып алуға құқығы бар. Қайтару тәртібін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

Әуе көлігіндегі, қала және қала маңындағы автобус тасымалдарында тегін алып жүретін қол жүгі мен теңдеме жүктің салмағы 20 килограмнан аспайтын болып белгіленеді.

Темір жол, теңіз, ішкі су жолы көліктерінде, сондай-ақ қалааралық автобустарда тегін алып жүретін қол жүгі мен теңдеме жүк салмағы 35 килограмнан аспайтын болып белгіленеді.

Тасымалдаушылар көліктің барлық түрінде тегін тасымалданатын теңдеме жүктің салмағын арттыруға және басқа жеңілдіктер белгілеуге.

Тасымалдау жұмысын жалғастырудан бас тартқан тасымалдаушы жолаушыны межелі жеріне дейін өз есебінен жеткізіп салуға немесе тасымалдау шартының бұзылуы салдарынан жолаушыға келтірілген залалды түгелдей өтеуге міндетті.

Қазақстан Республикасы заңдарымен, Қазақстан Республикасы Үкімет қаулыларымен, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың шешімдерімен жеңілдіктер белгіленген жағдайда тасымалдаушылар жолаушылардың жекелеген санаттарын тегін тасымалдауға немесе оларға жолақысын төлеу жөнінде өзге де жеңілдіктер беруге міндетті.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдар адамдардың жекелеген санаттарына көлік қызметіне, тегін жол жүру құқығын қоса алғанда, жеңілдіктер белгілеген кезде қаржыландыру көзін белгілейді және бұл орайда атқарушы органдар тасымалдаушымен шарт жасасады.

14-бап. Жолаушылар мен жүктерді транзиттік тасымалдау

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жолаушылар мен жүктерді транзиттік тасымалдау:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, халықаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес теміржол, әуе, автомобиль, теңіз және ішкі су көліктерімен мемлекетаралық қатынастар үшін ашылған жол трассалар мен су жолдары арқылы жүзеге асырылады.

4-бөлім. Көліктегі қауіпсіздік және жауапкершілік

15-бап. Көлік құралдарына қойылатын талаптар

Көлік құралдары көлік саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген адам өмірі мен денсаулығының, қоршаған ортаның қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сәйкес келуге, сәйкестікті растау саласындағы құжаты болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

Көлік құралдарының сәйкестігін растау тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралдары жекілінбеуге, сатылмауға және пайдаланылмауға тиіс.

16-бап. Көлік құралдарын басқару құқығы

Көлік құралдарын басқару құқығы тиісті біліктілігі бар және денсаулығы туралы медициналық куәландырудан өтіп, белгіленген үлгідегі құжаттар тапсырылған адамға беріледі.

Көлік құралдарын басқару жөніндегі біліктілік талаптары және олардың басқаруға денсаулық жағдайының жарамдылығын бағалау өлшемдері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен анықталады.

Көлік құралдарын басқаруға денсаулық жағдайының жарамдылығын бағалау өлшемін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіпте медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

17-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігі

Тасымалдаушының жолаушылармен және жүк иелерімен жауапкершілікті шектеу немесе жою туралы жасасқан келісімдерінің күші болмайды, бұған жүк тасымалы кезінде осындай келісімдер мүмкіндігі заң актілерінде көзделген реттер жатпайды.

Тасымалдаушы жүктердің, теңдеме жүктің және почта жөнелтілімдерінің тасымалдауға қабылданған сәтінен бастап алушыға берілгенге дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

Егер тасымалдаушы жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалуы, жетіспеуі немесе бүлінуі өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, ол жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалғаны, жетіспегені немесе бүлінгені үшін жауап береді.

Тасымалдаушы жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдау кезінде келтірілген нұқсанды:

- жүк немесе теңдеме жүк жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген жүктің немесе теңдеме жүктің құны мөлшерінде;

- жүк немесе теңдеме жүк зақымданған (бүлінген) жағдайда - оның құны төмендеген сома мөлшерінде, ал зақымданған жүкті немесе теңдеме жүкті қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда - оның құны мөлшерінде;

- құндылығы жарияланып, тасымалдауға тапсырылған жүк немесе теңдеме жүк жоғалған жағдайда - жүктің немесе теңдеме жүктің жарияланған құны мөлшерінде өтейді.

Жүктің немесе теңдеме жүктің құны уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін ережелер (әдістеме) бойынша тасымалдау және көлік түрлеріне байланысты немесе Қазақстан Республикасы қосылған тиісті халықаралық конвенциялардың принциптері негізінде белгіленетін бағасы негізге алына отырып айқындалады.

Жүктің немесе теңдеме жүктің (коммерциялық акт, жалпы нысандағы акт және с.с.) сақталмауының себептері туралы тасымалдаушы біржақты тәртіппен жасаған құжаттарды, дау туған жағдайда, жүк немесе теңдеме жүк тасымалдаушының, жөнелтушінің не алушының жауапкершілігіне негіз болуы мүмкін мән-жайларды куәландыратын басқа құжаттармен бірге сот бағалауға тиіс.

Егер тасымалдаушы жауап беретін бүліну салдарынан жүктің немесе теңдеме жүктің сапасы мүлдем өзгеріп, ол тікелей мақсатына пайдаланылмайтынды болып қалса, жүкті немесе теңдеме жүкті алушы одан бас тартуға және оны жоғалтқаны үшін өтем талап етуге құқылы.

Жүк немесе теңдеме жүк жоғалған не жеткізіп берілмеген жағдайда тасымалдаушы өтем төлей отырып, жоғалған жүкті немесе теңдеме жүкті тасымалдағаны үшін ақыны қайтарып береді.

Егер тіркелген теңдеме жүкті немесе жүкті тасымалдаушы жоғалды деп мойында-са немесе осы теңдеме жүк не жүк жеткізу мерзімі өткеннен кейін 7 күн ішінде тиісті жеріне келіп жетпесе, олар жоғалды деп есептеледі.

Алайда, егер жүк көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп жеткен болса, жүк алушы жүкті қабылдауға және теңдеме жүкті не жүкті жоғалтқаны үшін тасымалдаушы төлеген соманы қайтарып беруге құқылы.

Заң құжаттарымен жауапкершіліктің өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

17-1-бап. Жүктерді және жолаушыларды тасымалдау бойынша талап қою мен талап-арыз беру

Тасымалдаушыға тасымалға байланысты дау жөнінде талап-арыз бергенге дейін оған міндетті түрде талап қойылады.

Талап үш айдың ішінде, ал айыппұлдар мен өсім төлеу туралы талап бір айдың ішінде қойылуы мүмкін.

Егер қойылған талап қабылданбаса немесе жауап осы бапта белгіленген мерзімде алынбаса, мәлімдеушінің талап-арыз беру құқығы пайда болады.

Жүкті және (немесе) жолаушыларды тасымалдаудан туындайтын талаптар бойынша талап-арыз беру мерзімі заңдарда белгіленген тәртіппен реттеледі.

Халықаралық тасымалдауға байланысты даулар бойынша талап-арыз беру мерзімі және талап-арыз беру тәртібі халықаралық шарттарда, келісімдерде немесе конвенцияларда белгіленеді.

18-бап. Жолаушыны, жүк пен теңдеме жүкті жеткізу мерзімі және мерзімін өткізгені үшін жауапкершілік

Тасымалдаушы жүкті немесе теңдеме жүкті уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін Жүк және теңдеме жүк тасымалдау ережелерімен анықталған мерзімде тиісті жеріне жеткізуге міндетті. Егер жеткізу мерзімі белгіленген тәртіпте анықталмаған болса, тараптар бұл мерзімді шартта белгілеуге құқылы.

Тасымалдаушының кінәсінен жолаушы тасымалы кідірген жағдайда тасымалдаушы, егер зиян келтірілген болса, жолаушыға оны өтеумен бірге, кідірістің әрбір сағаты үшін билет құнының 3 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

Жолаушы өндіріп алған айыппұлдың сомасы сатып алынған билеттің құнынан аспауға тиіс.

Теңдеме жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы теңдеме жүкті алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақының 10 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақының 50 процентінен аспауға тиіс.

Жүкті жеткізіп беруді кешіктіргені үшін тасымалдаушы жүкті алушыға кешіктірген мерзімнің әрбір тәулігіне тасымал үшін төленген ақынның 5 проценті мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол тасымалдау үшін төленетін ақынның 50 процентінен аспауға тиіс.

Егер жүкті немесе теңдеме жүкті жеткізіп берудің кешіктірілуі тасымалдаушының кінәсінен болмаса, ол кешіктіру жауапкершілігінен босатылады.

Тасымалдаудың кідіруіне байланысты, егер мұндай жағдай орын алған болса, теңдеме жүкті немесе жүкті жөнелтуші немесе алушы шеккен зиян үшін тасымалдаушы жауапты болады.

Рейстер 10 сағатқа және одан да көп уақытқа кідірген жағдайда тасымалдаушы жолаушыларға өз есебінен мейманханадан орын алып беріп тамақтандыруға міндетті.

Жолаушының өтініші бойынша оған тасымалдың кідіру себебі туралы ресми құжат беріледі немесе билетіне белгі соғылады.

Осы бапта көзделген зияндардың мөлшері және оларды анықтау тәртібі үкілетті мемлекеттік орган бекітетін Жүк және теңдеме жүк тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

19-бап. Жолаушының, жүк немесе теңдеме жүк жөнелтуші мен алушының жауапкершілігі

Жолаушылар, жүк немесе теңдеме жүк жөнелтуші мен алушы өздерінің кінәсінен басқа адамдарға, тасымалдаушының мүлкіне және тасымалдаушы жауап беретін басқа адамдардың мүлкіне келтірген зияны үшін жауапты болады.

Жүк жөнелтуші көлік құжаттарында көрсетілген мағлұматтардың дұрыс болмауына, дәл болмауына немесе толық болмауына байланысты тасымалдаушыға немесе тасымалдаушы жауап беретін басқа адамға келтірген зияны үшін жауапты болады.

Жүк жөнелтуші көлік құжаттарында көрсетілген мағлұматтардың дәл болмауына, толық болмауына немесе дұрыс болмауына байланысты барлық зиян үшін тасымалдаушының алдында жауапты болады.

20-бап. Тасымалдаушының жолаушыны өлімге ұшыратқаны немесе оның денсаулығын зақымдағаны үшін жауапкершілігі

Тасымалдау кезінде жолаушыны өлімге ұшыратуы немесе денсаулығының зақымдануы салдарынан болған зиян үшін, егер бұл зиян зардап шегушінің теріс ниеті немесе дүлей күш салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, тасымалдаушыға мүліктік жауапкершілік жүктеледі.

21-бап. Көлік жүктері мен объектілерін күзету

Көлік жүктері мен объектілерін күзетуді, сондай-ақ темір жол, әуе көлігінде өртке қарсы алдын алу жұмыстарын жүргізуді және өрт зардаптарын жоюды Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен әскерлендірілген күзет қызметтері мен өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.

Әскерлендірілген күзет қызметінің бөлімдері атыс қаруымен және арнайы құралдармен қамтамасыз етіледі.

Қару мен арнайы құралдарды қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Көліктің неғұрлым маңызды объектілері мен арнайы жүктерді күзетуді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер бөлімдері, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің арнайы бөлімдері, сондай-ақ әскерлендірілген күзеттің арнайы қызметтері жүзеге асырады.

22-бап. Төтенше жағдайлар кезінде көлік жұмысын ұйымдастыру

Төтенше жағдайлар (жер сілкіністері, су басу, өрт, қар көшкіні, міндеттер және басқа дүлей апаттар) туындаған кезде апаттарды және олардың зардаптарын жою жөнінде шаралар қолдану үшін көлік кәсіпорындарының шарттық қатынастары Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың шешімімен осы кезеңге тоқтатылуы мүмкін.

Төтенше жағдайлар кезінде көлік кәсіпорындарының республикада жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз етуге байланысты тасымалдарды, азаматтың қорғаныс және авариялық-құтқару жұмыстары жөніндегі шараларын жүзеге асыру жөніндегі шығындары бюджеттен өтеледі.

Көлік кәсіпорындары дүлей апаттар мен авариялардың, сондай-ақ төтенше санаттағы өзге де жағдайлардың зардаптарын жою жөнінде дереу шаралар пайдалануға міндетті.

23-бап. Көлікте қауіпсіздікті және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету

Тасымалдаушылар азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, көлік құралдары қозғалысының, кеме қатынасы мен ұшу қауіпсіздігін, сондай-ақ айналадағы ортаны қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Көлік құралдары қозғалысы және жүк тиеу-түсіру жұмыстары жүзеге асырылатын стансалардың, кемежайлардың, айлақтардың, әуежайлардың, автокөлік кәсіпорындары мен теміржол тораптарының аумақтары, сондай-ақ су жолдары аса қауіпті аймақтар болып табылады. Аса қауіпті аймақта болу және онда жұмыстар жүргізу ережелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Аталған ережелердің бұзылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбе бойынша қауіпті жүктерді күзету мен алып жүруді бүкіл жол бойында жүкті жөнелтушілер немесе алушылар қамтамасыз етеді.

Жарылғыш, тез тұтанғыш, радиоактивті, улы және басқа қауіпті жүктерді жөнелтуші және алушы клиенттер оларды тасымалдау қауіпсіздігіне кепілдік беруге, жүктерді тасымалдау кезінде апат жағдайларынан алдын-ала сақтандыруға, сондай-ақ авариялар зардаптарын жоюға қажетті құралдар мен жедел қимылдайтын бөлімдерді ұстауға міндетті.

Көлік, оның ішінде Қазақстан аумағында орналасқан немесе оны кесіп өтетін шетел көліктері мен көлік құралдары қызметі процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар сақталуға тиіс.

Айрықша жағдайларда бұларға геология мен жер қойнауын қорғаудың үкілетті мемлекеттік органының рұқсаты бойынша жол беріледі.

Көлік кәсіпорындары мен тасымалдаушылар табиғат қорғау шараларын жоспарлауға, ұйымдастыруға және қаржыландыруға, айналадағы табиғи орта мен жер қойнауын қорғау саласында өндірістік және ведомстволық бақылау жасауға міндетті.

Тасымалдаушылар айналадағы ортаны, әуе бассейнін, су қоймаларын, жерді қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөнінде белгіленген нормалардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Айналадағы ортаға келтірілген зиян үшін тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жауапты болады.

5-бөлім. Қорытынды ережелер

25-бап. Көліктік бақылау

Көлік құралдарын пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасының, қозғалыс қауіпсіздігі мен экология жөніндегі талаптардың сақталуына көліктік бақылауды уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асыратын көліктік бақылау:

- 1) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау ережелерінің сақталуын бақылауды;
 - 2) темір жол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, стансалық және кіре беріс темір жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды;
 - 3) темір жол қозғалыс құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды;
 - 4) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды;
 - 5) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының сақталуын бақылауды;
 - 6) көліктік қызмет көрсету саласында лицензиялық ережелер мен нормалардың сақталуын бақылауды;
 - 7) сауда мақсатында теңізде жүзу үшін пайдаланылатын кемелердің мемлекеттік тіркелуін бақылауды;
 - 8) теңіз кемелері мен олардың сыныптамасына техникалық бақылауды;
 - 9) лоцмандық қызметтің және ішкі су көлігіндегі өзге де қызметтердің ішкі су жолдарында жүзу ережелерін сақтауын бақылауды;
 - 10) техникалық пайдалану ережелері мен кемелердегі қызмет жүргізушінің сақталуын бақылауды;
 - 11) теңіз жолдарының, лоцмандық қызметтің және өзге де теңіз қызметтерінің жай-күйін бақылауды;
 - 12) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық аяпкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуын бақылауды;
 - 13) Қазақстан Республикасының кеме қатынасы су жолдарын жеке және заңды тұлғалардың пайдалану мерзімін бақылауды;
 - 14) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының өтуін бақылауды;
 - 15) автокөлік құралдарын жүргізушілердің жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру кезінде белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауын бақылауды;
 - 16) автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары мен жүруге арналып рұқсат етілген параметрлерінің сақталуын бақылауды;
 - 17) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау саласында автокөлік құралдарын пайдалану кезінде шығарындыдағы ластағы заттар құрамы нормативтерінің сақталуын бақылауды қамтиды.
- Уәкілетті органның лауазымды адамдары көліктік бақылауды жүзеге асыру кезінде нысандық киім киіп, талап ету бойынша қызметтік куәлігін көрсетуге тиіс.
- Уәкілетті мемлекеттік орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.
- Мемлекеттік органдар уәкілетті мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік саласындағы қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне көліктік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда жәрдем көрсетуге міндетті;

18) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшудың негізгі ережелеріне сәйкес азаматтық авиация саласына жататын жеке және заңды тұлғалардың әуе кемелерімен ұшуларды орындауын бақылауды;

19) азаматтық авиация ұйымдарының авиация қызметкерлерінің кәсіби дайындығы және денсаулық жағдайы мәселелері бойынша белгіленген талаптар мен нормаларды қамтамасыз етуін бақылауды;

20) азаматтық авиация ұйымдарының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдығы нормаларын қадағалап отыруын бақылауды;

21) авиациялық техниканың және оған жерде қызмет көрсететін құралдардың ұшу және техникалық пайдалану талаптарына сәйкес болуын бақылауды;

22) аэродромдар (вертодромдар) объектілерінің және ұшу-қону алаңдарының күтіп ұсталуын бақылауды;

23) азаматтық авиация аэродромы ауданында объектілерді таңбалаудың жүзеге асырылуын бақылауды;

24) халықаралық әуе тасымалының жүзеге асырылуын бақылауды;

25) авиациялық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін бақылауды;

26) тасымалдаушылардың магистральды теміржол желісінің қызмет көрсетулеріне кемсітілмеген қол жетімділігін қамтамасыз етуге бақылауды;

27) тасымалдаушылардың, жүк жөнелтушілердің, контрагенттердің және басқа да тұлғалардың бәсеке кірме жолдары жоқ кірме жолдардың қызмет көрсетулеріне кемсітілмеген қол жетімділігін қамтамасыз етуге бақылауды;

28) жеке және заңды тұлғалардың теміржол көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын сақтауын, оларды бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қолданылуын бақылауды қамтиды.

25-1-бап. Тексеруді жүзеге асырудың кезеңділігі мен түрлері

1. Тексерудің түрлері:

жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт аралығы ескеріліп жүргізілетін, уәкілетті мемлекеттік орган алдын ала жоспарлаған тексеру;

жоспардан тыс - жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы өтініштерде және өзге де ақпаратта жазылған фактілер бойынша жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қоғамдық тәртіпке, ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерді дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға, Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында тағайындалатын тексеру;

қарсы - егер тексеру жүргізген кезде мемлекеттік органдарда үшінші тұлғаларға байланысты қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда осы тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру;

рейдтік - көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және лицензия, тіркеу және өзге де рұқсат құжаттарының болуы, сондай-ақ мемлекеттік органның бақылау объектісі болып табылатын бақылау құралдарын қолданудың дұрыстығы нысанасына жүргізілетін тексеру.

2. Тексеру жүргізу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тасымалдаушының және көлік кәсіпорнының қызметін кідіртпеуге тиіс.

Уәкілетті мемлекеттік орган заңды тұлғаның өзіне тексеру жүргізілу-жүргізілмеуіне қарамастан, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерін тексеруге құқылы.

25-2-бап. Тексеру жүргізудің мерзімдері

1. Тексерулер жүргізу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, акт табыс етілген кезден бастап күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.

2. Құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғаға тексеру жүргізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган тексеру жүргізу мерзімін күнтізбелік он бес күнге дейін ұзартуы мүмкін.

3. Арнайы зерттеулер, сынақтар, сараптамалар жүргізу қажет болған ерекше жағдайларда, сондай-ақ тексерудің елеулі көлеміне байланысты мемлекеттік бақылау органының басшысы (не оны ауыстыратын адам) тексеру жүргізу мерзімін құрылымдық бөлімшесі жоқ заңды тұлғалар үшін күнтізбелік жиырма күнге дейін және құрылымдық бөлімшесі бар заңды тұлғалар үшін күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартуы мүмкін.

4. Тексеру жүргізу мерзімін мемлекеттік орган тасымалдаушыға уәкілетті органның құжаттарды ұсыну туралы талаптарын табыс ету мен тасымалдаушының тексеру жүргізу кезінде сұратылған құжаттарды ұсыну кездері уақыт кезеңінде, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органның сауалы бойынша мәліметтер мен құжаттар алу кезінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық есептілікті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органды хабардар ете отырып, тексеру жүргізу мерзімін тоқтата тұру немесе жаңғырту туралы акт шығару арқылы тоқтата тұрады немесе жаңғыртады.

5. Көлік саласындағы шағын кәсіпкерлік субъектілері, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жылына бір реттен жиі тексерілуге жатпайды.

26-бап. Көлік саласындағы халықаралық қатынастар

Уәкілетті мемлекеттік орган көлік саласындағы мемлекетаралық қатынастарда келісімдер мен шарттар жасау құқығына ие бола отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен республиканың мүддесін білдіреді.

Тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес басқа мемлекеттердің заңды және жеке тұлғаларымен сыртқы экономиканы және ынтымақтастықты дамыта отырып, өнімдер (жұмыстар, қызметтер, әкспортын (импортын) жүзеге асыра алады.

«Мемлекеттік кәсіпорын туралы»

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы

№ 2335 Заңы

(шығару)

18-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның міндет-мақсаты

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мынадай қызметтер аясында құрылуы (бұрын құрылғандарды іс-әрекет жасауы) мүмкін:

9) денсаулық сақтау, табиғатты қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, ғылым, мәдениет, туризм және спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

«Халықтың көші-қоны туралы»

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 204 Заңы

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24

(шығару)

4-бап. Көші-қон субъектілері және оларды тіркеу

Басқа мемлекеттерден Қазақстан Республикасына қоныс аударған көшіп келушілерге, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оралмандар, босқындар мәртебесі не Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген өзге де мәртебе беріледі.

Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттерге заңды негіздерде қоныс аударған адамдар көшіп кетушілер мәртебесін алады. Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметкерлері, шет елдерде уақытша еңбек қызметін жүзеге асырып жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары, бітімгершілік борышын орындап жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ шет елдерде оқып, емделіп жүрген, туристік сапарда, ұйымдар мен жеке адамдардың шақыруы бойынша, қызметтік іссапарда жүрген адамдар көшіп кетушілерге жатпайды.

Қазақстан Республикасына келген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көші-қон карточкалары беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы әрбір көші-қон субъектісі өзінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде тіркелуге міндетті. Көші-қон субъектілерін тіркеу жеке басты куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады. Жеке басты куәландыратын құжаттар тізбесін және тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

11-бап. Көшіп келушілер болып табылмайтын адамдар

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер олар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан бөлімдерде әскери қызметте тұрса;

2) дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың құрамына кірсе;

3) Қазақстан Республикасында оқуда немесе өндірістік практикада жүрсе;

4) Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асырса;

5) Қазақстан Республикасында ресми тіркелген діни бірлестіктерде кәсіби қызметті жүзеге асырса;

6) Қазақстан Республикасында тіркелген шетел бұқаралық ақпарат құралдарының, радиосы мен теледидарының өкілдері болса;

7) Қазақстан Республикасына турист ретінде, қайырымдылық әрі ізгілік көмек көрсету және іскерлік кездесулерді жүзеге асыру мақсатында келсе;

8) теңіз және өзен кемелері, әуе, темір жол және автомобиль көліктері экипаждарының мүшелері болса, көшіп келушілер болып табылмайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды көшіп келушілер деп танымайтын басқа да жағдайларды белгілеуі мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

**«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы»
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы № 211 Заңы**
Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат;
«Егемен Қазақстан», 2001 жылғы 26 маусым № 129

Осы Заң Қазақстан Республикасы экономикасы салаларының бірі ретінде туристік қызметтің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік, ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Негізгі ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) әлеуметтік туризм - жұмыс берушінің және (немесе) өзге де үшінші тұлғалардың қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын туризм;
- 2) гид (гид-аудармашы) - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсететін, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;
- 3) өз бетінше туризм - туристер өз бетінше ұйымдастыратын, жүріп-тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхаттар;
- 4) тур - белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені;
- 5) туризм - жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхат;
- 6) туризм нұсқаушысы - осы қызмет түріне лицензиясы, тиісті біліктілігі және туристік маршруттармен жүріп өту тәжірибесі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;
- 7) турист - уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға;
- 8) туристерді орналастыру орындары - мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да ұй-жайлар мен ғимараттар;
- 9) туристік агенттік қызмет (турагенттік қызмет) - қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі - турагент) туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;
- 10) туристік ваучер - турдың құрамына кіретін қызметтерге туристің құқығын және олардың ақысы төленгенінің фактісін растайтын құжат;
- 11) туристік жолдама - туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат;
- 12) туристік қызмет - жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;
- 13) туристік қызмет көрсету - туристің саяхаты кезеңінде және осы саяхатқа байланысты оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұсынылатын қажетті қызмет көрсетулер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) қызмет көрсетулері және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер);
- 14) туристік қызмет көрсетуге арналған шарт - өтеміді туристік қызмет көрсету бойынша туристік қызметті жүзеге асыратын тұлға мен туристің арасындағы келісім;
- 15) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар - турагенттер, туроператорлар (гид-аудармашылар), сондай-ақ өз бетінше туристік қызмет көрсететін гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар;

16) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімі - туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды есепке алу құжаты;

17) туристік маршрут - туристің (саяхат кезінде) танымдық, спорттық, эстетикалық не өзге де мақсаттармен өту, қарау үшін белгіленген барлық географиялық мекендердің, болу объектілерінің тізбесін көрсететін жүру жолы;

18) туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімі - туристік маршруттар мен соқпақтарды есепке алу құжаты;

19) туристік операторлық қызмет (туроператорлық қызмет) - қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі - туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристерге өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;

20) туристік өнім - саяхат барысында туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті туристік қызмет көрсетулер жиынтығы;

21) туристік өнімді ұсыну - туристік қызмет көрсетуге бағытталған шаралар (жарнама, мамандандырылған көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, туристік өнімді өткізу жөніндегі туристік ақпарат орталықтарын ұйымдастыру, каталогтар, буклеттер шығару және тарату) кешені;

22) туристік ресурстар - туристік көрсету объектілерін қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру объектілері, сондай-ақ туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, олардың дене күшін қалпына келтіріп, дамытуға жәрдемдесетін өзге де объектілер;

23) туристік нарық - туристік қызмет саласындағы тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) мен ақша айналысы;

24) туристік сала - негізгі қызмет саласы туристік қызмет көрсету, туристік өнім жасау, оларды ішкі және халықаралық нарықтарда ұсыну мен өткізу болып табылатын экономика саласы;

25) туристің төтенше жағдайға ұшырауы - туристің саяхаттан оралмауы, сондай-ақ туристің қаза болуына немесе оның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін авария, зілзала немесе апат нәтижесінде туындаған, саяхат кезінде белгілі бір аумақта болған оқиға;

26) уәкілетті орган - туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

27) экскурсант - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға;

28) экскурсия - жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып, көруі;

29) экскурсиялық қызмет - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарға танымдық мақсатта келуді ұйымдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көздемейді және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды;

30) экскурсовод - уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсетуге сай біліктілігі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға.

2-бап. Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шартта оның қолданылуы үшін заң шығарылуы талап етілетін жағдайларды қоспағанда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Туристік қызметтің субъектілері мен объектілері

1. Туристік қызмет субъектілеріне:

- 1) туристік операторлар (туроператорлар);
- 2) туристік агенттер (турагенттер);
- 3) гидтер (гид-аудармашылар), туризм нұсқаушылары, экскурсоводтар;
- 4) туристер және олардың бірлестіктері;
- 5) экскурсанттар;
- 6) туристік қызмет саласындағы өзге де бірлестіктер;
- 7) туристік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар жатады.

2. Туристік қызмет объектілері - табиғи объектілер және табиғи-климаттық аймақтар, көрікті орындар, тарихи және әлеуметтік-мәдени көрсету объектілері және саяхат кезінде туристердің қажеттерін қанағаттандыра алатын өзге де объектілер.

4-бап. Туристік индустрия

1. Туристік индустрия - туристерді орналастыру құралдарының, қонақтың, қоғамдық тамақтандыру объектілерінің, ойын-сауық объектілері мен құралдарының, танымдық, сауықтыру, іскерлік, спорттық және өзге де мақсаттағы объектілердің, туристік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ экскурсиялық қызмет және гидтер (гид-аудармашылар) қызметін көрсететін ұйымдардың жиынтығы.

2. Туристік индустриядағы қызмет көрсету түрлері:

- 1) турлар ұсыну жөніндегі қызмет көрсету;
- 2) тұратын орындар беру жөніндегі қызмет көрсету;
- 3) тамақтандыру жөніндегі қызмет көрсету;
- 4) ақпараттық, жарнамалық қызмет көрсету;
- 5) көлік қызметін көрсету;
- 6) ойын-сауық;
- 7) өзге де туристік қызмет көрсетулер.

5-бап. Туристік ресурстар

Қазақстан Республикасының туристік ресурстарын сыныптау мен бағалау, олардың қорғалу режимі, қоршаған ортаға түсетін ауыртпалықтың жол белгілетін шегін ескере отырып пайдалану және Қазақстан Республикасының туристік ресурстары тұтастығының сақталу тәртібі, оларды қалпына келтіру жөніндегі шаралар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айқындалады.

6-бап. Туризмнің ұйымдық нысандары мен түрлері

1. Халықаралық және ішкі туризм туризмнің ұйымдық нысандары болып табылады.

2. Халықаралық туризм:

1) келу туризмін - Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы шегіндегі саяхатын;

2) шығу туризмін - Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдардың басқа елге саяхатын қамтиды.

3. Ішкі туризм - Қазақстан Республикасының азаматтары мен оның аумағында тұрақты тұратын адамдардың Қазақстан Республикасының шегіндегі саяхаты.

4. Туризмнің түрлері - әлеуметтік, экологиялық, шытырман оқиғалы, спорттық, іскерлік, конгрестік, емдеу-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни және басқа туризм.

7-бап. Туристік индустриядағы көрсетілетін қызметтер экспорты мен импорты

1. Қазақстан Республикасының аумағына келу туризмін ұйымдастырумен байланысты туристік қызмет көрсету туристік қызмет көрсету экспорты болып табылады.

2. Басқа елге шығуға байланысты туристік қызмет көрсету туристік қызмет көрсету импорты болып табылады.

2-тарау. Туристік қызметті мемлекеттік реттеу

8-бап. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің принциптері

Қазақстан Республикасында туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- 1) туристік қызметке жәрдемдесу және оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- 2) туристік қызметтің басым бағыттарын айқындау және қолдау;
- 3) Қазақстан Республикасы туралы туризм үшін қолайлы ел деген түсінікті қалыптастыру;
- 4) Қазақстан Республикасының туристері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларының және олардың бірлестіктерінің қауіпсіздігін, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың мүдделері мен мүлкін қорғау.

9-бап. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің мақсаттары, басым бағыттары және тәсілдері

1. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары:

- 1) азаматтардың туристік қызмет саласында демалу, еркін жүріп-тұру құқықтарын қамтамасыз ету;
 - 2) қоршаған ортаны қорғау;
 - 3) туристерге тәрбие, білім беруге және оларды сауықтыруға бағытталған қызмет үшін жағдайлар жасау;
 - 4) саяхат жасау кезінде азаматтардың қажеттерін қамтамасыз ететін туристік индустрияны дамыту;
 - 5) туристік индустрияны дамыту есебінен жаңа жұмыс орындарын құру, мемлекеттің және Қазақстан Республикасы азаматтарының табыстарын молайту;
 - 6) халықаралық туристік байланыстарды дамыту болып табылады.
2. Туристік қызметті мемлекеттік реттеудің басым бағыттары:
- 1) туризмді Қазақстан Республикасы экономикасының жоғары рентабельді саласы ретінде қалыптастыру;
 - 2) туристік ресурстарды пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделерін ескеру, табиғи және тарихи-мәдени мұраларын қорғау;
 - 3) балалардың, жасөспірімдердің, жастардың, мүгедектер мен халықтың күнкөрісі төмен топтарының арасында туристік және экскурсиялық жұмысты ұйымдастыру үшін жеңілдікті жағдайлар енгізу;
 - 4) туристік индустрияны инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасау;